Қазіргі қазақ тілінде тоғыз санының символдық мағынасынан туындаған көптікті, толықтықты, молшылықты білдіретін тұрақты тіркестер кездеседі.

Тоғыз сөзімен келетін қазақтың болсын, басқа да түрік халықтарына қатысты салтқа қатысты туындаған тұрақты тіркестерді ескі салтымыздың сарқыншағы деп қарамағанымыз жөн. Өйткені қазіргі кезде осы тоғызға қатысты салтымыздың жол-жоралғылар өмір салтымызда қолданылады. Ғалым I.Кеңесбаев тоғыз санына қатысты жасалған тұрақты тіркестерді ескі салтымызға қатысты деп былай түсіндіреді: «Тоғыз сөзінің қазақтың ескі салтынан орын тепкенін, бір

рудың екінші руга, бір кісінің екінші кісіге төлейтін сыйлығының, кейде айыбының «бір тоғыз», «ұш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келуі толық айқындайды».

Тоғыз туралы сенім ырым-салт монгол халқында өзгеше орын тепкен. Ханға арналатын сыйлық, берілетін тарту «бір тоғыз», не «ұш тоғыз» болған. «Бабур-намеде» түркі елдеріндегі бұл салт, әдеттер сол монголдан ауысып келген деген пікір айтылады.

Қ.Халидов өзінің белгілі «Тауарих хамса» деген кітабында түркі, монгол халықтарының тоғыз ұғымына байланысты мынадай пікір айтады: а) монгол, қалмақтардың ескі сенімі, діни ұғымы бойынша аспан тоғыз қабат болады, құдай оның ең соңғы тоғызының қабатында тұрады, солай болғаннан кейін «бас патша» (құдай) сықылды одан төменгі «жер патшасы» (хан) да сол жолмен, сол тәртәппен орын тебуге тиісті. («Бас падишаһ хаки кидин бүйлө фигіл садир ол дисе падишаһ мажазинің тәртібі дәхи у тағлимә муафік тоғыз болмақ лазим») дегенді келтіреді; ә) тоғызға байланысты заңының (әдет-ғұрыптан орын теуіп, біреуге сыйлық беру, біреуді жазалау т.б.) Шыңғыс ханнан басталатынын көрсетеді; б) «хан» деген атақ тоғыз атадан бері осылаузын сақталып келе жатқан кісіге ғана телінген, соның салдарынан Әмір Темірге хан атағы берілмеген дейді. Әмір Темір көп жерді өзіне қаратып, қанша көп елге ұstemдік жүргізсе де, жоғарғы «тоғыз ата» деген негізгі қағидаға сай келмегеннен кейін, ол «хан» делінбей, «мырза шаһ» деп аталаған дейді; в) «тоғыз» жайындағы дәстүр менұғым ертеде Россияға да шартпуын тигізіп, кей халықтарда қарадан хан сайлайтын болса, ол кісі осы дәрежеде алдымен тоғыз жыл қызмет істеуге міндетті болған дегенді айтады [1, 616].

Ғалым Қ.Тәжиев осы тоғыз санымен қалыптасқан «киеллік» араб, монгол халқынан ауыспаған, көне түркілік ұғымда да болғандығын бірнеше ғалымдардың пікірлерімен дәлелдейді [4, 12].

Қырық сан есімімен келетін тұрақты тіркестер қасиеті туралы алғаш ғылыми пікірлер акад. І.Кеңесбаев еңбектерінде талданған. «... ескі сеніммен ұштасып, қазақ тілінен де қоныс тепкен: қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда; баланың қырқынан шығуы; өлген кісінің қырқын беру, т.б. Түркі елдерінің біразында көз тиген баланы қырық ожай не қырық қасық сумен шомылдырды, ертегілерде қырық күн ойын, қырық күн тойын жасады, ханның қырық уәзірі болыпты, қырық күн жол жүріпті деген фразеологиялық бірліктер жиі айтылады. Сойылған мал етінің борша-боршасын шығарып, жілік-жілігімен

бөлуді қырық жілік дейді. Әйелдер ірі қараға қаһары түсіп, кейігенде ой, қырық жілік болғыр! Деп қарғайды. Қазақ фольклорында қырық сан қалмақ деген сөз бар. Мұндағы қырық сан деген тоқсан екі баулы өзбек деген сықылды ру санын көрсеткен болу керек» [1, 616].

Қазақ ертегілерінде ұшырасатын *бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, тазшаның қырық өтірігі* сықылдылар халықтың санасынан ертеден орын тепкен сөз орамдары да бұл санның да «әншнейін» сан емес, бір кезде «киелі» мелшер екендігін көрсетеді. Қазақ қырық күн шілде деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Үш ай жаздың ыстығы осы қырықпен біте қоймаганмен, ол сан бұл жерде негізгі бір өлшем болып тұр. Бағзы уақыт қыстың да қақаған үскірік аяз мезетін осы «қырық» санымен өлшеу салты болған.

Қырық санымен келген тұрақты тіркестер - жақсы ата жаман балаға қырық жылдық азық, қырық жамау немесе қырық құрау, қызы қырық жанды, қырық пышақ болды т.с.с. «көп» мағынасында қолданылып жүрген қырық санының санау тарихымыздың қырыққа келіп шектік сипатқа ие болуының салдары деп білуімізге болады.

Акад. I.Кеңесбаев жеті, қырық, үш, тоғыз тәрізді сөздердің тіліміздің қазіргі сатысындағы қолданылу тәртібін осы күнгі семантикасын, стилистикалық функциясын тексерудің өзі ол сөздердің этимологиясын білуге жол ашатынын, осы күнгі лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы ол сөздердің өткен тарихына айғақ бола алатынын, ал осы сан есімдердің беріліп жүрген этимологиясының дұрыс-бұрыстығын анықтау болашақтың мәселесі екендігін баса көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеңесбаев I. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. А.: Фылым, 1978
2. Қайдар Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. Алматы, 1998
3. Авакова Р. *Фразеологиялық семантика*. А., Қазақ унив., 2002.
4. Тәжиев Қ. *Киелі сандардың генезисі және этикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындагы көркемдік қызметі*. Түркістан, 2004.

**Т.ҚОРДАБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҮРКІТАНЫМДЫҚ  
ЖЕЛІЛЕР**  
**TURKIC PROBLEMS IN T.KORDABAYEV'S WORKS**

Г. ЖЫЛҚЫБАЙ\*

**Түйіндеме**

Қазіргі қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі түбебейлі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды жаңаша көзқараспен салмақтауды қажет етеді. Осылан байланысты ұлттық мәдениетіміз бен ғылыми мыздың көрнекті екілі Т.Қордабаевтың ғылыми-тілтанушылық мұраларын ұлттану мәселелерімен үштастыра зерттеу, тілді зерттеудегі ұстанымының ұлттық филологиямыздың тарихында да ерекше назарда болғандығын ескеру жайы – бүтінгі тілтанымың қекейкесті мәселесі деп есептейміз. Мақалада ғалымның грамматика, әдеби тіл, тіл тарихына қатысты еңбектері, мектеп немесе жоғары оку орындарына арналған оқулықтары мен оку құралдарындағы тартылған түркітанымдық желілер қазақ тіл білімінің мол мұрасы ретінде танытылады.

**Кілт сөздер:** түркітану, қазақ тіл білімі, ғылым тарихы, зерттеулер, синтаксистік құрылыш.

**Summary**

Great changes in social, economic, political, cultural and spiritual life of the modern society pave the way to consider moral values with new viewpoints. Due to this fact, we regard that the significance of investigating scientific and linguistic heritage of T.Kordabayev, an outstanding representative of the Kazakh culture and science, in a close relationship with the matters of nationalizing is an actual problem in current linguistic studies.

The scholar's works which deal with Grammar, literary language, History of language and also his books dedicated to the secondary and High schools with Turkic elements are recognised as a huge heritage of Kazakh linguistics.

**Key words:** Turkish studies, Kazakh linguistics, History of science, syntactic structure.

Т.Р.Қордабаевтың түркітану саласына қатысты жазған еңбектері ғалым еңбектерінің бір бөлігі болып табылады. Қазақ тіл білімінің шежіресіне айналған Т.Қордабаев XX ғасырдың 80-жылдарында қазақ тілін зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері төңірегінде «Қазақ тіл білімінің даму, қалыптасу жолдары» атты еңбек жазды. Автор еңбекте жазылған және жарық көрген мезгілдері сталиндік репрессияның

\* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті, Туркістан-Қазақстан.  
Candidate of Philological sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan.

жалыны бәсендей қоймаған тұсы болғандықтан, халық жауларын дәріптеп отыр деген үрейлі атаққа душар болмас үшін қазақ тіл білімінің негізін қалаушылар А.Байтұрсынов, Е.Омаров, Х.Досмұхамбетов, Қ.Кеменгеров, М.Дулатов т.б. туралы пікір айта алмағандығына қынжылады. Бұлардың ішінде А.Байтұрсыновтың қазақ тіл білімі үшін еткен еңбегін зор бағалайды: «Ол – қазақ тілі туралы ғылымның негізін қалаң, қабыргасын көтеруші, оның барлық мәселелері жайында да алғашқы пікір айтушы болатын. Соңдық тан Ахаң еңбектерінсіз ғылыммың тарихы туралы мәнді бірдеме айтам деу – жалғандық болар еді» деп, автор халық жауы А.Байтұрсыновтың атын атамастан «20-жылдарда жарық көрген еңбектерде» деп көрсеткенін айтады [1, 4].

Қазақ тіл білімінің тарихын екі кезеңге бөліп қарастырған ғалым бірінші кезеңге арғы ғасырлардан бастап 1917 жылға дейінгі дәуірді, екінші кезеңге қазан төңкерісінен кейінгі кезеңді жатқызады. Мұндағы алғашқы кезеңді қазақ тіл біліміне жанама ғана қатысы бар жалпы түркілік көне дәуір еңбектерінен бастағандығын Т.Қордабаев: «Ол еңбектерді қазақ тілі, қазақ тіл білімі тарихымен ұштастырғанға таңдануға, ...өзімізді қөнелендіруге құмарлықтан деп қарауга болмайды. Ол – тарихтық жалғастық», - деп түсіндіреді [1, 11]. Осы кезеңде жазылған еңбектерге тән өзгешелік тіл білімі салаларын, әр саланың өзіне тән обьектілерін даралап сөз етпей, бірін екіншісінің құрамында қарап араластырғаны, әрі бұл еңбектер қазақ тілін білмейтін, мейлінше нашар білетін орыстарға арналғандығы деп көрсетеді.

Ғалым Т.Қордабаев қазақ тіл білімінің қалыптасуы қазақ тіліне жанама қатысты зерттеулер және тікелей ана тілді зерттеулермен байланысты. Еңбекте қазақ тіліне жанама қатысты зерттеулерді араб тілді зерттеулер, еуропа тілді зерттеулер деп екі салаға бөледі.

Ғалымның түркітану мәселелері туралы еңбектеріне «Тарихи синтаксис мәселелері», «Тарихи грамматика мәселелері» (автордың бірі), «Түркология ғылымының даму тарихына», «Түркология және қазақ тіл білімі» атты оқу қуралы мені окульықтары, монографиясы және әр кезеңде баспасөз беттерінде жарияланған ғылыми мақалаларын жатқызуға болады.

«Тарихи синтаксис мәселелері» атты монографиясында [2] қазақ тілінің жазба ескерткіштеріне тоқтала келіп, ескерткіштердің синтаксистік құрылышына жалпы шолу жасайды. Бұл еңбекте Қадырғали Қошымұлының «Жамиғ-ат тауарих», Әбілғазы Баһадүрдің

«Шежіре тұрік» шежірелері мен XVIII ғасырда қазақ тілінде жазылып сақталған хан, би жарлықтары, қатынас қағаздар, арыздар мен мәлімдемелердің синтаксистік құрылышына талдау жасайды. Еңбектерде оның зерттелуі, жарияланымы сияқты жалпы мәлімет беріліп, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері қазіргі түркі тілдерімен салыстырылып, ғылыми мысалдармен дәлелденген. Шығармалардың синтаксистік құрылышы ретінде шылаулар синтаксисі, сөз таптаратының сөйлем мүшесі болу және сөйлемде бір-бірімен тіркесу қасиеттері, сөйлем мүшелері, құрмалас сөйлем мәселелері әр еңбекке қатысты талданған.

XV-XIX ғасырлардағы қазақ тілінің синтаксистік құрылышын зерттеген еңбектерде қазақ тіл білімінің қалыптасуына табысты еңбек еткен ғалым, түрколог Т.Қордабаевтың «Тарихи синтаксис мәселелері» (1964) еңбегі түркологиялық сипатта ерекшеленіп тұрады.

XVI ғасырда жазылған «Жамиғ-ат тауарих» (авторы - Қадырғали Қошымұлы) Т.Қордабаевтың айтуы бойынша, «... жазба материалдардың қай тілге жататынын, оны жазған автордың тайпасы, ұлты, мекені шешпейді, ескерткіш тілінің қазіргі тілге жақындық дәрежесі, оған ұқастық шамасы, грамматикалық құрылышындағы бірлігі шешеді» дедінеді. Сол себепті еңбек «Тарихи синтаксистік мәселелері» деп аталған.

Тілдің әр дәуірдегі синтаксистік құрылышын зерттеу - тарихи синтаксис үшін маңызды мәселе. Т.Қордабаев сөзімен айтқанда, «...тарихи синтаксис жазба ескерткіштер тілінің синтаксистік құрылышын зерттегендеге, төмендегі негізгі мәселелер түрғысынан қарау керек. Олар: сөз тіркестері, олардың тіркесу амал-тәсілдері; сөйлем мүшелері, олардың формалық құбылыстары, құрамдары, орналасу, басқа мүшелермен байланысу жолдары; сөйлем құрылыштары, олардың мағыналық және структуралық типтері, оларға жай және құрмалас сөйлемдер, т.б. түрлері жатады [2, 19].

Синтаксистік жүйе тілдік деректерге сүйенсек, тарихи түрғыдан жетіліп отыратын, белгілі даму тарихы бар тілдік жүйе болып табылады. Қазіргі синтаксистегі сөйлем мүшелері, түрлері, олардың бір-бірімен байланысу жолдары онша көп өзгеріссіз жазба нұсқаларда көрініс табады.

Галым Т.Қордабаев жай сөйлем синтаксисін сөз еткенде, жай сөйлем «Жамиғ-ат тауарихтағы» ең негізгі және ең көп кездесетін синтаксистік бірлік және үнемі ықшамды, аз сөзділігіне баса назар аудартады: «Шығармада («Тауарихта») кездесетін сөйлемнің негізгі

түрі - жай сөйлем. Ол құрылышы жағынан *толымды*, *толымсыз* және *жалаң*, *жайылма* түрлерінде кездеседі», - дей келе, толымсыз сөйлемдердің бастауышы жасырын тұратынын, толымсыз сөйлемнің басқа түрлері кездеспейтінін, ал бір бастауышқа ортақтысып, біріне-бірі тіркесіп келе беретін толымсыз сөйлемдер жиі ұшырасатынын айтады [2, 70].

Ғалымның зерттең отырған жазба ескерткішінде сөйлем мүшелерінің барлық түрлері кездеседі. Мүшелері морфологиялық жағынан да, басқа мүшелерімен синтаксистік қатынасы тұрғысынан да қазіргі әдеби тілімізге өте үқсастығы аңғарылады. Сөйлемнің негізгі ұйытқысы - бастауыш пен баяндауыш, әсіресе баяндауыш. «Тауарихтағы» тұлғалық белгісі жағынан бастауыштың қазіргі тіліміздегіден еш өзгешелігі жоқ, яғни атау тұлғаның жай, тәуелді және жекеше, көпше түрде қолданылуы. Демек, «Тауарихта» бастауыштар сөз табы жағынан әр түрлі: зат есімді бастауыш, сан есімді бастауыш, есімдіктен болған бастауыш, есімшеден болған бастауыш. Аталған бастауыштар құрамы жағынан жеке сөзден болса дара, екіден көп сөзден болса құрделі бастауыштар болып келеді.

Т.Қордабаев «Тауарихта» екіден артық сөздерден құралған құрделі бастауыштың кездеспейтінін, оның есесіне бірыңғай бастауыштар өте көп қолданылғанын мысалдар арқылы дәлелдей түседі: Ерінің қарындашлары, ағалары, інілері иығылып келіп айдылар. Ата-анасының оты, юрты, малы, туары қарасы, үй тірлігі кішік үтіліға қалор.

Ғалым сөйлем сайын кездесіп отыратын негізгі мүше - баяндауыш. Баяндауыштың есім сөзден болған түрі де, етістіктен болған түрі де кездеседі, - дейді. Т.Қордабаевтың айтуынша, «Тауарихта» баяндауыштың дара түрінен гөрі құрделі баяндауыш әлдекайда көп қолданылады.

Құрделі баяндауыш түрінде жиі кездесетін, әсіресе есім мен етістік аралас құрделі сөздер. Қазіргі қазақ әдеби тілімізде есім сөздерге көмекші қызмет етіп тұратын *e*, *de*, бол тәрізді үш-төрт ғана етістік бар екені белгілі. Ал тарихи ескерткіште есім сөздерге көмекші болатын етістіктер саны әлдекайда көп және есім сөздер септік жалғауларының кез келген түрінде тұрып-ақ олармен құрделеніп айтыла береді [2, 74]. Мысалы: *Қауым Оғуз иғірмі төрт үрүг болды*. *Кәюк хан Өктай ханның үлүг үгелі ерді*. *Яйку алаша байлұг өрді*, *Тоқо андин алашарақ өрді*. Ол - *Шыңғыс ханның заманида өрді*.

«Тауарихта» есім сөздердің барлығы да әр қылыш етістіктерді көмекші тұлға етіп, сөйлемнің күрделі баяндауыш қызметінде жүмсалған.

Галым еңбегінде сөйлемнің тиянақты баяндауышы қызметінде етістіктерді мынадай тұлғаларға бөледі:

1. Жедел өткен шақ тұлғалы. Бұл тұлғалы баяндауыш дара және күрделі түрде де жиі ұшырасады. Мысалы: Сегіз юз нофер шықты.

2. - ор, -өр, -үр, -үр, -ар, -әр, -ыр, -ір екінші тұлғасы.

Мысалы: Аларның атлары бұз тұрор. «Тауарихта» -ор, -өр, тұлғалары жиі қолданыс тапқан.

3. -тай, -гәй үшінші тұлғасы. Бұл тұлға түркология әлемінде (П.М. Мелиоранский. Краткая грамматика... II часть, 1897) ашық райдың келер шақты білдіретін тұлғасы, -деп саналады. Мысалы: Аның ұғланларын соң айғаймыз.

4. Баяндауыш етістіктің бұйрық рай тұлғасында айтылады. Мысалы: Ұлғұлар уа ләшкәр халқы баршасы сабыр қылсұнлар.

Т.Қордабаев сөйлемнің тұрлаусыз мүшелеріне тоқталып, олардың байланысы, синтаксистік қызметін саралайды: Оң ханның ұғлы яшырын Самоқа Сажан билән Шыңғыс ханға қасд етмәккә яман кеңеш қылды - бастауыш-баяндауыш, анықтауыш-бастиауыш, анықтауыш-баяндауыш, мақсат пысықтауыш-баяндауыш, толықтауыш- пысықтауыш, толықтауыш-баяндауыш, сын пысықтауыш -баяндауыш: яшырын кеңеш қылды [2, 80].

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері тұлғалық жағынан да, синтаксистік қатынасқа түсү жағынан да қазіргі қазақ тілінің түп тарихы болғандықтан, үндесіп жатқаны байқалады.

«Тауарихта» кездесетін кейбір ауытқуларды есепке алмағанда, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі де тұрақты, бірдей деуге де болады.

Қорыта айтқанда, тілші түрколог ғалымның аталған еңбегі қазақ тілінің тарихи синтаксисін зерттеу еңбектерінің ішіндегі өзіндік қомақты, ғылыми тұжырымдық үлесі бар, тіл тарихын зерттеушілер үшін құнды туындыға жататыны сөзсіз.

«Тарихи грамматика мәселелері» атты еңбектің [3] бірінші бөлімінде Т.Р.Қордабаев Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарих» атты еңбегінің фонетикалық, лексикалық, кейбір морфологиялық ерекшеліктері талданады. Талдауда ғалым шежіренің фонетикалық сипаты ретінде дауысты, дауыссыз таңбаларына тоқтала келіп,

шежіренің қыпшақ тобына жататын тілге қатыстылығына байланысты тоғыз дауысты дыбыстың болуы, созылыңқы дауыстының болмауы, сөз басында қатаң дауыссыздардың келуі, бол, болды етістіктерінде б дыбысы оғыз тілдеріндегі түсіп қалмайды, есімшениң -ған, -ғен жүрнагындағы оғыз тілдеріндегідей ғ, ғ-нің түсіп қалмауы, жіктеу есімдігі бәннің мен түрінде берілуі сияқты фонетикалық белгілерді көрсетеді. Сол белгілер арқылы бұл ескерткіштің қыпшақ тобына жататын тілде жазылғандығын, соның ішінде ногай тобынан гөрі половец тобына жақындығын айтады.

Шежіренің жоғарыда көрсетілген фонетикалық белгілеріне қарап, түркі тілдерінің қай тобына жататынына арнайы тоқталады: «Жамиғ-ат тауарихты» алғаш бастырып шығарушы И.Н.Березин оны татар диалектісінде, бірақ шығыс жазушыларына тән әдет бойына сөйлеу тілінде емес, кітаби тілде жазылған десе, оның негізгі тарауларын алғаш орыс тіліне аударған Шоқан Уәлиханов шежіре тілі қазақтар тіліне өте жақын дейді.

Шежіренің морфологиялық сипаты ретінде еңбекте кездесетін сөз таптары, олардың жасалу жолдары, формалық құбылыстары қарастырылады. Қарастырылған мәселелердегі ерекшеліктерді қазіргі тілдермен салыстырып, айырмашылықтарды ескерткіш жазылған кездегі дәүір тілінің морфологиялық сипаты ретінде көрсетеді. Әр сөз табына, жұрнақтар мен жалғауларға жеке-жеке сипаттама беріп, барлық мәселелерді мысалдармен дәлелдейді. Бір қызығы ескерткіштегі сөз таптарының жасалуына негіз болатын жұрнақтарға талдау жасалғанда, түрколог ғалымдардың пікірлерімен дәйектей отырып, ғылыми тұрғыдан терең талданады. Сондай-ақ, еңбекте шежіренің лексикалық сипаты да қамтылып, шежіреден үзінділер, ескерткіштің көшірмесінің бір нұсқасы берілген.

«Тарихи синтаксис мәселелері» еңбегі екінші кітабы есебінде жазылған «Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі» еңбегінде тілдік фактілерді зерттей отырып, XIX ғасыр тілінің синтаксистік құрылышын жан-жақты ашып, бір бүтін етіп беруді көздейді. Тілдің тарихи синтаксисін зерттеуге байланысты теориялық мәселелер (тарихи синтаксистің міндет мен мақсаты, қазақ тілі тарихының, оның ішінде тарихи синтаксистің зерттелу жайы, тілдің синтаксистік құрылышын тарихи тұрғыда зерттеудің методологиялық негіздері мен әдістері, қазақ тілі көне жазба ескерткіштерінің жайы мен сипаты, т.б.) «Тарихи синтаксис мәселелері» еңбегінде қарастырылуы себепті бұл еңбекте дәүірлер арасындағы тілдік бірлік пен өзгешелік тарихи бірліктер салыстырыла беріледі.

Ғалымның өзінің пікірі бойынша, «XIX ғасыр материалдары статикалық күйде ғана алынған жоқ, ол өзінен бұрынғы замандар материалдарымен және қазіргі әдеби тіліміз фактілерімен салыстырыла динамикалық күйде беріледі. Сондықтан да, кітаптың өн бойында қажетті орындардың бәрінде де XIX ғасырдан арғы замандар материалдары да мол пайдаланылады. Ондағы мақсат – қазақ тілінің XYI ғасырдан бері қарайғы синтаксистік құрылышында болған ең негізгі өзгеріс, құбылыстарды ашу еді» [3, 3-5].

Қазақ халқының құрамына енген руладың, тайпалардың басым көбі көне замандардан белгілі болғанымен, олардың бас қосып бір халық ретінде өмір сүруін ғалымдар XY ғасырдан бастап жүргендіктен, Т.Қордабаев та қазақ тілінің тарихи синтаксисін де XY ғасыр тілдік ескерткіштері тілінен бастаған дұрыс деп есептейді.

Еңбекте ғалым тілдің дамуы жөніндегі теориялық мәселелерді жете қарастырып, тілдің жүйелілік қасиетін синхронды, диахронды байланыста зерттеу керектігіне баса назар аудартады. Тілді зерттеудің диахрондық жолы мен синхрондық жолы арасындағы қарым-қатынасты бір жақты түсінушілерді (Ф.де Соссюр және оның жақтаушылары) сынай келіп, А.С.Чикобаваның [4, 57] «Тілдің системасы әрқашан да тарихтың құзырында» деген пікірін қолдайтындығын мензейді: «... тілдің системдік қасиетін жете түсіну үшін де тарих керек. Өткенде не болғанын және қандай болғанын білмей тұрып, тіл жүйесіндегі қазіргі бардың сырын жан-жақты білу мүмкін емес. Сондықтан да совет лингвистикасы историзмге ерекше мән береді. Сонымен бірге, тіл ғылымындағы синхрондық тәсілдің мәнін де төмендетпейді. Синхрондық сипаттау мен диахрондық зерттеуді өзара үйлесе алмайтын, қайшылықтағы тәсілдер деп санамайды, қайта бұл екеуі бірін-бірі толықтырып, бірінің сырын екіншісі аша түсетін тәсілдер деп есептейді» [4, 9-10].

А.А.Потебня, А.Мейе еңбектерінен келе жатқан тілдің салаластықтан сабақтастыққа қарай дамуы деген пікірді синтаксис туралы еңбектерінің бәрінде, әсіресе қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер туралы, құрмалас сөйлемнің түрлері және олардың дамуы туралы пікірлерінде қайталап отырады. Синтаксистік элементтердің дербестіктері, бытыраңқылығы, автономиялығы басым, бір-біріне тәуелсіз, мағыналарына қарай салаласа байланысатын болған. Кейінгі замандарда синтаксистік элементтерді сабақтастыруши дәнекерлердің пайда болуына байланысты бытыраңқылық жойылып, тілдің

сintаксистік құрылышы салаластықтан сабактастыққа қарай дамыған және әлі де сол бағытта дамып келеді дегенді айтады.

Ғалым сондай-ақ сintаксистік құрылыштардың себебін, бағытын айқындауда кең тараған екінші бағыт деп оны тілді қолданушылардың «ұнемшілдікке» талпынуынан дейтін көзқарасты жақтаушылар екенін көрсете келіп, тілдің сintаксистік құрылышындағы құбылыстарға «ұнемдеу» талабын негіз ету дұрыс болмайтынын атап өтеді [3, 14-15].

Ғалым Т.Р.Қордабаев өзінің сintаксис туралы еңбектерінде [5] сintаксистік құрылыштың жетілуіне жазудың шығуы, әдебиеттің туып, қалыптасуы үлкен ықпал еткенін, жазу тілі қалыптаспайынша тілдің әр алған стильтік түрлері де, орамды, икемді, «маневрлі» сintаксистік құрылышы да болмақ емес екендігін басты назарда ұстайды.

XIX ғасырга дейін таза өз тілінде жазылған ескерткіштер өте аз болғанын, мұндай жағдай түркі тілдес халықтардың көвшілігінде кездесетін құбылыс екендігін, XIX ғасырга дейінгі, тіпті XIX ғасырдың өзіндегі жазба ескерткіштердің көвшілігі де жеке бір қауымдық (өзбек, түрікмен, қазақ деген мәнде) тілде жазылмай, жалпы түріктік әдеби тілде жазылғандығын ерекше атап көрсетеді [3, 17].

Т.Қордабаевтың 1985 жылы шыққан «Түркология ғылымының даму тарихы» оку құралы 1992 жылы «Түркология және қазақ тіл білімі» деген атпен толықтырылып, оқулық ретінде жарыққа шықты.

Алғашқы оку құралына қарағанда, екінші оқулықта түркі тілдерінің қалыптасу, даму жолдары Алтай дәүірінен ең жаңа түркі дәүіріне дейінгі кезеңдер, көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштері толықтырылған. Жазба ескерткіштер қатарына көне түркі көне үйғыр жазба нұсқалары, олардың зерттелуі, қысқаша құрылышы қарастырылса, орта түркі дәүіріндегі зерттеулер мен жазба ескерткіштері М.Қашқари, Әл-Замахшари, Абу Хайран, ибн Муханна, Мухамед ат-Түрки еңбектеріне тоқталады. Осы мәселелердің барлығы «Түркология және қазақ тіл білімі» оқулығында толықтырылады, жазба ескерткіштер Ж.Баласағұнның «Құтадғу біліг», А.Ясаудың «Диуани хиқмет», А.Юғнекидің «Нибат ул хақайқ», сондай-ақ ғасырдағы «Жүсіп-Зылиха», «Гүлстан бит-түркі», «Оғыз наме» ескерткіштері туралы мәліметтер толықтырылып, еңбектерге толық сипаттама беріледі. Аталған оқулықта түркі тілдерінің классификациясы А.Ремюза, А.Самойлович, С.Малов, Н.Басқаков жіктеулерімен беріліп, қазіргі түркі тілдері бұлгар, оғыз, қыпшақ, қарлук, үйғыр-оғыз,

қырғыз-қыпшақ бірлестіктері және олардың тілдеріне сипаттама берілген.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қордабаев Т. *Қазақ тіл білімінің даму, қалыптасу жолдары*. А., 1995.
2. Қордабаев Т.Р. *Тарихи синтаксис мәселелері*. Алматы: Фылым, 1964.
3. Қордабаев Т., Томанов М. *Тарихи грамматика мәселелері*. Алматы: Мектеп, 1975.
4. Чикобава А.С. Сб. *О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков*. М., 1960.
5. *Қазақ грамматикасы*. -Алматы: Мектеп, 1964; Қордабаев Т.Р. *Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі*. -Алматы: Санат, 1995; Балақаев М., Қордабаев Т. *Қазіргі қазақ тілі*. Синтаксис. -Алматы, 1966.

---

---

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

---

ӘОЖ 82:81-26;82:81'38

### «МАХАББАТНАМА» ДАСТАНЫНЫң ҚҰПИЯЛАРЫ SECRETS OF EPOS "МАНАВВАТНАМА"

Т. ЕҢСЕГЕНҰЛЫ\*

#### Түйіндеме

Мақалада көне түркілердің «Махаббатнама» дастанын өткен ғасырдың екінші жартысында бірнеше түрколог ғалымдар арнағы зерттегені, кейбір ғалымдар осы дастанды таза өзбек мұрасы деген ұшқарылау пікір білдіргені айттыған. Қысқасы осы сала мамандары сол дастанның қыр-сырын тұтастай ашып, ғылыми қорытынды жасауға онша бармады. Осы құнды мұраны тасада қалдырmas үшін бұл мақалада «Махаббатнама» дастанының құрылышы, ақынның сол туындыны жасауда «гәзел», «мәснәви» сөздерін пайдалануының мәні, содан кейін барып «Махаббатнама» дастанын он бір хат етіп жасауы, Хорезмидің мына ғашықтық туралы жырды жазудағы мақсаты, ақынның жігіт хаттарына сұлу қыздың жауап қайтартпай қалдырудагы ниеті, шығарма концепциясы, дастандағы образды сөздер, көркемдік өрнектер, бойжеткеннің сөзбен жасалған портреттік бейнесі, жігіттің психологиялық тебіренісі, оның махаббат алдында тізе бүтіп, мәнгі ғашық болып қалу сыры – бәрі, бәрі осы шағын зерттеу енбекте сығымдаға жинақталып беріліп, ғылыми түйіндеу жасалынған.

**Түйін сөздер:** Көне мұрадағы махаббат жыры, ҳалықтық эстетика, образды сөздер, портреттік бейне, түркілік дәстүр.

#### Summary

The article deals with investigation of ancient Turkic epic Mahabbatnama by scientists in the second half of the last century, some scientists had suggested that the epic is heritage of Uzbek culture. Experts of this field entirely revealed the originality of the epic, but didn't provide any scientific conclusion. In order not to leave this valuable heritage in the shadow, the article describes the structure of the epic, enters values of using the words "gəzel", "məsnəvi" at creating the work, then the creation of the epic "Mahabbatnama" consisting eleven letters by the writer. The aim at writing this love epic is poet's intention to leave unanswered the letters of the young man. The article considers The concept of the work, the usage of figure words in the epos, art examples, the portrait of young lady given by words, psychological mood of fellow, his falling in love with the girl, the secrets of being in love and scientific conclusion to the epos are presented in the article.

**Key words:** love epos of the ancient heritage, national esthetics, figure words, portrait image, Turkic tradition.

\* филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті. Түркістан/Қазақстан.

Doctor of philological sciences, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan. e-mail: [etokbolat@mail.ru](mailto:etokbolat@mail.ru)

Ежелгі дәуірден жеткен көне түркілердің «Махаббатнама» дастанын оқып болғаннан кейін кез-келген адамның ерекше толғаныста болып, өзінше тебіреніп, ой теңізіне шомылары сөзсіз. Себебі, бұл шығарма түркі тілдес халықтардың асыл мұраларының ішіндегі ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған алғашқы жыр жаунарларының бірегейі. Былайынша айтқанда әлем әдебиетінің алтын қорынан орын алатын лирикалық дастан – махабbat балладасы.

Екіншіден, осы туынды сүйіспеншілікті ғана жырлаған бір жақты емес, көп қырлы, тынысы кең көркем дүние. Өйткені, мұнда адалдықты, адамгершілікті, әдептілікті, ақылдылықты және ежелден аты аңызға айналған ірі тұлғаларды қоса жырлайды. Үшіншіден, мына шығармада терең философиялық толғамдар сезімге ауыр жүк салып, айналаға өз ой-көзіңмен, өз болжамыңмен қарауға ықтиярсыз итермелейді. Төртіншіден, ақын махаббатты жырлай отырып, өмірдің өткінші әрі тым қысқа екенін айтып, бұл пәниде ешкімнің де мәңгілікке қалмайтынын еске салып, осы тіршілікке құштарлықпен қарап, барға қанағат етіп, тәубага келуге мегзеу жасайды.

Қысқасы, бұл еңбекке қарап түйгеніміз: шынайы сүйіспеншілік, өмір кілті – мөлдір махаббат алдында адам түтелі айдай әлем бас иеді екен. Алғаусыз ғашық жүрек – өртті де, дерпті де, жауды да, ажалды да тындармайтын құдірет. Себебі, ойлап қарасақ, осы дастандағы ғашық жігіт – ку қайықпен шалқар теңіздің дүлеймен арпалысқан жанкешті «балықшыға» ұқсайды. Демек, барлық өнер мен ғылымның тұра көз тігіп, құпиясына үңілген объектісі – Өмір мен Адамның тікелей, бетпебет әрекеті осы шығармада лирикаға оралып, философиялық терендікпен жинақталып берілген.

Осы айтқанымызды жинақы етіп ғылыми негізде дәлелдеу үшін бұл шығармаға зерттеу жасап, өлең жодарын аударғанда үйғырша, арабша жазылған түпнұсқаны басшылыққа алып, кейінгі орысша аудармаларды солармен салыстырып, негізгі нұсқалардағы ойды нақты беруге күш салдық. Соңдықтан әңгіме барысында дастандағы өлең жолдарын пайдаланғанда осы шығарманың бірнеше нұсқасына сілтеме жасалынды. Бұл жырдың ішкі сырына үңілуде осы шығарманың сюжетін, құрылышын білу аса қажет. Онсыз мақсатқа жету мүмкін емес. Сонымен, әуелі дастан құрылышына талдау жасайық.

«Махаббатнама» поэмасын жазған тұлға негізгі тақырып – ғашықтық жырына қарай ауыспай тұрып бірінші кезекте жаратушы –

## Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

---

ұлы тәңірғе тағзым етіп, содан кейін осы үлкен іске бет бүрғанын жырда:

Ұлық тәңірдің атын жаныма сақтап,  
Жазайын махаббатнама жырын бастап,—

деп білдіреді [1, 128]. Мұнан әрі шығарманы жасаушы әлемді жаратушы – тәңірдің тенденсі жоқ құдірет екенін баяндайды. Оған дәлел келтіріп, дүниедегі барлық болмыс, зат, тірлікті сол жаратушы арнайы бір мақсатқа бейімдеп жасағаны және кез-келген заттан не істеймін десе де әлгі жарылқаушы құдіреттің өз еркінде екенін мәлімдейді. Одан соң ақынның өзі жасаған иесіне қарап:

Алла, Хорезми ақынға назарың сал,  
Махаббатты көңілден сен азайтпа,—

деген ниетпен жалбарынады [1, 27].

Айрықша назар аударуды қажет ететін нәрсе – осы «Махаббатнама» дастанында Хорезми ақын бұл шығарманы жасауга себепші болған жәйттерден және сол мезеттегі өзінің көңіл сырын бәз қалпында өлеңмен білдіреді. Соның әсерінен «Махаббатнама» дастанының алғашқы жағы бірнеше тақырыптардан тұрады. Мысалға, осы шығарманың бірінші тарауына жататын – «Өуелгі көріскенін айтуы» атты тақырыппен берілген жырдың қысқаша мазмұны мынандай: Алтын Орда мемлекетінің ұлықтарының бірі Мұхаммед Хожа мейрам айының тамаша құндерінің бірінде кең алқапқа қатарлай қаптата шатырлар тіктіріп, жайласа отырып мәжіліс құрып, үлкен сауық-сайран жасайды. Бұл тойда әдетінше өнерге – әсем әуезге кең жол ашылады. Әрине, дүрілдеген думанды мерекеге Хорезми ақынның өзі де қатысады. Сол тойда ақын сұлу келбетімен, жогары парасаттылығымен жұртты тәнті еткен бойжеткен қызға ерекше көңілі ауады. Ол жаңағы сұлу арқылы бітім-болмысын көркем сөзбен суреттеуге ыңғайланып, алғашқы өлең жолын:

Ей, қарағайдай менмен сұлу, жүзің неткен сүйкімді,  
Сенің жүзіңе адам түгел, гүл танырқар,—

деп бастап, сырышыл әсем жырды толассыз ұзақ-ұзақ төгеді [2, 120]. Осы сұлу қызға арналған өлеңге де «гәзел» деп тақырып қойылышты

(гәзел – екі жолдан тұратын лирикалық өлең). Дастандағы мұнан кейінгі тақырып «Оқиғаның баяндап айтылуы» деп аталынады. Бұл жырда – осы тойдың иесі Мұхаммед Хожа ақын Хорезмидің зор дарындылығына бас иіп, оның даңғайыр, белгілі сөз шебері, парсы тілінде кітаптары бар екенін айтқаны жазылған. Өсіресе, Хорезмидің маҳаббатты жырлауда алдына жан сала қоймайтын шын жүйрік екенін білдіріп өзінің қасында бір қыс болып, жай-жағдайға түсініп, қанығып, ғашықтық жайлы жыр жазуға қолқа салады ақынға. Хорезми сол ұлықтың тілегін жан-тәнімен қабыл алады. Хорезмидің сол той үстінде нөсерлеткен жыры «Маҳаббатнама» дастанында «гәзел» деген тақырыппен берілген. Мұнда да қайтадан ғашықтық жайлы сыр шертіледі. Одан кейінгі тақырып «Мәснәви» деп аталады. Осы тақырыппен берілген шагын ғана туындыда ақын өзінің шығарған маҳаббат туралы жырын сол ұлық соңына дейін тындал, үлкен ризалық білдіріп, оған шапан жауып, ерекше қадірлегенін танытады.

Жоғарыда аталған «мәснәви» сөзі – жұптас жолдардан тұратын өлең деген мәнді білдіреді. Бірақ жыр желісі үзіліп қалмайды. Әрі қарай сабақтаса жалғасады. Мысалға, әлгі Мұхаммед Хожа көрсеткен сый-сияпатқа шаттанған ақын тағы да сұлу жырды көмейінен түйдектей төгеді. Мұнысын да ақын «гәзел» деп бөлекшелей атаған. Осында да маҳаббат жайлы сыр ағытылады. Ақын сол лирикалық өлецинің соңында бұл шығарманы жасауда алдына қойған мақсатын:

Осы дастархан басындағыларға айтарым,  
Маҳаббатнаманы он хат қылдым.  
Екі бабын қылайын һәм парсыша,  
Атлас тон жарасар болса мәлім.  
Әлкисса, әуелі бек сыйпатын баяндайын,  
Одан соң хатымды бастайын,—

деп білдіреді [2, 128]. Хорезми ақынның өзі айтқандай, бек сыйпатын баяндайтын жыр – «Мұхаммед Хожа бекті мадақтау» деп аталады. Осы арнау жырында ақын:

О, арыстан жүректі, Қоңырат ұрығы,  
Кіші жастан ұлықтардың ұлығы.  
Бақыт – көзі, береке – кеніші,  
Мұхаммед Хожа бек әлем қуанышы.  
Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,  
Шахтың шағы Жәнібек ханға етенесіз,—

### Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

деп бастап, Мұхаммед Хожаны одан бұрын өткен әлемге әйгілі батырлармен, даңқы аңызға айналған жомарттармен теңестіреді. Одан соң Хорезми «Жағдайды баяндап айтуды» деген тақырыппен жазылған жырында да бек Мұхаммед Хожаға қызықты, рахатты өмір, жүз елу жыл ғұмыр, таусылмас бақыт тілеп:

Мұхаммед Хожа бекті мақтап біттім,  
Махаббатнаманы жазуга кірістім,—

деп ғашықтық дастанын жазуга біржола ден қояды [2, 89]. «Махаббатнама» дастанындағы негізгі бөлім – жігіттің қызға жазған хаттары. Бұл шығарманың осы маңызды саласы – он бір жеке-жеке тараудан, немесе он бір арнау өлеңнен тұрады. Мұндайда түсінбестік болмас үшін алдын-ала білдіреріміз: Хорезми ақын әуелде осы дастанды он арнау хатпен аяқтауды жоспарлаған тәрізді. Оған ақынның мына туындыны жазуды бастардағы: «Махаббатнаманы он хат қылдым» деген өлең жолы дәлел. Бірақ, шығарманы жазу үстінде ақындық дарындылық пен ой шеңберінің кеңеюінен болар, дастандағы арнау өлең он бірге жетіпти.

Дастандағы бірінші арнау хат – «Бастапқы нама» деп аталады. Осында ақын шығармаға арқау боған көркем қызды «Сұлулық әлемінің падишасы» деп атап, оның жүзін – наурыз мерекесіне, қасын – айға теңейді. Сол ару қыздың бетіндегі қара меңі алқызыл өңіне құйыла жарасып, сұңғақ бойы, қыпша белі, нәркес көзі, әсем күлкісі, гауһардай тісі бәрі-бәрі бір-бірімен үйлесім таба бірігіп, ажарлы бойжеткеннің көрікті келбетін бұрынғыдан да бетер нұрландырып жібереді. Осылай салыстыра суреттеу арқылы ақын оның ешбір жан тен қелмес нағыз әсем ару екенін лирикалық өлеңмен оқшаулап көрсетеді.

Шығармадағы басты бейне – ару қыздың болмыс-бітімін жұрт есінен кетпестей етіп тұлғалай түсу үшін, әрі өзінің іштегі тұнған шының ғашықтық сырын айқын білдіру мақсатымен ақын:

Сұлулық әлемінің сұлтанысың, ей жаным,  
Бастан-аяқ түгел жансың, ей жаным,—

деп ғашық жігіт оның айдай көркіне бас иіп, махаббат отының алауынан қалайыдай балқиды [2, 129].

Осы арада еске саларымыз, бұл дастандағы он бір арнау хат былайша қарағанда бір-бірінен онша айырмашылығы жоқ, әншнейін ғашықтық жыр сияқты болып көрінеді. Содан да болар осы «Махаббатнама» дастаны жайлы сөз қозғағандардың көбісі әр арнау хатын өзіндік ерекшелігіне, мазмұнына онша назар аудара қоймаған. Расында да бұл көлемді шығарма – лирикалық дастан, ғашықтық хаттары. Осы туындыға сырттай шола қарағанда әр намадан сюжет іздеу қажетсіз сияқты болып көрінеді. Ал шығарманың құрылышына зер салсақ, әр арнау хат жеке-жеке түйнделген махаббат лирикасы.

Сонымен бірге, «Махаббатнама» дастанындағы әр өлең жолына, ондағы әр сөзге үңіле қарап, салмақтасақ, дүниенің телегей-теніз ұлылығы осы туындыдағы қос шумақтарға сығылышы сиып, сиқырлы суреттер самсал тұрғанын қапысыз байқаймыз. Бұл дастандағы әлгіндей ерекше даралықтың сыры неде? Өйткені ақын осы жырдағы жақуттай жұтынған жетістіктердің бәрін көзге көрінбей, бейғам көңілге онша елене қоймайтын нәзік лирикага әсемдей орап жеткізген. Бұл дастандағы осындай көркемдік ерекшелікті жинақтай білдірсек, бұл осы шығармадағы лирикалық қуаттың құштілігі деп тану керек. Өйтпесе әр арнау хаттың өзіндік айтпақ сыр-толғауы мол-ақ. Оған нақты дәлел келтіру үшін дастандағы екінші хатты оқыық. Бұл сөз еткелі отырған екінші нама:

Сәлемімді гүлге жеткіз, ей, таң самалы,  
Ай – құлыш, жұлдыздар – қызметшісі болып жүрген.  
Сәлем де сүйгеніме шын көңілден,  
Көзімнің сүрмесімен жаздым мұны,—

деген өлең жолдарынан басталады [1, 130]. Шығармада махаббат алауына өртенген ғашық жігіт сүйгеніне деген мөлдір сағынышын әлі ешкім жұтып ұлғірмеген таң самалы арқылы жолдайды. Осының өзі бірнеше бейнeler салынған ғажайып суреттер тізбегі деуге келеді. Демек, екі жолдан құралған өлеңге ғашық жігітінің ұнатқан аруына арнаған, тағатсыз жүргегіне симай кернеген бүкіл ақыл-ойы түтел жайласып кеткен.

Одан әрі сұлуын аңсаған жігіт өзінің оттан ыстық махаббатын бір ауыз сөзіне ділгір ғашығына арнайды да және сол сүйгенін аңсан, дәрменсіз күйге түскен қайғылы жүректің мұн-шерін рақымсыз, опасызыздар да естісін, төрткүл дүниеге түгел жайылсын деп аh ұра жар

## Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

---

салады. Мұнан кейінгі өлең жолдарында ғашық жігіт: ажары айдан асқан сұлуыма, өмірімнің негізгі тыныс-тірлігі болатын аңсаған аруыма осы айтқандарымды бүкпесіз жеткізші, – деп жалбарынады самал желге.

Екінші арнау хатта ғашық жігіт сүйгенінің көрікті келбеті, нұрлы жанары, оймақтай аузынан шыққан әрбір сөзі, қылымсыған кербез жүріс-тұрысы есінен кетпей ауыр азапқа салғанын білдіреді. Тіпті қыздың есігінің алдындағы, оның ізі түскен топырағы оған бақыт сыйлар керемет дәру сияқты танылады. Сол сұлу қыздың қимылын, іс-әрекетін көзбен көрген адамның бәрі бақытты екен. Бірақ, жігіт сол ғашығына өз қолы жетпейтінін білдіреді. Солай үйғарса да оны құлай сүйген жігіт:

Көңілге өзгенің мейірін жуытпан,  
Жырақ кетсем де сізді ұмытпан.

Жүремін кездесуге әрдайым талаптанып,  
Тұн қанша ұзақ болса да таң атар,—

деп тұманды арман қиялына шомылып, алдағы құндерден үміт үзбейді [1, 133]. Екінші арнау хаттың соңында Хорезми «Мәснәви» деген тақырыппен тағы да жыр толғайды. Мұнда махаббат жалынына шарпылған жігіт ғашық жүректің мұң-шерін басу үшін шарапқа қол созады. Сондай жағдайдағы мұңлықтың көңіл-күйін ақын:

Ah ұрганда жалыным көкке ұшты,  
Сүйіктімнен айрылу күйдірді өзегімді.  
Ойлап тұрсам, сабырдан жақсысы жоқ,  
Енді білдім, бұл жолда сабыр да жоқ,—

деп баяндал, ол үшінші арнау хатты жазуға кіріседі. Бұдан туар пікір – «Махаббатнама» шығармасындағы әрбір арнау хаттың мәніне жете назар аудару аса қажет-ақ. Сонымен, осы дастандағы мөлдір махаббатты, ғашықтың сырын және өмір болмысын, заман тынысын қоса суреттеген арнау хаттар әлгіндей әдіспен бірден-бірге жалғасып, сөйтіп он бір нама жазылған. Хорезми «Махаббатнама» шығармасындағы соңғы арнау хатты жазып біткеннен соң «Күдайға құлшылық ету» деген тақырыппен тағы сол жырын жалғастыра түседі.

Мұнда ақын жасаған иеге табынып, өзінің жан-дуниесінің таза, көңілінің кірлемей, ластанбай, адал сақталуын тәнірден жалбарына тілейді. Сейтеді де ол: «Қате көп кетті мен құлышынан, кешіре гөр» деп құдіретті құдайға жалбарынады. Ақын осы жырында имангершілікті жанына жалау етіп ұстап, алладан өзін азғындық әрекеттен сақтап, желеп-жебеуін сұрайды. Хорезмидің осылай тәңіріне тағым ете отырып, өткен қундерін ой елегінен өткізіп, «жанылыс басқан тұсым жоқ па?» деп өзіне-өзі есеп беруі – ақынның биік парасатты, ірі тұлға екенін байқатады.

Хорезми құдайға құлышылық ете, сиына отырып, тағы да бек Мұхаммед Хожаны аузына алып, оған «сені тәңірі мұратыңа жеткізсін» деп жырға қосып бата береді. Дастандағы «Қыйт’а» деген тақырыппен берілген шағын жыр шумагында Хорезми адамгершілік жайлы философиялық ой толғай келіп, өзі туралы:

Екі жүзділік торында құс емеспін қалатын,  
Мен – құмаймын, сарайлардың үстінде қаққан биік қанатын.  
Қандай қошаметті сұлтан болса болсын,  
Мал үшін оны мақтамаймын,—

дейді [3, 103]. Бұл дарынды ақынның шын сыры болса керек. Жоғарыда аталған «Қыйт’а» сөзі – сол тұстағы поэзияның шағын түрі. Ал осы шығармадағы «Кітаптың соны» деген шағын көлемдегі өлеңді оқып Хорезми Рауани «Махаббатнама» дастаның қай жерде, қашан жазғанын баяндайды. Дастан соңындағы «Хикаят» деген тарауда ақын адамгершілік жайлы ұзақ жыр толғап, сол өлеңінің аяғын:

Көкке сарай салам деп болма әуре,  
Жұтым су мен бір түйір нан жетер саған,—

деп жұртты қанағаттылықта шақырумен түйіндейді. Дастан жайлы ғылыми деректер. «Махаббатнама» дастаны бізге қалай жетті? Бұл жырды шығарған кім? Осы дастан қашан, қай жерде жазылған? Сол сауалдарға жауап қайтару үшін «Махаббатнама» дастанының бізге жеткен екі нұсқасының зерттелу жайына назар бұрайық. Бұл жырдың бір нұсқасы ұйғыр әрпімен, екіншісі арабша жазылған. Реті, хатқа түсүі бойынша ұйғыр әрпімен жазылған нұсқа бірінші болып табылады. Сондықтан алғашқы сөз кезегін сол нұсқадан бастаған жөн.

## Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

---

Осы дастанның үйғыр әрпімен жазылған нұсқасы жайлыш алғашқылардың бірі болып сөз қозғаған әйгілі шығыстанушы ғалым, академик В.В. Бартольд. Ол 1924 жылы жазған «Британия» музейіндегі үйғыр әрпімен жазылған жаңа қолжазба» деген шағын мақаласында: «Сол музейден бұған дейін бір-жар ғана енбекпен танысқан едік. Мына ертедегі мәдени ескерткіштің табылуы, оның үйғыр әрпімен жазылғаны, түркологияны дамытуда, мүмкін сүйсінерлік жетістік болар», – деп жазыпты (Бартольд В.В. Британия музейіндегі үйғыр әрпімен жазылған жаңа қолжазба, Россия Ғылым академиясына баяндама. Шығыс әдебиеті сериясы. 1924, сөүір-маусым, 57-бет.).

Осы дастанның бірінші, үйғыр әрпімен жазылған нұсқасын орыс тіліне аударып, оны түпнұсқамен қатар жариялад әрі тілдік түрғыда кең зерттеп, өз пікірін білдіріп, жеке кітап етіп шығарған белгілі шығыстанушы ғалым А.М.Щербак. Сол ғалым аударған орысша нұсқа қазақша тәржімаланып, 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты кітапқа сол күйінде енгізілді. «Махаббатнама» дастанының үйғыр әрпімен жазылған нұсқасы көлемі жағынан осы шығарманың арабша нұсқасынан едәуір аз. Бұл нұсқа небәрі 254 бейітten тұрады немесе 508 тармақ. Дәлірек айтқанда, осы қолжазба арабша нұсқадан 63 бейіт кем. Мынадай құнды мұраның бірекі күн болса да бұрынырақ хатқа түсіп қалғаны қуанарлық жетістік. Осы түрғыдан қараганда бұл үйғыр әрпімен жазылған нұсқа біздің жыл санауымыз бойынша 1432 жылы хатқа түскен.

Мұндағы ерекшелік – осы нұсқа «Махаббатнама» дастанын Хорезми жазғаннан кейін 79 жылдан соң қағазға түсіріліп сақталынған. Сонда бұл қолжазба араб нұсқасынан 77 жыл бұрын хатқа түскен. Осының өзін елеулі жетістік есебінде атауға болады. Мүмкін толық нұсқа – арабша қолжазба сол нұсқага сүйене отырып толықтырылған шығар.

«Махаббатнама» дастанының үйғыр нұсқасының екінші ұтымды жағы – осында, бұл қолжазбаны қай жерде, қашан, кімнің нұсқауымен кім жазғаны нақты көрсетілген. Мысалға, «Махаббатнама» дастанының үйғыр әрпімен жазылған нұсқасының ең соңында: «835 жылы, тауық жылы, раджаба айының басында Иездे қаласының Мир Джалал ад-Диннің бұйыруымен Мансур-бақшы жазды», – деп көрсетілген [1, 166].

Екіншіден, осы нұсқаның алғашқы бетінде ағылшынша жазылған сөзде – бұл кітаптың Мұхаммед шах тұсында (Парсы) сыйға тартылғаны, бірақ оны ешкім түсініп оқи алмағаны айтылған [1, 116].

Демек, осындай деректерге қарап отырып, мұндағы аса құнды кітаптарды кезінде ел басшылары бір-бірімен жылы қарым-қатынас, тату байланыс жасау үшін сыйға тартқаны, соның нәтижесінде құнды мемлекеттік мүлік есебінде сақталынатыны аңғарылады.

«Махаббатнама» дастанының үйгір әрпімен жазылған нұсқасы арабша жазылған «Махаббатнама» дастанынан қай жағынан болса да ептеген айырмашылығы бар. Атап айтқанда, үйгір әрпімен жазылған қолжазба арабша нұсқадағыдай арнайы ретімен бірнеше арнау хаттарға немесе он бір намаға бөлініп жазылмаған. Өуелгі нұсқада жігіттің ғашығына арнаған лирикалық жырлары көбіне «сөз басы», «гәзел» деген такырыптармен көрсетілген. Жинақтай білдіргенде, үйгір әрпіндегі нұсқада «Махаббатнама» дастаны жалпылама түрде жинақталып хатқа түсірілген.

Әйткенмен екі нұсқа арасында елеп көрсететіндей айырмашылық жоқтың қасы. Екі нұсқада да сол дастаның негізгі желісі тұтастай сақталынғыпты. Өсіресе, осы шығармадағы адам аттары, дастаның қай жерде, қашан жазылғаны екі нұсқада да сол күйінде баяндалады. Бұл бағыттағы оймызды түйіп айтқанда, «Махаббатнама» дастанының арабша қолжазбасы – ақын Хорезми жазған күйін мүмкіндігінше сақтаған толық нұсқасы деп сеніммен айтуға болады.

«Махаббатнама» дастанының арабша жазылған нұсқасы – Хорезми ақынның осы шығарманы жасаудағы көздең мақсат, жоспары толық сақталынған, әрі сондай күрделі ниетінің жүзеге асқанын танытатын, ақын қаламынан туган жыр жолдары түгел жазылған, тұтастығы бәз қалпында бұзылмаған толымды көркем дүние. Бұл сөзімізге шығарманың құрылышынан және бұл нұсқа жайлы жинақталған деректерден біршама мәліметтер келтіруге негіз жеткілікті.

Бұл дастаның арабша нұсқасын хатқа түсіруші осы шығарманы түгел жазып болып, сонына «Тәмәм Мухәббетнаме – Ихорезми Сәнә 914»» деп арнайы мәлімет қалдырыпты. Қазіргі жыл санау бойынша 1508-1509 жылдар аралығында хатқа түсірілген. Осыдан туар пікір – арабша хатқа жазған адам арада бір жарым ғасырдан астам уақыт өтсе де сол ел билеушіге ұсынылған қолжазбаны тауып алғып көшіргені анық.

Сол сыйға ұсынылған қолжазбаның бірі ежелгі қала Сығанақта сақталуы әбден мүмкін. Сосын «Махаббатнаманың» арабша нұсқасы 473 бәйіттен тұрады. Мұны әр жолға айналдырығанда дастан 946

## Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

---

тармақтан құралған. Осы нұсқада парсыша жазылған өлең жолдары бар. Соларды ажыратып көрсеткенде дастанның 156 бейіті парсыша, 317 бейіті оғыз-қыпшақ тілінде жазылған. Хорезмидің өзі жыр шумағымен сездіргендей, ол екі тілде де еркін жазып, екі тілде де жүйрік шешен сөйлейтін болған.

Осы араб нұсқасын арнайы зерттеп, сыр-сипатын ашуда түрколог ғалым Э.Н.Наджип елеулі еңбек сініріпті. Ол бұл нұсқаны ұйғыр әрпімен жазылған қолжазбамен салыстырып, соны пікірлер айтты, жеке кітап етіп шығарды (Хорезми. Мұхаббатнаме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование. Э.Н.Наджипа. Москва, 1961).

Сондай-ақ көрші республикалардан Б.Валиходжаев, С.Қасымов осы дастанды зерттеумен кезінде айналысты. «Махаббатнама» дастанының толық нұсқасы 1959 жылы өзбек тілінде жарияланды. Кейін, 1962 жылы Ташкентте осы көркем шығарма орыс тілінде жарық көрді. Алайда, ташкенттік ғалым С.Қасымов бұл дастанды таза өзбек халқының мұрасы деген ұшқарылау пікір айтты. Солай десе де белгілі түркологтар В.В.Бартольд, А.И.Самойлович, А.М.Щербак сияқты ғалымдар осы мұраның түркі тілдес елдерге ортақ дүние екенін нақты дәлелдеп берді.

Қазақ ғалымдарынан «Махаббатнама» дастанын зерттеуге Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев, Ф.Айдаров, М.Томанов белсene араласты. А.Қыраубаевың аударуымен «Махаббатнама» дастаны 1985 жылы жеке кітап болып шықты. Түрколог ғалым А.М.Щербактың жазуынша «Махаббатнама» дастанының үшінші нұсқасы Стамбул университетінің кітапханасында сақтаулы [1, 126].

«Махаббатнама» дастанын айқын танып-білуде бұл шығарманың қай жерде, қашан жазылғанын анықтаудың маңызы айрықша зор. Өйткені, мұндай құнды қазына сол дәуірдің, сол ақын шыққан елдің мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің, жалпы әлті ақын өмір сүрген ортандың әлеуметтік жағдайы қандай дәрежеге көтерілгенін бағдарлауға мүмкіндік береді. Сондықтан тарихи тұлғалар мен мәдени ескерткіштердің мезгіл-мекенін білудің маңызы ерекше мәнді. Әсіресе «Махаббатнама» дастанындағы – лирикалық поэмалың ежелгі дәуірде кім жазғанын, қай жерде, қай ортада, аймақта дүниеге келтіргені бізге белгісіз тарихи жүмбақ сырдың бетін ашты.

Осы дастанды зерттеген, шығарманың ішкі құпиясына үціліп, талдау жасаған шетелдік түрколог ғалымдардың бәрі «Махаббатнама

дастаны Сыр бойында жазылғандығын мойындаған. Мысалға, шығыстанудағы әйгілі ғалымдар В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, В.В.Радлов, К.Г.Залеман, Э.Н.Наджип, А.М.Щербак, тіпті сол туындыны өзіне қарай тартқан өзбек ғалымдары С.Қасымов, Т.Жололовтар да бұл туындының Сыр бойында жазылып, дүниеге тарағанын растайды.

Бұлайша «Махаббатнаманы» зерттеген түрколог ғалымдардың барлығы бір ауыздан – дастанның Сырдарияның төменгі жағында туғанын растап қол қоюына басты себеп – сол шығарманы жасаған ақынның кемел даналығы. Әйтпесе мынадай лирика тілімен жазылған ұлы поэманның Сыр өнірінде туғанына күдікпен қарап, көрпені өзіне қарай тартушылар да табылар еді. Соны күні бұрын болжағандай Хорезми ақын осы дастанының соңында:

Махаббатнама сөзін біттім мұнда,  
Бәрін де жаздым Сырдың жағасында.  
Бұл дәптерім болып тұр Мысыр қанты,  
Жеті жұз елу төртінші жылды аяқталды, –

деп жазыпты [3, 103]. Осы лирикалық поэманны, ондағы осы жолдарды оқыған Еуропаның кеудесі жоғары зиялыштары түркі тілдес халықтардың көне мәдениетіне кішіпейілділікпен, құмарта қараған тәрізді. Сөйтіп, Хорезми ақын бұл әйгілі лирикалық дастанын Сырдарияның төменгі жағында журіп жазып, махаббатқа жырмен мәңгілік ескерткіш орнатты. Есептеп қарасақ, бұл әлгі дастанның қазақ жерінде, Сыр бойында дүниеге келгеніне 640 жылдан асып барады. Бірақ оны ешкім де ескерер емес.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Щербак А.М. *Огуз-наме. Мухаббат-наме*. М: Вост.лит. 1959.
2. *Огуз-наме. Мухаббат-наме*. Алматы: Ғылым. 1986.
3. Хорезми. *Махаббатнама*. Алматы: Жалын. 1985.

## **С.Ергөбек. Түркі өркениетіндегі алтынордалық кітаби әдебиеттің дамуы.**

---

ӘОЖ 818.992.71

### **ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ АЛТЫНОРДАЛЫҚ КІТАБИ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУЫ DEVELOPMENT OF LITERATURE BOOK GOLDEN HORDE PERIOD**

**C. ЕРГӨБЕК\***

#### **Түйіндеме**

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басында қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым өкілдері кезең әдебиетіне мол жеміс берген, дәстүр қалыптастырыған қаламгерлер болды. Олар қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық және көркемдік түрғыдан байытуға мол улес қосты. Бүгінгі таңда олардың мұрасын «діни-ағартушылық әдебиет», «қиссалық әдебиет» секілді атап жатады. Өкілдерін «шайыр», «нәзирапшыл ақын», «діни ақын» атайды. Макалада түркітанудағы кітаби әдебиеттің қайнар бастауы алтынордалық әдебиетте жатқандығы сөз болады.

**Кітап сөздер:** түркі өркениеті, алтынордалық әдебиет, кітаби әдебиет, кітаби ақын, дәстүрлі жазба әдебиеті.

#### **Summary**

The representatives of the religious educational tendency of Kazakh literature of the second part of XIX century and beginning of XX century wrote a lot of labor and formed a new tradition. They made their contribution on developing thematic and genre sphere of Kazakh literature. Nowadays we name their heritage as “religious educational literature” and as “Qissaiq literature”. The representatives are called as “shair”, “naziraic bard” or “religious bard”. The article considers the literature of Golden Horde as a cradle of “Kitabie literature” in Turkology.

**Key words:** Turkish civilization, the literature of Golden Horde, Kitabie literature, kitabie bard, traditional written literature.

Дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері – кітаби ақындар дәүіріне сай өте сауатты, діни, молда ақындар болды. Сондықтан да олардың жырлаған басты тақырыбы дін болды.

Олардың қаламынан Мұхаммет Пайғамбардың өмірі мен пайғамбарлық қызыметін арқау еткен «Мұхаммед Пайғамбар», «Қисса анхазірет Расулдың Мигражға қонақ болғаны», «Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрүл пәниден дәрүл бақиға риҳлат еткен мәселесі», «Назым Сияр Шәриф» секілді көптеген шығармалар туды. Сол секілді Мұхаммет Пайғамбардан соң халиф болған төрт шарияр: Әбубекір

\* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philological sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan.

Сыддық, Хазірет Омар, Хазірет Оспан, Әзірет Әлілер туралы жырланған көптеген қиссалар да XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өнімді еңбек еткен кітаби шайырлар шығармашылығы арқылы дүниеге келіп ел ішіне көптең тарапты жатты. Әсіресе мұсылман жұрты үшін көп қайрат көрсеткен әрі палуан, әрі батыр, алып күш иесі Әзірет Әлінің ерлігімен қатар терең ақылын, мол білімін танытатын, оның кәпірлерге қарсы аттанған ғазауат-жинақ соғыстарын жырлайтын қиссалар өз алдына бір төбе. Олар: «Қисса Салсал», «Әзірет Әлидің соғысы», «Қисса Сейітбаттал», «Дариға қызы», әте көлемді, «Бабалар сөзі» жұтомдығының тұтастай екі томын қамтыған – «Ғазауат Сұлтан» атты тізбекті (циклды) жырлар қисссасы т.б. Сондай-ақ бүкіл ғұмырын діни қиссалар жырлауға арнаған діни, кітаби қиссаның ақындар Мұхаммет Пайғамбар мен әзірет Әлі үрпақтарының өмірі мен дін ислам жолындағы қайраткерлігі мен ерліктерін жырлауға да баса назар аударды. Олар бұл тақырыпта да талай-талай көркем туындылар жаратты. Қиссалар галереясын тудырды. Олардың қатарында «Қисса уақыға Кербала үшбу-дүр», «Мұхаммед Ханафия», «Қисса Мәлікаждар» секілді көптеген шығармаларды атауға болады. Мұхаммет Пайғамбарға серік болып, оған көп қолдау, діни соғыстарда ерлік көрсеткен, шаһид болған сахабалар жөнінде де көптеген қиссалар бар. Сондай шығармалардың көрнекті бір үлгісі ретінде «Әмір Әмзе» қисссасын айтып кетуге болады.

Кітаби ақындар өздерінің нәзиralық туындыларын өздері мектептер мен медреселерде оқулық не хрестоматия ретінде оқып өскен діни мәтіндерден алып жырлағаны анық. Сонымен бірге, түркі, арабы, парсы кітаптарынан да көп шығармаларды қорытып, қайта жырлап отырган. Фылымда «турки», «шагатай» аталып жүрген тарихи тілдік түрғыдан алғанда, бір бірінен аздаған айырмашылығы да бар, түрік халықтарының ортағасырдың ескі әдебиеті үлгілерін қайта жырлау, сол дәстүрде тудыру, арап, парсы өлең өлшемдерінде өлең жазу аталған дәуір ақындарының шығармашылық дәстүрі өзіндік ерекшелігі болды. Бұл дәстүрден Семей медресесінде оқыған Абай да тыс тұрмаған. Оның «Шығыс ақындарынша» аталып беріліп жүрген бір шумақ өлең жолы ұлы ақынның кітапханасынан хабар берсе, «Иузи рәушан» аталағын өлең ақынның шығыс ақындарынша жырлауымен қатар, «турки» әдеби тілінде оқуы мен жазуын қатар танытып отыр. Сол секілді «Әлібби» өлеңінің жазылу үлгісі, өлең өлшемі шығыс поэзиясы өлең өлшемін қолдануын көрсетеді. Ұлы ақын Абайдың

## **С.Ергөбек. Түркі өркениетіндегі алтынордалық кітаби әдебиеттің дамуы.**

---

шығыс әдебиетіне ден қойып, «Әзім әңгімесі», «Масғұт» сектілді шығармалар жазуы - оның шығармашылығының кітаби қиссанышылдық және нәзирагөйлік қыры.

Кітаби ақындар, әсіресе, ортағасырлық ортаазиялық және алтынордалық «шагатай», «түрки» әдебиет материалдарын қайта жырлауға ерекше ден қойды. «нәзира», «нәзирашыл» демектің мәнісі де, мәні де осында. Ескі әдебиет үлгілерін қайта жарату, әрі тілдік, әрі әдеби дәстүр түрғысында қайта тірілту. Демек, ескі жазба әдебиет дәстүрін жалғастыру. Фалым А.Қыраубаева: «Нәзира тәсілінің негізгі жанры – қисса. Қиссаның өзіне тән стилі, қалыпты желілері, шарттылықтары болады... Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастан жанрының түп-төркіні XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиетінен бастау алады» [1, 130], - дейді дәстүр жалғастығы жөнінде. Сондықтан да XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында ерекше өркендереген қазақ қиссалық әдебиетін дәстүрлі жазба әдебиет және кітаби ақындарды қазақтың дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері ретінде тануға болады.

Кітаби ақындар оқып өскен, тәлім алған, кейін қайта жырлаған, рухани үдерісін жалғаған ойшыл ғұлама ақындар мен олардың туындылары қатарында Жұсіп баласағұнның «Құтадғу білік», «Ахмет Жүйнекідің «Нибату-л хакайық», Ахмет Ясаудың «Хикметтері», Сұлеймен Бақыргани шығармалары және алтынордалық нәзирилар туындылар Құл Фалидың «Қисса Жұсібі», Рабғузидің «Қиссау-л-әнбиясы», Хусам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтыптың «Хұсрау уа Шырыны», Сайф Сараидың «Гүлстан би-т-түркі», Махмуд бин Әли Кердерінің «Нәһжу-л-Фарадисін» (Жұмаққа апаратын жол) атауға болады. Аталған шығармалардың басым болігі - діни шығармалар.

Жалпы адамзат баласының өркениет тарихында анық аңғарылатын жәйт – көп елдің жазу мәдениеті, жазба әдебиеті дінге байланысты туындал отырғаны. Үлкен түрколог Фалым Э.Н.Наджиптің «Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литературы» (Түркістан, «Тұран», 2007) атты еңбегінде түрік халықтары тілдері мен түрік тілді әдебиеттердің дүниеге келуі жөнінде мынадай ойлар айтады. Ойын сол дәуірлерде түрік текстес халықтар үстанған дінге қатысты өрбітеді. Түрік текстес халықтардың жазу мәдениетінің де олар үстанған түрлі діни үстанымға байланысты туындал отырғанын аңғартады: «Очень сложный путь прошли в своем развитии и становлении тюркские литературные языки и тюркоязычные литературы. Первыми памятниками тюркской письменности,

письменного языка и литературы енисейско-орхонские намогильные камни с руническими надписями V - VIII веков.

Почти одновременно с руническим письмом у тюркоязычных племен существовало другое, так называемое уйгурское письмо. Первые памятники манихейского содержания, написанные этим письмом, относятся к V в. В дальнейшем появляются рукописи буддийского содержания...

Первые документы и памятники тюркского языка, написанные уйгурским письмом, являются переводами различных священных книг – буддийских, манихейских, христианских» [2, 27].

Осы тұрғыдан алғанда, славян халықтарының да жазу-сызу мәдениеті, ең алдымен, дінге байланысты туындағанын мысал ретінде айта кетуге болады. Дінге, діни қызметке байланысты туындаған жазу, ең бірінші, славяндардың діни кітаби әдебиетін дүниеге әкелді. Жазба әдебиеттің шығуы мен өркен жаюындағы осы ерекшелік жөнінде ғалым А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде атап айтқан болатын [3, 261]. Онда ғалым XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында жазба әдебиеттің өркен жаюын тікелей ислам діні мен дін қызметкерлерінің діни үгіт-насихат жұмыстарымен сабактастықта қарастырады.

Иә, ортағасырлық славян жазуының, соның нәтижесінде туындаған, өркен жайған жазба әдебиетінің дүниеге келуіне ең алдымен түрік тексті мемлекеттік мұдде тұрғысынан ой түйіп, саналы түрде славянданған түріктер – бұлғар жұрты себепкөр болғаны анық. Сондықтан да болгар елі мәдениеті мен әдебиеті славян жұртының өркениетінің негізгі қозғаушы құші болғаны көрінеді. Яғни, үйысып ұлыс болу, өркениетті мемлекет болу дін мен діни мәдениетпен өр кез сабактастықта болмақ ләзім. «В истории культуры славян болгарская литература занимает особое место. Это первая славянская литература обладавшая богатством жанров, устойчивыми традициями, одаренными творцами и блестящими для Средневековья памятниками. Она возникла почти одиннадцать столетий тому назад и является более древней, чем литературы других славянских народов», - деп ғалым И.Калиганов болгар әдебиетін славян жұрты мәдениеті мен әдебиетінің басына бекітеді. Болгар әдебиетінің шығуы мен өркен жаюына себеп болған басты жағдайлар жөнінде: «Это, прежде всего, наличие сильного государства, которое появилось на Балканах в 681 году как союз славянских племен и пришедших из глубин Азии кочевых тюрков – протоболгар (от них в последствии и стало

## **С.Ергөбек. Түркі өркениетіндегі алтынордалық кітаби әдебиеттің дамуы.**

---

называться данное славянское государство Болгарским, а его население – независимо от этнического происхождения – болгарами). Это и удачное географическое местоположение Болгарии, близость ее к Византии – хранительнице античного и римского культурного наследия. Это и введение у болгар в 865 году христианства в его восточном византийском варианте», деп болгар жұртының бүкіл славян жұртына өрнек болған өркениетінің тірегі мемлекет пен діннің бірлігі болғанын атап көрсетеді [4, 3]. Сонымен бірге болгарлардың, славяндар әліппесін жасаушы ұлы ағартушылары Кирилл мен Мефодийдің және олардың шәкірттерінің мәдени дәстүрін жалғап әкетуіне де ерекше мән береді. Осыған дейін болгар хандары Өмірдағ (814-831), Маламир (831-836), Пресиян (836-852), т.б. тарихта өз істерін қалдыру үшін ұлken сарайлар салу, түрлі соғыстардағы жеңістері мен бейбіт келісім шарттарын т.т. жартастар мен бағаналарға грек әріптерімен жаздырып отырганы түрік жұртының ежелгі сына жазулары дәстүрін көрсетсе, жаңа жазумен болгарлардың христиан дінін қабылдаудының басты қолдаушысы болған князь Бористың (852-889) ұлы Владимир – Расете әкесінің орнына таққа отыра сала, әкесіне қарсы көтеріліске шығуы түрік текті бұлғар жұртының тілінен, тәнірлік дінін ажырағысы келмегенін аңдатады. Сол секілді славяндар да өз ежелгі наным-сенімдерінен ажырай қоймаған. Сол дәуірдегі болгар мемлекетінің нығаюы үшін славян жазуы мен сол тілде жүргізілетін діни қызмет және бір христиан дінінде болу, бір тілді – түрік атаулы, славян тілді елдің қалыптасуы уақыт қажеттілігі.

Славян халықтарының әліппесі мен жазба әдебиеті тарихына қатысты бұл жайлардың сырт қарағанда, салыстырылуы мүмкін еместей көрінетін түрік халықтары, оның ішінде қазақ халқының жазба әдебиетінің даму тарихы мен кітаби ақындар шығармашылығының шығу, даму, қалыптасу жолы мен шығармашылық ерекшелігіне тән ортақ мәселелерінің молдайы аңғарылады. Бірінші, әліппе мәселесі. Славяндар әліппе мәселесіне қатаң қараған. Өз әліппелерінің болуын, сол жазумен діни әдебиет жасау және сол тілде құдайға құлшылық етуді қалады. Соның нәтижесінде дәстүр бойынша «қасиетті тілдер саналған ежелгі жөйт (иврит), грек және латын тілдерінде ғана рұқсат етілген діни құлшылықты славяндар өз тілдерінде орындауға қол жеткізді. Сол тілде діни әдебиеттерін де жасады. Ал жазу тарихы мыңдаған жылдарға жетелейтін түрік халықтары бүгінгі ғылымда орхон-әнисей жазуы, ежелгі үйғыр жазуы аталатын өз жазбалары бола тұра, араптардың келуі мен елдің ислам дінін қабылдаудына орай арап

жазуына ойысып кетті. Құдайға құлшылығын да күні бүгінгө дейін сол тілде орындан келеді. Бірақ діни әдебиетті ғылымда «шагатай», «түрки» аталып жүрген өз тілдерінде жасады. Бұған ортағасырларда Орта Азияда жасалған діни әдебиетті және Алтын Ордада дамыған нәзирилых діни әдебиетті жатқызуға болады. Сонымен қатар арап және парсы тілдеріндегі діни әдебиеттерді де мол пайдаланғаны аңғарылады. Қасиетті «Құран» тек арап тілінде оқылады. Фалым Э.Наджип түрік халықтарының жазу мәдениетінің өте көне ғасырларға жол тартатынын, олардың енисей-орхон жазуларымен қатар көне үйір жазуларын да пайдаланғанын атап көрсетеді. Бірнеше ғасырлардан соң олар арап жазуын да пайдалана бастады... Негізінен XI ғасырдан бастап әдеби ескерткіштер арап жазуында жазылды [2, 16], - деп фалым түрік жұртының да көне төл жазуының болғанын және оны күні кешеге дейін дерліктей қолданып келгенін айтады. Әйтсек де түпкі нәтиже арап жазуына түрік жұртының мұсылман дінді бөлігінің тегіс ауы болды.

Екінші, кітабилық мәселесі. Қазақ әдебиеттану іліміндегі кітаби ақын-жазушы терминдерінің қолданылу жайы және оның славян, нақтырақ айтқанда, болгар әдебиетінің тарихындағы кітабилықпен сәйкестілігі немесе үндестік дәрежесі.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы кітаби ақындар және олардың шығармашылық ерекшелігі жөнінде жазылған еңбектерінде М.Әуезов оларды «кітаби ақын», орысша жазылған еңбектерінде «поэты-книжники» деп береді [5, 470-471]. Ал фалым Б.Кенжебаев қазақ кітаби ақындары шығармашылығының христиан әлеміндегі «поэты-книжники, церковники» деген ұғымға сәйкес келмейтіндігін айтты. Сейте тұра, қазақ әдебиетінің тарихындағы «діни кітаби ақын» ұғымына толық сәйкес келетін бірден-бір ақын, Мұхаммет Пайғамбардың өмір жолын арқау еткен атақты «Назым сияр Шәриф» шығармасының авторы Шәді Жәнгірұлын ағартушы ақын ретінде көрсетіп, өзінің XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін сөз еткен еңбегіне енгізді [6, 27]. Кеңес дәуірінде өмір сүрген, шығармашылық еткен фалым пікірін дәуір тынысымен сабактастықта сараламақ ләзім. Бұл тақырыпқа барған Ә.Қоңыратбаев, Н.Келімбетов, Ә.Күмісбаев, А.Қыраубаева секілді ғалымдар әр кез ойларын ортаға салды. Дегенмен, тікелей кітаби сөзімен кітаби ақын ұғымын талдауға тереңдеп бара бермеді. Діни, кітаби, нәзирилых шығармаларды терең талдамай-ақ, дәуір әдебиетінің бір ерекшелігі ретінде сипаттап өтсек де, М.Әуезовтің кітаби ақын сөзін қолдануы дұрыс көрінеді. Себебі кітаби

## **С.Ергөбек. Түркі өркениетіндегі алтынордалық кітаби әдебиеттің дамуы.**

---

ақынның әр шығармасына дерлік бір кітаби материал өзек боп өріледі. Бұл шығарманың әрі кітабилық, әрі нәзирагөйлік ерекшелігі болса керек. Діни кітаби ақынның алдымен назар аударғаны, әлбетте, діни кітаптар болды. Кітап, кітаби демектің мәнісі осы. Болгар әдебиетінде де кітап, кітабилық мәселесі осы мағынада қолданылады. Тек шығыс әлемі қолданатын «нәзира» терминің орнына көшіру, жазу, аудару сөздері тікелей сол үғымда қолданылған. Мысалы, Кирилл мен Мефодийдің кітаби шығармашылығы жөнінде былай сөз етіледі: «...помимо создания первой славянской азбуки, Кириллу и Мефодию следовало переложить с греческого на славянский Евангелие, Апостол, Псалтырь и другие канонические книги Священного писания... Перевод канонических книг Священного писания имел огромное значение для развития славянской культуры, для появления самобытных славянских литератур» [4, 5]. Демек, болгар әдебиетінің тарихшылары күллі христиан әлеміне ортақ діни кітаптарды өздерінің төл, дара әдебиеттерінің бастауы ретінде танып отыр. Славян халықтары әдебиетінің образзық - кейіпкерлері әлемі тұрғысынан да, тұрлі жанрлық тұрғысынан да өсуін, өркен жаюын осы діни кітаптармен сабактастықта қарастырады.

Кітаби ақындар алдымен дін оқуын оқыған молда ақындар болғаны белгілі. Соған орай олардың ең алғашқы тақырыбы да дін болғаны атап етілді. Әйтсе де, гректің діни әдебиетін славян тіліне аударудан бастаған болгар әдебиеті соның негізінде тұрлі тың тақырыптар мен жаңа жанрларға барған үлкен әдебиетке қалай айналса, қазақ жазба әдебиеті де кітаби ақындар шығармашылығы негізінде едөуір өсті, кемелденді деуге болады. Демек, қазақ кітаби ақындары діни шығармалармен қатар тұрлі тақырыпта, тұрлі жанрда шығармашылық етті. Басты жанры – қисса болды.

«При Симеоне (болгар билеушілері өздерін хан атаған. Кейін князь болды. Ал Симеон өзін патша деп жариялаған бірінші билеуші) расцвели славянская письменность и книжность. Три десятилетие его правления вошли в историю славянской культуры как «золотой век» болгарской литературы. ...Содействовал созданию книжных центров, побуждал книжников делать новые переводы с греческого», - деп Симеон патша дәүірінде діни кітаптарды аудару арқылы болгар әдебиетінің көп өскенін көрсетеді. «Летописный жанр в болгарской литературе складывался главным образом на основе переводных хроник византийских авторов, причем имена большинства переводчиков в соответствии со средневековой традиции анонимности

до нас не дошли», - деген жолдар да көптеген кітаби ақындардың нәзиралық шығармаларына өздерінің есімдерін енгізбей жырлап отыру дәстүрімен толық сай келіп тұр. Сол секілді жоғарыда сөз етілген шығыс поэзиясы стиліндегі Абай өлеңі «Өліпби» үлгісінің де болгар әдебиетінде кездесуі қызық құбылыс болып көрінеді. «Видимо, для быстрого усвоения славянской азбуки Константин Преславский создает знаменитую «Азбучную молитву» - стихотворное произведение, написанное в виде акrostиха. Каждый новый стих начинается буквами, следующими в алфавитном порядке» [4, 10], - деген жолдар шығыс әдебиеті үлгілерінің христиан өлемі әдебиетіне де сыналад өткенін көрсететіндей.

Осы жайтардан болгарлардың күшті мемлекет жасау үшін елдің бірлігін, ел бірлігі үшін дін бірлігін, тіл бірлігін, дін мен тіл бірлігі үшін әліппе – жазу бірлігін қалағаны аңғарылады. Бұл - әлемдегі үлгітар мен ұлыстар тарихында қайталанып отыратын жағдай. Саяси құрес-тартыстар әлемінде жеңіп шығып, күшті мемлекет жасау үшін мемлекеттер тарапынан жүргізіліп отырғаны көрінеді. Түрік халықтарының мұсылман бөлігі де мықты мемлекет жасау үшін діни әдебиетті, дидактикалық әдебиетті дамытуға тырысты. Мықты мемлекет үшін арап жазулы болса да, сол арқылы дін бірлігін, тіл, діл бірлігін қалады. Фалым Э.Наджип: «Джетысу, которая является первой территорией, где был создан первый крупный тюркоязычный литературный памятник в прямом смысле этого слова «Кудатгу билиг» и первый полный «Тюрко-арабский словарь» Махмуда аль-Кашкари» [2, 17], – деп өте жоғары бағалаған еңбектердің де мықты мемлекет жасау мұддесімен сабактасып жатқанын атап көрсетеді. «Глава государства носил титул Бограхан... В 955-956 годах глава государства Сатук Бограхан принял ислам. За ним приняли ислам все прибывшие к нему. Таким образом, в середине десятого века. Чуйская долина вся была исламизирована. ... вот для этого, недавно принявшего ислам населения и было написано поэтом Юсуфом дидактическое произведение «Кудатгу билиг», содержащее исламскую дидактику», - деп Қарахан мемлекетінің дамуын түрік жазба тілі мен әдебиетінің дамуымен байланыста береді [2, 21]. Жазу бірлігі тіл бірлігімен қатар дін бірлігіне негіз болып, діни әдебиеттің дамуына, діни әдебиет әрқашан ел бірлігін діни ұстаным, таныммен байланыста қалыптастыруға қызмет етеді. Бір діни ұстаным, яғни елдің таным бірлігі мемлекеттің нығаюына алып келер бірден бір жол болса керек. Демек, мемлекет құрамындағы елдің рухани бірлігі - «ел іргесін

сақтайтын» қазығы. Жұсіп Баласағұн еңбегінің басты нысанасы мықты түрік мемлекетінің болуы және оған шығармашылық кеменгерлікпен қызмет ету. Бір орталықта бағынған мемлекет пен ұйысқан елдің, әрбір жеке азаматтың өмірлік мұраты, ұстанымы не болмақ... Соны әрі дидактикалық, әрі фәлсафалық түрғыда ортага салады. Фалым А.Қыраубаева: «Баласағұни қоғамды әр адамның өз орнында жетік болуын, кемелдікке ұмтылуын жырлайды. Кемел билеуші, кемел уәзір, кемел Хас Хажыб, кемел әскербасы – кемел мемлекет жасау идеясын жырлады», - деп атап көрсетеді [7, 98]. Сондықтан да еңбек авторы, ұлы ойшыл Жұсіп Баласағұн Құнтуды (Әділ), Айтолды (Дәулет), Өгдүлміш (Ақыл), Одғұрмыш (Қанағат) арасындағы сұхбатқа құрылған [8, 30].

Кітаптың негізгі тарауларының алдына мұсылман әлемі дәстүрімен Алла Тағаланы ұлықтауға және оның елшісі Мұхаммет Пайғамбар мен оның төрт шариярын, Ұлы билеуші Табғаш ұлық Бұғра Қарахан абд Әли Хасан бин Арыслан ханға арналған мадақ жырларын қояды. Сол себепті де «Бұл кітапты шығыс патшалары көшіріп алдырып оқитын болған... Кітапқа әр елде әр түрлі ат берген: Ирандықтар Фирдоусидің «Шахнамасымен» қатар қойып, «Шаһнамаи түркі» (Түркі Шаһнамасы) деген. Енді біреулері «Пәндарман мұлік» (Падишаларға насиҳат), «Шын елі» (Қытай), «Әдәбүл мұлік» (Падишалардың әдебі) деп атаған» [7, 98].

Алтын Орда мемлекетінің ислам дінін мемлекеттік дін ретінде жариялауы, ел мен билік иелерінің мұсылман дінін қабылдауы XIII ғасырдың екінші жартысында Берке хан тұсында белен алғаны тарихтан мәлім. Оның ислам дінін мемлекеттік дін ретінде тануы, әлбетте, қол астындағы түрік тайпаларынан үлкен ел жасау мұддесінен туындағаны күмәнсіз. Берке хан ислам дінін қабылдаған соң Алтын Орданың басты қалалары болған Сарай бату мен Сарай Беркеге жер-жерден, Ургеніш пен Бұқардан, мұсылман әлемінің түкпір-түкпірінен ғалымдар мен ақын-жазушылар, түрлі өнер иелері көптеп келіп орныға бастады. Яғни ислам өркениеті қанат жая бастады. Өзбек хан тұсында елдің мұсылмандануы мен зиялды қауымның Алтын Орда жеріне өтуі тіпті күшейді. Демек, мұсылмандық түркі өркениеті орнықты, өсті. Мемлекет астанасы Сарай Берке Өзбек (1312-1340), оның ұлы Жәнібек (1342-1357) кезінде өте қатты өсіп өркендеді. Алтын Орда атты ұлы мемлекетте өркендерген түркі өркениетінің бір көрінісі сөз өнерінің дамуы болды. Мұнда Ахмет Ясауи «Хикметтері» мен «Рабғузи қиссалары» кең тарайды. «Құтадғу біліктің» де кең қолданыста

болғаны аңғарылады. Құтыптың кітаби нәзиралық дәстүрде жырлаған шығармасы «Хұсрау мен Шырын», Қоңырат Хорезмидің «Мухаббат-намасы» осы кезде жазылады. Алтын Орда жерінде «Рабғузи қиссаларынан» кейін көп тараған еңбек Махмуд бин Әли ас-Сараи ... әл-Кердериңің еңбегі «Нахжу-л-Фарадис» еді. «Қиссасу-л-Әнбияда» дүниенің жаратылысынан, Адам Ата, Хаяу Ана оқигаларынан бастап Мұхаммет Пайғамбарға дейін және оның немерелері Хасан, Ҳүсейін оқигаларына дейін баяндалса, «Нахжу-л-Ферадис» өзінің мазмұны жағынан сира жанры табиғатындағы туынды екенін көрсетеді (Сиратун-Нәби-Пайғамбар өмір жолы). Мың беттік дерлік көлемді еңбектің алғашқы жартысы тұтастай Мұхаммет Пайғамбардың өмір жолына арналған. Екінші жартысында Пайғамбардың төрт шарияры мен оның қызы Бибі Фатима, немерелері Хасан, Ҳүсейін, төрт шейх – төрт мазхаб иелері Әбу Ханифа, Имам Шафіғ, Имам Мәлік, Имам Ахмад Ханбал туралы жазылады. Содан соң барып түрлі діни наным-сенімдер мен ұстанымдар сөз болады. «Мухаббат-нама» Алтын Орда ханы Жәнібек тұсында жазылса, «Нахжу-л-Фарадис» оның ұлы Бердібек тұсында жазылады. Сол секілді осы кезде «Қисса Жұсіп», «Жұмжұма», «Гүлістан» секілді көптеген діни, діни әдеби, кітаби, нәзиралық шығармалар дүниеге келеді. Әзірге ғылымға белгілі шығармалар осылар. Әйтсе де, ғылымы мен мәдениеті, әдебиеті өркендеген Алтын Орда дәуірінде жазылған еңбектердің молдығына дау жоқ. Олардың табылуы мен жариялануы алдағы уақыт еншісіндегі мәселе. Фалым Э.Наджип Алтын Орда жерінде болған арап, парсы тарихшыларына сүйене отырып, арап, парсы, түркі тілдерінде бірдей шығармашылық еткен, ғылымның түрлі салаларымен айналысқан ғалымдар мен ақындар, жазушылардың көп болғанын, «... основой культурных и научных связей между Нилом и Волгой был высокий уровень творческой мысли в Сарае» [2, 160], - деп Алтын Орда мемлекетінде өркендеген түркі өркениетінің ғажап үлгісі болғанын айтады. Әйтсе де, бұл түркі өркениетінің ғұмыры ұзақ болмағанын, түрлі тарихи күрделі оқигалар кезінде ірі ғалымдар мен ақын-жазушылардың елді тастап Османлы жеріне, онан әрі Шам, Мысыр асқанын, сөйтіп, әсіресе, Мәмлүктік Мысырда ХІҮ ғасыр соңына қарай түркі тілді әдебиеттің дамығанын, ХҮ ғасырда өмір сүрген арап тарихшылары Рамзи мен әл-Айнідің сол дәуірде Шам, Мысыр жерлерінде шығармашылық еткен көптеген қыпшақ ғалымдары мен ақындарын атап көрсеткенін сөз етеді [2,161].

## **С.Ергөбек. Түркі өркениетіндегі алтынордалық кітаби әдебиеттің дамуы.**

---

Діни, әдеби шығармалар нәзиralық дәстүрде, кітаби ұлғіде қайта жазылып, соның негізінде өзге шығармалардың, төл туындылардың біртіндеп пайда болуы Алтын Орда жерінде кітабибы, кітаби әдебиеттің өркендеуін көрсетеді. Оның негізін діни, кітаби ақын, жазушының қалауы анық. Шығатын қорытынды: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы кітаби ақындар шығармашылығының қайнар бастауы – Алтын Орда өркениеті мен ондағы кітаби, діни әдебиет және дәстүр мен стиль. Алтын Орда діни, кітаби нәзиralық әдебиеті мықты, өркениетті мемлекет жасау мұддесінен туса, кейінгі кітаби әдебиет тікелей орыс отарлығына қарсы ниеттен, елдің тұтастығын, діні мен ділін, тілін сақтау мұддесінен туған еді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қыраубайқызы А. *Ежелгі әдебиет*. Астана: «Елорда», 2001. -224 б.
2. Наджип Э.Н. *Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литературы*. Туркістан, «Тұран», 2007.
3. Байтұрсынов А. *Шығармалары*. Алматы, 1989.
4. Каилиганов И. *Тысячелетние традиции болгарской литературы*. В кн. Родник златоструйный: Памятники болгарской литературы IX-XVIII вв. –Москва: «Художественная литература», 1990, -527 с.
5. Әуезов М. *Әр жылдар ойлары*. Ауезов М. *Мысли разных лет*. Алматы, 1959.
6. Кенжебаев Б. *XX ғасыр басындағы әдебиет*. Алматы, 1993.
7. Қыраубайқызы А. *Ежелгі әдебиет*. Астана: «Елорда», 2001.
8. Егебаев А. Кітапта: Жұсіп Баласағұн. *Құтты білік*. Алматы: «Жазушы», 1986.

---

## ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

---

ӘОЖ 305.8

### ҚОҢЫРАТТАР: ТҮПКІ АТАТЕК ТАРИХНАМАСЫ KONYRATS: HISTORIOGRAPHY OF RELATIONSHIP

О. НҰСҚАБАЕВ<sup>\*</sup>

#### Түйіндеме

Еңбекте бұрындары айтылмаған тың деректік мағлұматтар негізінде Қоңырат тайпасының шығу тегі, этногенезі, ата-мекені, мәдениет ескерткіштері, ғұн этнономінің және ғұн империясының құрылудындағы орны мен рөлі, қоңыраттардың ғұндардан кейінгі дәуірлердегі тарихы талданады.

**Кілт сөздер:** ас, қанлы, қоңыр (ат), маң, ішғұз (сақ-скиф), сиунну (ғұн), қидан этносаяси бірлестіктері, көне мәдениет ескерткіштері.

#### Summary

Based on the data that were previously on this work, not to talk about the origin of ethno genesis of Konyrats tribal homeland, culture and role in the structure and the ethonym, Hun Empire, and analyzed the history Konyrats after Hun.

**Key words:** food, Kangly, brown (horse), skid, ethnic and political groups, the ancient monuments of culture.

#### 1.1. Қоңыраттардың арғы шығу тегі, ата мекені

Түрік текті халықтардың қалыптасуының бастауында тұрған қауымдастықтың бірі ретінде танылатын қоңыраттардың этногенездік тінінің орнығы туындыра. Олардың мәдениеттерінде көрінісінде түрк текті халықтардың қалыптасуының бастауында тұрған қауымдастықтың бірі ретінде танылатын қоңыраттардың этногенездік тінінің орнығы туындыра.

Оған дәлелдемелік мәліметтерді алышқа ат терletіп шаптай-ақ жас, жақадан қалыптасқан ғылым саласы – молекулярлық генетика деректері арасынан-ақ ізден таба аламыз. Себебі, бұл ғылым саласы өркениетке тән мындаған жақалықтар қатарында адам баласының шығу тегін, ділі мен тілінің қалыптасуын көзben көргендей етіп дәлелдей бере алады.

Молекулярлық генетиканың мәліметтеріне қарағанда, адам баласының ең бастапқы өсіп өнген жері Оңтүстік-Шығыс Африка аумағында болған көрінеді. Қазіргі тұрпаттағы адам (*Home Sapiens*) да бұдан 150 мың жылдай бұрын осы өнірде қалыптасқан. Алғашқы адамдар терімшілікпен күн көрген. Бертін келе терімшілікті аңшылық, топ-топ болып аңдарды қуып, қаумалап ұстай тәсілі ауыстырған.

\* Социология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті, Туркістан, Қазақстан.

Doctor of sociological sciences, Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan.

## **О.Нұсқабаев. Қоныраттар: түпкі ататек тарихнамасы.**

---

Осылайша үйірлік әuletтер қалыптасқан. Алғашында үйірлік әuletтердегі адамдар бір-бірімен ымдасып, ишарамен түсініскен. Келекеле саналық пен тілдесу қалыптасқан.

Өуелгі сөздер бір буынды сөздерден құралған. Осыған орай, үйірлік әuletтер атаулары да әлі де тілдің жұтаңдығына қарай бір ғана сөздерден тұрған.

Әзірге ғылымға мәлім үйірлік әuletтер атаулары мыналар ғана: ас, қай, тур, қаз, маң, қаң, кут, дай, қой, сан. Осы үйірлік әuletтер бүгінгі таңда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың аргы аталары саналады.

Осы үйірлік әuletтердің бірқатарының жаңа өңірлерге қоныс аударуы олардың ішім-жем қамымен жабайы хайуанаттарды қуалай жүріп, жан-жақа бытырауынан, яғни қоныстық жерлерінде аң-құстарың азауына байланысты туындаған. Оларды тамақ асырау қамы жан-жақты бостирып жіберген.

Тамақ асырау қамы итермелеп, ұзак мыңжылдықтарға созылған осындай миграциялық үдерістер барысында алғашқы адамдар әлденеше топтарға тармақталып кетеді. Сөйтіп, алғашқы адами әuletтер бір-бірінен алшактай түседі.

Осыған байланысты адамдардың әртүрлі топтарында қалыптасқан тілдесу ерекшеліктеріне қарай, ғылымда оларды әртүрлі тілдік топтарға бөліп-бөліп алғып, қарастыру дәстүрі орныққан. Осыған сай “ілкі түпкі” тілден өрбіген делінетін тілдік орталар төмендегіше жіктеледі.

Ностра тілдері - ілкі түпкі тілдер, яғни алғашқы адамдар өзара түсініскен тілдер топтамасы.

Бұдан 16 000 жылдай бұрын ілкі ностра тілі батыс ностра (афразия, картвел, ұндіеуропалық) және шығыс ностра (эlam-дравид, алтай-орал) деп аталатын тілдік топтарға ыдыраған.

Батыс ностра тілдерінде сөйлейтіндердің бір тобы, атап айтқанда афразиялықтар (семит, көне мысыр, бербер, ливия, чад, кушат және омот тілділілер) Левант аймағында (қазіргі Мысыр, Израиль, Иордания, Ливан, Оңтүстік Түркия, Сирия жерлері) мекендей қалған. Картвел тобындағылар (қазіргі грузин, мегрель, лаз, сван тілділілер) Кавказ таулары маңына тұрақтаған. Ал, ұндіеуропалық тілділілер (хет-лювий, ұнді, иран, грек, итальян, роман, кельт, герман, балтық, славян топтары) арасынан бірқатарлары кейіннен батысқа қарай ауған.

Ал, осы Левант өнірінің шығысында Шығыс Ностра тілдерінде сөйлейтін қауымдар өмір сүрген. Олардың ең алғашқы әлеуметтік топтары осыдан 15 мың жылдай бұрын қазіргі Батыс Иран аумағында арғы эlam-дравид және арғы алтай-орал тілділілер топтарына бөлінген.

Шығыс ностра тілді қауымдардың арғы эlam-дравид тілділер тобындағы жүрттар осыдан 11 000–10 000 жылдай бұрын қазіргі Үндістан мен Пакістан аумақтарына ауып, қоныстанса, арғы алтай-орал тілділілері қазіргі Иранның теріскей батысынан Орталық Азияны қамти Қыыр Шығысқа дейінгі өнірлерді тұтаса жайлап қалған.

Олар осыдан 13 000 жылдай бұрын алтай және орал-юкагир тілділілер топтарына ажырайды. Орал-юкагир тілдерінде сөйлейтін қауымдар кейіннен Орал тауларына қарай көшіп фин-угор, самоди тармақтарына бөлінеді. Ал, арғы алтай тілділілер тобындағы қауымдар ж.с.д. 12-2 мыңжылдықтар аралығында: арғы турік, арғы монгол, арғы тунгус-мәнжур, арғы корей, арғы жапон тілдерінде сөйлейтін қауымдастықтарға бөлшектеніп кетеді [1, 50-52].

Алғашқы адамдардың келесі бір тобы, атап айтқанда, қытай, тибет, на-дене тілдерінің ілкі түзілімдерінде ұғынысатын жүрттар өздерінің шығысқа қарай тереңдеп ілгерілеуін Кіндік Азия және Үндіқытай тубегі арқылы жалғастырып, олардың алдыңғы легі осыдан бар-жоғы 7 000-6 000 жылдай ғана бұрын Янцзы (Қызыл өзен) алабына жетіп, қоныстана бастаған көрінеді. Ал, бұл кезеңде Шығыс ностра тілді топтағылардың алтай тілділілерінің орта легі Саян таулары, Байкал көлінің шығысы, Становой, Колыма, Чукотка маңын қоса Қыыр Шығысты 50 мың жылдай, не одан да бұрынғы замандардан бері қарай мекендей келе жатқан-тұғын. Әрі олардың бірер толқыны Америкаға өтіп те үлтерген-ді.

Әрине, бұған қарап, ілкі ностра тілінің шығыс диалектісінде сөйлеген арғы алтай тілділілер түгелге жуық Алтай-Саян тауларынан асып, Қыыр Шығысқа ауып кеткен еken деген пікір тумаса керек. Өйткені олардың артқы бөлігі әлі де болса Иранның теріскейі мен Орта Азияны мекендей отырған болатын. Бұл манда олар түбі бір аталастары арғы орал тілділілердің де әлі де болса теріскейге қарай жылжы қоймаған қауымдарымен бірге өмір сүріп жатқан-ды.

Осы Оңтүстік-Батыс Азия өнірінен әлі де болса алысқа ұзай қоймаған қауымдық әулеттердің ішінен «Ас» атальғы алғашқылардың бірі болып, өзінің тайпалық одағын құрылымдан алады.

Сөйтіп, адамзат дамуы барысында бұрынғы түбі бір қаннан тараған жүрттардан құрылымдалған үйірлік әулеттердің әуелім ру-ру болып қауымдасуын, бертін келе олардың белгілі бір тайпалық одақтарға, этносаяси бірлестіктерге бірлесуін туындасты.

«Ас» тайпалық одағы жүрттары өздері қоныстанған өңірді «Ас+ұя» деп атаған көрінеді. Бұнысы олардың бұл өңір астардың мекені дегенге сай келеді. Себебі, ұғым-түсініктегі «ас» тайпа атауын білдірсе, «ұясы» «астардың үйі» дегенді сезіндірген. Бертін келе бұл ұғым-түсінікпен былайғы жүрт күллі құрлықты атамалап кеткен. Азия. Астарға еліктеген басқа рулық топтар да өсіп-өніп, көбейе келіп, тайпалық одақтарға бірлескен.

Осылайша үнемі өсіп-өніп, көбейу жаңа қауымдастықтардың туындауына, ескілерінің жаңа топтарға бөлініп, жіктелуіне себепші болды. Нәтижесінде ата топтарынан өз нәпақаларын қуйіттеп жыраққа кеткен әулет ұрпақтары арада мындаған жылдар өткенде әуелгі тектерінен тым алшақтап үлгерді. Бөгде жүрттарға айналды. Жаңа қауымдастықтар түзді.

Сондықтан біз алдағы талдауларымызда тек түрік текті халықтарды түзуге ат салысқандардың ішінен осылардың біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы болар-ау дегендерінің ғана шығу тектерін өзектеп өтпекпіз.

Олар мыналар: қаңлылар, субарлар, қонырлар және мандар.

Қаңлылардың түп тегін тарихшылар мен лингвистер былайша тарқатады:

Ки-эн-гир (батысша шумер) → қаңғар → қаңгха → қангюй → қаңлы.

Мұндағы «киэнгир» ұғымы ки-жер, эн-жаратушы, ги(р)-кие, барлығы топастырылғанда «жаратушының киелі мекені, елі» деген мағынаны білдіреді.

Ал, шумерлердің (қаңлылардың) өздері өздерін сағ-нгига (сағ-бас, нгига-қара, басы қаралар (қара шаштылар) деп атаған көрінеді. Бұл дәлелдемелер әйгілі неміс шығыстанушысы А.Фалькенштейннің (1906-1966) еңбегінен алынды.

Ал, татардың көрнекті лингвисі М.Закиев аккадтықтардың киэнгирлерді Бағдаттың теріскей бетіндегі өңірді жайлаған түрік текті субар жүртіның атына сәйкестендіре сумар /сумер → шумер/ түрінде атап кеткендігін айтады.

Оның түсіндіруінше «шумер» этномінің бастапқы мағынасындағы «субар» сөзі қаңғар деген мағынада түсінілген.

Өйткені, көне түрік тілінде «қан» ұғымы «ағын сулы» маң деген мағынада қолданылған. Демек шумер, субар деп атальшы жүрген халықтың төл тума атауы қаңғар, қоңыр. Бұл халықтың суар және ас деп аталған көне тайпалардың бір-біріне қосылып, бір ел атануынан туындағандығы Авестада жазылып қалған. Суар+ас, хуар+ас этнонимі осылайша туындаған. Хуарас жүртін Авестада төлтума атаумен қаңлы деп атайды. Мұндағы «қан» атауы «ата», «ата жүрт» деген мағынаны білдіреді. Ирандықтар оларды қангха/қангюи деп атаған. «Ха» жалғауы иран тілінде көптік мағынаны білдіреді. Ал, шумерлер өздерін киэнгир/қаңғар деп атаған. Басқаша айтқанда, өздерін белгілі бір халықтың «негізгі буынымыз», «ата жүртімиз» деп таныған. Аты тарихқа Шумер /киэнгир/қаңғар/қаңлы атымен енген халық құрған Ұлы Шумер мемлекеті ж.с.д. 4000-2000 жылдар аралығында өмір сүрді. Аты тарихта адамзат баласының алғашқы өркениет орталықтарының бірі ретінде атальшы қалды. Олар өздерінің астанасын Ур (Ор, Орда) деп атаған. Қала мемлекетте қолөнері, сауда-саттық өрістеген, суармалы егіс шаруашылығы дамыған. Гибадатханалар көп болған. Әлемдегі алғашқы пиктографикалық, одан соң сына жазуы осы орталықта дүниеге келген. Оқулықтар жазылған, мектептерде дәрістер жүргізілген. Мемлекеттік құжаттар хатталған, кіріс-шығыс есептері жасалған [2, 12; 127; 159].

Маңындағы халықтар субар/сумар/ сумер/шумер деп атаған халық, дейді ойын одан әрі жалғастырған татар ғалымы, өздерін төлтума атауларымен киэнгир (қаңғар) /қоңыр деп атаған. Әрі бұл халық осы атаумен кейіннен Хорасми (Хорезми) қоңыр/ат/тары атальшы, көне жазбаларда хаттамаланыш қалды. Бұған растамалық мағлұматтарды ежелгі ассириялық сына жазуларынан таба аламыз. Сондай-ақ, Фирдоусидің «Шахнамасында» сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай Хиндикуш тауларының теріскейін ала Каспий теңізінің онтүстік-шығысынан Арал теңізіне дейінгі аралықты мекендейтін түбі түрік текті қаңғар, субар, маңлар/маңдар/, хунгурларды парсылар Хорезм хунгурлары /қоңыр/ат/тары/ деп атамалайтындығы айтылған.

Хунгурларға /қоңыр/ат/тарға/ тікелей қатысы бар жоғарыдағы мәліметтерді одан әрі қарай саралаған М.Закиев, олардың біршамасының ж.с.д. VII ғасырда осы маңнан әрі қарай жылжып, Қара теңіздің теріскей бетін ала Дон өзенінің орта ағысына дейінгі аралыққа шашырай қоныстанғандығын нақтылы мағлұматтармен

дәйектейді. Қоныс орталығы етіп олардың шағын қалашық-Хуногор кентін салып алғандығын да тәпештеп түсіндіріп береді.

Арада 1000 жылдай уақыт өтеді. Хунгурлардың Дулу аталағының билеушісі Құбырат 635 жылы Бұлғар мемлекетін орнықтырды. Мемлекет аумағы Азов теңізінің шығыс бетін ала Қара Тенізді жағалай Қырым түбегін қоса Дон өзенінің орта ағысы мен Кубань өңірін алып жатты. Мемлекет орталығы Хуногор кентіне орнықты. Мемлекетті құрылымдаған барлық түбі түрік текті халықтар енді «бұлғарлар» деп атала бастады. Тіл өзгерістеріне қарай Хуногор кенті Фаногор қаласы деп аталаған кетті [2, 12-13].

Кейін Ұлы Бұлғар мемлекеті хазарлар мен аландардың біріккен соққысының күшінен күйрейді. Осыдан кейін Аспарух бастаған бұлғарлардың бір тобы батысқа - Дунайдың оң жағалауына көшіп, онда Болгария мемлекетін құрды.

Бұлғарлардың екінші белігі Еділ өзенінің бойымен солтүстікке қарай жылжып, кейіннен Еділ Бұлғариясының негізін қалады.

Құрбаттың екінші баласы Ботбайдың қол астындағы бұлғарлар тобы Кубань өңірінде қалып қойды да, хазарларға тәуелділікке түсті. Солтүстік Кавказдағы балқар халқы сол бұлғарлардың үрім-бұтағы болып есептеледі.

Осы Ботбайдың билігінде қалған бұлғарлардың біршамасы кейіннен Дон өзенінің төменгі ағысынан Шу-Талас өңіріне көшіп келді-міс делінеді. Бұл мағлұматты таратушылар Ұлы жұз құрамындағы дулат бірлестігінің Ботбай руын осы Ботбай (Батбаян) есімімен байланыстыра өзектейді. Әрі ботбайлықтар Аспара өзенін Ботбайдың ағасы Аспарухтың есімімен атаған-мыс, дейді [3, 225].

Ал, Хунгурлардың /қоныр/ат/тардың/ Қара теңіз жағалауларына қарай ұзаған топтарына ілеспей ата жүрттады қалғандары өздері тәріздес түптері түркілік жүрттармен ағайындаша Хиндикуш таулары етегі мен Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауынан бері қарайғы ұлан-гайыр далалық аумақты иемденіп, өмір сүріп жатты. Өйткені олар сонау палеолиттік мыңжылдықтарда /ж.с.д. 100 000-40 000 жылдар аралығында/, одан кейінгі соңғы палеолит/ж.с.д. 40 000-11 000 жылдар аралығында/, мезолит/орта тас- ж.с.д. 11 000-6000 жылдар аралығында/, неолит/ жаңа тас-ж.с.д. 8000-4000 жылдар аралығында/, энеолит/ мыстас-ж.с.д. 4000-3000 жылдар аралығында/, қола (ж.с.д. 4 000 жыл соңы – 1 000 жыл басы аралығында) Америкаға асқан түпкі түріктердің сабактастық жібі үзілмеген лектерінен күнкөріс қамымен

ата-жұрттағы жайлы қоныстарда іркеліп, ірге теуіп қалған қауымдарының ұрпақтары болатын.

Осыны сезінгіндіктен болар, М.Закиев, Заки Валиди еңбектеріне сілтеме жасап, арғы түбі түрік тексті жұрттардың (ол олардың алдыңғы қатарында қанғарларды, хунгурларды (қоңыр(ат)тарды), субарларды, маңларды(мандарды) айрықша атап көрсетеді/ ата жұрты, шыққан жері Орта Азия деп тұжырымдайды [2, 59; 125; 159].

Шынында да, қаңлылардың да, қоңыр (ат)тардың да, бұлғарлардың да, мандардың да түбі бір түркілік жұрттар екендігі, және де олардың ата жұрты Хиндикуш тауларының теріскей бетінен Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауларын ала Арал теңізінен ары жығылып жатқандығы Авестада да, Фирдоусидің «Шахнамасында» да жазылып қалған.

Әрі бұл шығармаларда аталатын ру-тайпа, ұлыс, халық аттары мен жергілікті географиялық атаулар шындыққа сәйкес келетіндігі әлемдік лингвистика ғылымында әлдеқашан-ақ дәлелденіп қойған.

Айталық, Хорезмдік Хунгурларды /қоңыр(ат)тарды/ парсылар ежелден-ақ қаңғар /қанғ/қанғха/қоңыр деп атаған көрінеді. Оған дәлелдеме ретінде ғалымдар бұл атаулардың «Авестада» да, Фирдоусидің «Шахнамасында» да кездесетіндігіне әрқашан назар аударады. Олардың пікірлеріне қарағанда, Орта Азия ежелден-ақ түбі түрік текстес халықтардың, соның ішінде, ең алдымен қаңлылардың, қоңыр(ат)тардың, мандардың (маннай, маң(ғ)тайлардың), сагайлардың (шағайлардың) Отаны саналған.

Сондықтан да болар шумерлердің де, бұлғарлардың да ата қонысымыз Орта Азия деулері де, сондай ақ шумерлердің өздерін қаңлымыз деп түсіндірулері де, бұлғарлардың өздерін субар /қаңғар/хунгурлардан /қоңыр(ат)тардан/ таратулары да көнілге қонымды әрі түсінікті.

Олай болса, Месопотамия (Қос өзен) аумағына жаугершілік жорықтармен барып, өз мемлекетін құрған қаңлыларды маңайындағы елдер субар /сумер/ шумер деп атап кеткендігіне, сондай-ақ, Орта Азиядан ауа көшіп, Қара теңіздің солтүстік жағалауына барып, қоныс тепкен оногур /һуногур,/хунугур/хунгур/кунгур/қоңыр(ат)тардың біршамасының кейіннен бұлғарлар атанғанына ешкім де дауласа алмаса керек. Оны ассынсаныз осы өңірлерде өмір сүріп, кейіннен печенегтер атанған түбі түрік тексті жұрттар өздерінің хунгурлардан /қоңыр(ат)тардан/ тарайтын үрім-бұтақ екендіктерін терістемеген, керісінше мақтаныш тұтқан.

Демек, қоныраттардың аргы түбі саналатын қонырлардың атамекені ж.с.д. XIX-XVIII мыңжылдықтардан бері Каспий теңізінің онтүстік жағалаулырынан /Хорезм өңірі/ Хиндикуш, Памир, Алай, Тянь-Шань тауларының теріскей жағын жағалай шығысы Ертіс өзенінен Батысы Арал теңізіне дейінгі аралық. Олар бұл өңірлерде қаңылармен түбі бір аргы түрік үрім-бұтақтары ретінде өзара сыйласып, қоян-қолтық ғұмыр кешкен. Түбі бір туыс жұрттар екендіктерін ұғынып, сезінген. Тату-тәтті, өзара құрмет тұтушылықта болған. Бір-біріне көмектесіп отырған. Екі ұлыс халқы да күнге табынған. Хун-күн деген сөз, гур-табынушы, күн ұрпақтары, күнге табынушы халықтар. Хунгурлар. Хунгурлардың /қоныр(ат)тардың/ біршамасы ата жұрттары – Орта Азиядан ауа көшіп Шығыс Еуропаға ұзағанда негізгі тобы байырғы ата-қоныстарында мекендей қалған.

## **1.2. Қоңе мәдениет ескерткіштерінің түзілуінде қоныраттардың да үлесі бар**

...Арада тағы да бірнеше мыңжылдықтар өтті. Хорезм өлкесіне Сыр бойын қоса Арал теңізіне дейінгі аймақты мекендей жатқан түбі түрік текті халықтар қаңылар, қоныраттар, маңдар мен сағайлардың /шағайлардың/ бірқатары мал қамын күйттеп жайылымға қолайлы шұрайлы, шалғынды жерлерді қуалап шығысқа қарай жылжи бастады.

Әрине, бұған қарап, олар егіншілікпен, қол өнерімен және кәсіпшілікпен айналыспаған деген ой тумасы анық. Олардың басым, ата жұртта тұрақтап қалғандары егін екті, кент тұрғызды, кәсіпшілікпен айналысты. Оған өзбек этногенезінің қалыптасуын індете зерттеген ғалымдар, Хорезмдік қоныр(ат)тардың диканшылықпен сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай айналысып келе жатқандығын мысалында келтіреді. Мақта, қоза, шит, бидай, арпа, тары, астық, бұршақ, қабақ, қауын, алма, өрік, алмұрт, қақ, қарбыз, жұзім, алма сияқты дақылдар мен жемістер атаулары түбі түрік текті жергілікті автохтонды халықтардың өздері атаған атаулары. Сондай-ақ, олар диханшылықта пайдаланатын атаулар орак, кетпен, күрек, шығыр, арық, тоған, дамба, диірмен канал, оман арық атауларын да атамалап, әлемдік сөз қорына ендірген. Сонымен қатар ғалымдардың дәлелдемелеріне қараганда, Орта Азия өңірлерінде темірдің, мыстың, қалайының, күмістің және алтынның мол қорының

болуына қарай әлем халықтары арасында қоныраттар алғашқылардың қатарында болып металл қорытқан. Оны өндеп әртүрлі өнер туындыларын жасаған. Қару-жарақ соққан. Алғашқылардың бірі болып жазу-сызуды пайдаланған. Сауда-саттыққа, есепке жүйрік болған [4, 70-86].

Ал, түбі түрік текті халықтардың (олардың ішінде қоныраттар да бар) далалық аймақтарды мекен тұтып, жайлағандары, негізінен, мал шаруашылығымен айналысты. Жабайы хайуанаттарды аулауды ұннatty. Көшпелі өмір сүрді. Бұл өңірлерге олардың алдыңғы легі біздің заманымыздан 140-40 мың жыл бұрын келіп, қоныстанған болатын. Оған дәлел Сарысу өзені аймағында Қосмола, Қызылжар мекендерінен табылған тас ғасырына тән қазыналар. Орталық Қазақстаннан табылған адам тұрақтары. Ал, осы өңірлерден табылған тас құралдарының Әмудария алабындағы Келтеминар, Маңғыстаудағы Ойықты, Қосқұдық, Шібір (ж.с.д. VI-V мыңжылдықтар), Араг төнірегі, Қос дария, Қаратая аумағынан табылған тас құралдарға ұқсастығы бұл аймақтарға алғашқы адамдардың сол өңірлерден қоныс аударғандығына себепші бола алады.

Өйткені, жоғарыдағы өңірлерден табылған тас құралдары Үзбой, Маңғыстау, Қос дария, тіптен қала берді, Қаратая өңірінен, атап айтқанда, «Ашысай», «Қандөз», «Қантагы», «Шаян», «Арыстанды», «Қарабас», «Тоғайтөбе» және «Шоқтас» тұрақтарынан табылған тас құралдарына өте ұқсас. Аң аулауга, атап айтқанда, аю, бұғы, қабан, қасқыр, қоян, борсық аулауга өте епті.

Тарихи-мәдени жағынан қарастырғанда бұл өңір ескерткіштерінің Келтеминарлық мәдениетке де, Оңтүстік Шығыс Орал мен Арадың шығыс өңірінің неолит мәдениетіне де ұқсастығы бар.

Жалпақ қойнауынан алты тұрақ табылды, олардан жапсырмалы керамиканың сынықтары мен кварциттен жасалған құралдар жиналды. Балшықтан жасалған ыдыстардың көбі - мойны бар ірі қыш құмыралар мен дөңгелек тостағандар. Ідыстардың жоғарғы жағы тісті қалыптен басылған және сыйып жасалған қарапайым өрнекпен безендірілген. Кварцит бұйымдардың арасындағы үстіңгі жағы мұқалған, шеті қисайған сыналар, оймасы бар пышық тәрізді пластинкалар, қырғыштар көп. Қосмола-4 және Қосмола-5 тұрақтарында шақпақ тас пен ақ кварциттен жасалған құралдар, өндемеген пышақ тәрізді қалақтар және балшықтан жасалған өзге үлгідегі ыдыстар жиналды. Бұл ыдыстар ірі құм қосылған балшықтан жұқа бүйірленіп жасалған,

әжептеуір жақсы күйдірілген, тегістелген, өрнегі жоқ дерлік, мұның өзі неолит үшін сирек құбылыс болып табылады. Тұрақта дөңгелек тостағандар мен кейде ішіне қарай иілген мойны бар құмыралардан басқа төрт-бес науаның қалдықтары кездесті. Олар біздің заманымыздан бұрынғы III мың жылдықтың бірінші жартысының орта шеніне жатады. Егер Қосмола-4 және Қосмола-5 тұрақтарын сол уақытқа жатқызысақ, онда бұлар Сырдария өзенінің ежелгі алқабындағы қазіргі кезде белгілі болған ескерткіштердің ішіндегі өте ертедегі ескерткіш болып табылады. Археологтар Аral төңірегінен табылған тас дәүірінің ескерткіштері екі замандық уақытқа – неолит пен энеолитке жатады деген тұжырым айтады.

Сексеуіл-1, Ақеспе неолиттік тұрақтарынан табылған заттардың ішінде екі жағы өндөлген жебе мен сұңгіде ұш жоқ. Бірақ оның есесіне қырланған пышақ тәрізді көптеген қалақтар бар, ыдыстардың сынықтарында тісті қалыптың ирек таңбалары қалған. Ал Сексеуіл-2 тұрағындағы жебелердің ұштары екі жағынан мұқият өндөлген, ойықтау сағалы, қалақша бітімді жасалған.

Неолит дәүірінде-ақ орын ала бастаған шаруашылық өзгерістері нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы II мыңжылдықта малшылық-егіншілік шаруашылығы мен едәүір дамыған металлургия қалыптасты. Өндіруші тұрпаттағы кәсіппшілікке көшу Қазақстандағы бүкіл жағдайды тубірінен өзгертті. Қоныстарын жиі ауыстырып отыратын жігерлі, пысық малшы тайпалар ұлан-байтақ аймақтарда қуатты бірлестіктер құрды. Бұлардың қалыптасуында соғыс қақтығыстары, қорғаныс қажеттігі елеулі рөл атқарды. Қару енді жабайы андарды аулау үшін ғана емес, қақтығыстарда да жиі пайдаланылатын болды. Соған орай қару жасау бірте-бірте металл өңдеудің дербес саласына айналды.

Ал, қола дәүірінде осы аймақтарда өмір сүрген адамдардың тау тастарға ойып салған 49 арбаның, жүздеген үй жануарлары мен жабайы аң-құстардың суреттері көз тартарлық керемет, өте айшықты әдемі көрінеді. Десек те Қазақстанның қола дәүірінің ескерткіштері анағұрлым аз зерттелген. Көп жылғы ізденістер нәтижесінде бірен-саран қорымдар мен қоныстар табылды. Бұлардың қатарында Сырдарияның ескі арнасы - Іңкәрдарияда, атап айтқанда Үйгарақ адыры маңындағы, Егіскөк және Көксенгір атырабындағы тұрақтарды атауга болады. Мұнда табылған қыш ыдыстардың сынықтарында оюолы және ирек тісті қалыптен салынған өрнектер бар. Өрнек

мәнерлерінің арасында сыйнық сзықтардан, меандрлардың қатарлары, тұрықтандырылған үшбұрыштар, «шырша», «жалаушалар», тамшы іздер, тағы басқалары кеңінен тараган.

Кейінгі қола дәуірінің неғұрлым көрнекті ескерткіштері Іңкәрдария жағасындағы (Қызылорда қаласынан оңтүстік шығысқа таман) Түгісken адырына орналасқан Солтүстік Түгісken мазары. Бұл тік бұрышты шикі кірпіштен қаланған құрылыстардың еңселилігіне және жерлеу мүлкінің байлығына қарағанда тайпалардың көсемдері жерленген.

Біздің заманымыздан бұрынғы II мың жылдықтың екінші жартысында I мың жылдың бас кезінде Сырдарияның төменгі бойының тұрғындары Батыс және Орталық Қазақстанның далалық тайпаларымен неғұрлым тығыс байланыста болды. Мұнда дамудың жергілікті бағыты Андронов мәдениетіне тән, немесе оған өте жақын болып келеді.

Қола дәуіріндегі қоныстар Сырдария өзені бойында тым жұтаң. Бұл жағдай бұл өнірдің қуандай келетіндігіне байланысты болса керек. Бұл Сыр өнірін мекендереген алғашқы адамдардың тек мал шаруашылығымен айналысқандығын белдіреді. Алайда, шағын алқаптарда суармалы егіншілік болғандығын жоққа шығара алмаймыз.

Сонымен қатар Сыр өнірін мекендереген ежелгі тұрғындар құрылыс өнерін де дамытып бірнеше діни орындар архитектурасын дамытқан. Оған дәлел тікбұрышты сарғыш түсті шикі кірпіштерден қаланған кесене қалдықтары. Кесенелер күмбездене өрілген. Іштеріне тікбұрышты бағаналар тұрғызылған. Сақталған бағаналардың биіктігі 2 метрден асады [5, 17-20].

Осылайша, Өмудария өзенінен бергі далалық аймақтарда да көшпелі-отырықшы халықтардың әлеуметтік келбеті қалыптаса бастады. Ш ғұз /сақ-массажет/ бірлестіктері орнықты. Олардың жан-жақты дамыған мәдениеті болды. Негізгі тұрғын-жай үшін киіз үйді пайдаланды. Үйдің керек-жарағы, құрал-сайманы, ыдыс-аяғы сынбайтын заттар теріден, киізден, ағаштан жасалды. Сыр өнірі ішкүздарының /сақтарының/ тұрмысы, саяси қуаттылығы біздің дәуірімізге дейінгі I мың жылдықтың екінші жартысында барынша артты. Әскері сол замандарға тән қару-жаракпен толық қаруланды. Халқының саны өсті. Олар өздерінің оңтүстік-батысында орналасқан бай елдерді шабуды үдетті. Ақырында көпшілігі солай қарай ауып ж.с.д. 616 жылы Маннай-Манна-Мидия мемлекетін орнықтырды.

Десек те еуроцентршіл ғалымдар сақ-скифтерді иран тілді халықтардың санатына қосуға әуес. Алайда, соңғы жылдардағы М.Закиев, Қ.Лайпанов, И.Мизиев, Г.Гейбуллаев, О.Сүлейменов, Қ.Мұсаев, Қ.Салғараұлы, Т.Жұртбай және басқа да ғалымдар тарапынан жүргізілген қайта пайымдаулар бұл тұжырымның түбінде бір шикілік бар екенин дәлелдей бастады.

Олар сақ-скиф заманына қатысты дереккөздерге түскен адам есімдері, топонимдер мен этнонимдер бойынан көне парсы мен осетин тілі арқылы ғана түсіндіруге болатын ұғымдарды бір жақты теріп, «Скиф сөздерінің сөздігін» жасаған ирантанушы В.Абаевтың енбегіне сын көзben қарайды. Жүйесіз, көптеген семантикалық сәйкесіздікке ұрынған жұмыс ретінде бағалайды. Сақ-скифтер тілінде соның алдындағы *ari* кезеңінен қалған тілдік нышандар кездесуі мүмкін, бірақ ол барлық сақ жүрттараты көне ирандықтар тілінде сөйлемді дегенді білдірмесе керек дегенге ден қояды. Сол скиф сөздігі делінген еңбектегі лексикалық мысалдардың көпшілігін түрік тілі арқылы да ұғындыруға болатынын айтады.

Бұл тұжырымдармен сақ-скифтердің археологиялық мәдениетінің сом-сом күйінде түрік-монгол халықтарында ұзағынан тұрактап, сақталып қалғанын саралау арқылы, сақтарды жаппай иран тілді болды деу жөн еместігін дәйектеген Л.Ельницкийдің пікірі де үйлеседі [6, 241-244].

Сақ-скиф (түрік-сақ) тайпаларының түп-тегі, мәдениетінің түріктік паралельдері, тілі, ғұрып-салттары, этнографикалық, археологиялық сипаттараты, кейінгі даусыз түрік дәүірлеріне дейін ұласқан сабақтастығы туралы әңгіме ауқымы тым-тым кен. Ол арнайы түрде кеңінен тоқталуды қажетсінеді [1, 213-214].

Сондықтан, терең қазбалап жатпай-ақ, ирандық ғалымдардың өздері иран тіліндегі көптеген түбір сөздердің түп төркінін түркілік ұғым-түсініктерден іздестіруін мысал ретінде осы арада өзектеп өтуді жөн көріп отырмыз.

Айталық, иран ғалымдары «ари» сөзінің түбірі түркілік ар/ер сөзінен туындаған деп есептейді. Бұл ұғым түрік тілінде ер-адам (адамдар) мағынасын білдіреді. Өйткені ар/ер сөзі көптеген түркілік жүрттар атауын құрастырушы жүрнақ. Мысалы, суб-ар, хаз-ар, бұлғ-ар, аб-ар, маж-ар, қанғ-ар, тат-ар және т.б. этнонимдерде «адамдар, жүрттар» деген мағынаға саятын жүрнақ ретінде қолданылады. Түрік тіліндегі ер /ер кісі/ ұғымы да осыған сабақтас [7, 133-141]. «Ер»,

«ерен» сөзі көне түрік заманында да дәл қазіргідей ер (ер кісі), ер (ержүрек), ерен (жауынгер) мағынасында колданылған [8, 175-176].

Олай болса, деп ой қорытады қазіргі ирандық тілші ғалымдар, ари түпкі ұнді-иран тілдерінде сөйлейтін тайпаларды білдіретін балама атау деп түсіндірілгенімен, түп төркіні түркілік ұғым. Бұл ұғым Тұраннан ұнді-иран жеріне қарай қоныс аударған, немесе осы аумақтарда билік құрған арилерді/ерлерді/ - ішгүздарды білдіретін атау, ұғым-түсінік [9, 54-57].

Енді өз атымен мемлекет атауын ататтырған «манна» этонимінің мән-мағынасын талдаң көрелік.

Әзіrbайжан тілші ғалымдарының түсіндірулеріне қарағанда, «манна» этониміндегі «н» әріпі алтай тілдеріне тән «н» дыбысын білдіреді. Олай болса, дауыссыз дыбыстардың қосарлануынан «Манна(й)» деп жазылған этоним әу баста «маң (ғ) ай», «маң (ғ) тай» түрінде айтылған болуы мүмкін.

Мұндағы - ай қосымшасының түп-тегі, сірә, алтайлық халықтар тілдерінде - ай /-тай/ /-дай/ /-дей/ түрінде кездесетін өнімді аффикс болса керек. Ол түрік-монгол ономастикасында ру-тайпа аттарына – сол жүртқа тиесілікті (-лық, -лік жүрнағы секілді) білдіру мағынасында, кісі есімдеріне еркелету, біреуге /бір нәрсеге/ ұқсата атау түрінде ұшырасады. Мысалы, Еркетай, Ақылдымай, Балапанымай. Түркілік тілші ғалымдар бұл суффикстердің туыстықты мензейтін ұғымдарға қосақтала айтылатындығын тілге тиек етеді (10, 246-253; 1, 110-111).

«Маң» жүртты, тарихшылардың дәлелдеулеріне қарағанда, сонау есте жоқ замандардан бері қарай өздері тәріздес басқа да түбі түрік текті халықтармен қоян-қолтық араласып, өмір сүріп келе жатқан әулет.

Оған маң тайпасынан өрбіген ондаған этоним дәлел бола алады.

Айталық, маңлар /мандар, маңғыстаулық жүрт/, маңғытайлар, маңғыттар, мұнғұлдар, мамақтар, маннайлар /мидиялықтар/, мажарлар, манаттар, машайлар, мұйтіндер, түркімендер, т.с.с.

Маңдарға қатысты мына дерек те қызуғышылық танытады.

«Генеалогия ДНК-сы деректері мен тілдік айғақтарға сүйенген біраз зерттеушілер кейінгі кезде герман халқын да осы маңдардың ұрпағы деген жoramалдық пікірлерін білдіре бастады. Байырғы көне деректерде «герман» атауының «ерман», «эрман», «ирман» деген нұсқалары кездеседі. Мысалы, IX ғасырда өмір сүрген араб географы Мұхаммед ибн Мұса әл-Хваризми Германияны: «Ирманийа, а она-

земля ас-сакалиба» /Калинина Т.М. Сведения ранних ученых Арабского халифата. - М., 1988. - Стр.48/, деген дерек береді. Мұндағы ас-сакалибаның Гередот жазатын «сколоттар» екенін, ал оның түрікше «асаколыты» деп аталатынын тілші ғалымдар дәлелдеген болатын» [Ю.Н.Дроздов, М.Закиев].

Олай болса, осыдан 16 000 ж.б. Таяу Шығыстан, қазіргі Иранның теріскеі мен Каспий теңізінің оңтүстік-шығысынан сан тарапқа үдерे көшкен алғашқы ру-тайпалық құрылымдардың қатарында мандардың да болғандығы анық [11.71-72]. Ал, мұның өзі сан тарапқа үдере көшкен барлық ру-тайпалық бірлестіктердегідей, мандардың жаңа қауымдарға жіктелуіне себепші болса, болған да болар.

Мидия мемлекетінің құрылудына қатысты этнолог ғалымдар тарапынан анықталған мына төмөндегі мәліметтер де оқығанда таң қалдыраш өзектілігімен маңызды.

Олардың түсіндіруінше, іш ғұздар бірлестігі түзіліміне маң тайпасы қосемдері үйтқылық жасаған [10.250-252].

Іш ғұздар кілең далалық түріктердің айбынды тайпалары жүрттарынан құрылымдалған. Олар ж.с.д. VII ғасырдың басында Қос өзен /Месопотамия/ аралығындағы бай елдерді жаулап алу жорықтарына кірісken. Жаулап алған елдерінің басын біріктіріп Мидия /Маңнай/ мемлекетін құрган. Жергілікті халықтар мен жаулап алушы кемер- сақ /ішғұз/ жүрттарының бірлесуі негізінде құрылғандығынан әрі сақтар құрамындағы маң тайпасы өзгелерден үстем болғандықтан маң атауына –най жалғамасының жалғануы арқылы мемлекет атауы Мидия /Маңнай/ деп аталған [6.4].

«Іш ғұз» атауы көне түрік сөзі. Мағынасы «ішкі ордалық жүрт» дегенді білдіреді. Сырт жүрт оларды сақтар деп атаған. Осы аса ірі әскери-саяси одақты құрылымдаушылар маң тайпасынан шыққан. Олардың одақта темірдей қатты етіп тәртіп орната білулеріне, әскерлерінің жауынгерлік қабілеттерінің жоғарылығына, өздерінің батыл да қайсар, айтқандарынан қайтпайтын қисық мінездеріне қарап, былайғы жүрт оларды – нағыз патшалар деп құрметтеп ұлықтаған. Бұл ұғымды ежелгі қытайлар өз тілдерінде «сай уань» - сақ патшалары, еуропалықтар- «царские скифы» деп атап кеткен көрінеді.

Іш ғұздардың /сақ-скифтердің/ жаугершілік жорықтары Таяу Шығыс өңірінде жаңа өркениеттердің қалыптасуына, жоғары деңгейде сауда-саттықтың, жазу-сызудың, есеп пен мәдениеттің, қол өнері мен

зергерліктің, аудыс-беріс айырбастың, рухани құндылықтар мен жаңа діни таным-сенімдердің туып, дамуына ықпал етті.

Өмір өз ағымымен алға озды. Бірнеше мың жылдықтар бойы дәуірлеп, шалқақтаған іш ғұздардың /сақ-скифтердін/ орнын далалық екінші бір көшпелі өркениет – сиуңулар /ғұндар/ империясы басты.

Бұл империяның қалыптасуында да тубі түркілік жүрттар, соның ішінде, қоңыраттар мен маңдар шешуші рөл ойнады. Десек те Сиуңну (ғұн) империясының тарихын сөз етпестен бұрын қоңыраттар мен маңдардың біршамасының Алтай-Саян тауларынан әрі асып барып, Байкал маңына, Монгол үстіртіне, Хуанкэ (Сары өзен) атырабына жетіп, қоныстану тарихынан аз-маз мағлұмат бере өтелік.

Ежелгі тубі түрік текті халықтардың басым көпшілігі (олардың ішінде де қоңыраттардан біршама қауым ел-жүрт болған) диханшылыққа қарағанда көбіне көп мал күтімімен айналысты. Мал бағымы күтімді талап етеді. Өсірсө, куандылық жылдары мал бағымы қыындей түседі. Сондықтан, мал қамын күйттеген далалық жүрттар қүйқалы, шұрайлы, шалғынды жерлерді қуалап, жайылым іздейді. Көшіп-қонып жүреді. Осындай мал-жанын күйттеген біршама жүрт жайылымды жерлерді қуалап шығысқа қарай ұзған. Сөйтіп, олар адамзат баласының даму сатысының белгілі бір кезеңіне тән құбылыс ең алғашқылар болып жайылымдық малшылықты өмірге келтірді.

Жалпы мал бағымын күйттеп, бір шұрайлы алқаптан екіншісіне көшіп-қонып жүру еуразиялық көшпелілердің ұлан-гайыр кеңістіктерді игеруіне ықпал етті. Мал бағу шаруашылықтың басым түрі болғандықтан жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-кону, үнемелік миграциялық үдерістер олардың қоршаган орталарын кеңейте түсті, шөл мен шелейт жерлерді де игерулеріне жағдай туырды. Оларға адамзат қоғамының өркендеу сатыларында өзіндік орны бар әрі айрықша бір құбылыс саналатын көшпелілік өркениетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Далалық көшпелі халықтар адамзат қоғамының дамуын сұзгілей келіп /М. Вебер/, жаңа өркениеттердің қалыптасуының себепшісі болды /Үнді, Иран, Ғұн мемлекеттері, т.т./.

Осылайша адамзат дамуының белгілі бір кезеңіне тән құбылыс – алғашқылар болып жайылымдық малшылықты өмірге келтірген Хунгурлардың /қоңыр(ат)тардың/ шығысқа қарай жылжыған көш-қоны V-IV мыңжылдықтар қылышында Алтай-Саян таулары баурайларында ұзақ тұрақтап қалған. Оған осы өнірлерден табылған артефактілер күәлік етеді.

Айталық, аты-жөні дүниенің төрт бүрышына танымал археолог Л.Р.Кызыласов «нақ осы хуньюйлер /қоныр(ат)тар/ таулы Алтайдағы Пазырық мәдениетін қалыптастырган», – деп түйін түйеді [12,143].

Осыған байланысты шығысқа қарай жылжыған хунгурлардың /қоныр(ат)тардың/ жол-жөнекей тұрақтап, адамзат өркениетінің дамуында өзіндік орны бар ізі қалған Алтай-Саян таулы алқабындағы тыныс-тіршіліктерінен де хабар берे өтелік.

Орта Азия өнірі мен бүгінгі Қазақстан аумағынан шығысқа қарай жылжыған хунгурлардан /қоныр(ат)тардан/ Алтай-Саян таулы алқабында қалған артефактілік материалдық ескерткіштер: төбе-төбе болып үйіліп жатқан қалалар мен бекіністердің қираган орындарынан, қоныстық мекендерден, үңгірлердегі тұрақжайлардан, молалар мен обалардан табылған тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдар, еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, тасқа салынған суреттер, молалардағы жерлеу ерекшеліктері, құрбандық шалу және тасаттық беру тәсілдері олардың өмір-тіршілігінен, әдет-тұрыптарынан, салт-санасынан, шаруашылық жүргізу, ел басқару, әскер жасақтау салттарынан, әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан көп мағлұматтар берді.

Тарихтан хабардар адамдарға белгілі, әдетте, ежелгі мәдениет ескерткіштері шоғырланған аумақ, сол аумақта ең алғаш рет қазылған тұрақ атымен аталады. Осыған сай Алтай-Саян таулы аймағында ж.с.д VI-II-ші ғасырлардан қалған ежелгі мәдениет ескерткіштері шоғыры да солардың ішінен ең алғаш рет қазылған мұз басқан 5 оба жатқан жер – Алтайдағы үлкен Улаган өзеніндегі шатқал атымен – Пазырық мәдениеті деп аталған.

Ал, шындығында ежелгі хунгурлардан /қоныр(ат)тардан/ қалған бұл мәдениет тұрақтары Алтай-Саян өнірінің барлық аймақтарында көрініс берді. Айталық, солардың ішіндегі ең көнесі ж.с.д. IX ғасырдың аяғы мен VI ғасырдың бірінші ширегі арасын қамтитын көне ескерткіштер Бий мәдениеті деп аталанады.

Десек те, кейінгі жылдары реєсми тарихта, ежелгі хунгурлардан /қоныр(ат)тардан/ қалған Пазырық мәдениетін де, және де осы өнірден табылған, бірақ басқалай аталатын көне мәдениет жүринақтарын да ж.с.д. IX-II ғасырлар аралығында Таулы Алтайда өмір сүрген сақтардан қалған мәдениет ескерткіштері деп атап орнығып келеді. Өйткені, сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай осы өнірде өмір сүріп келе жатқан іш ғұз (сақ-скиф) тайпалары, атап айтқанда, динлиндер батыста Кузнецк Алатауынан шығыста Байқал көліне дейінгі жерлерді жайыла жастаңып, тагар мәдени ошағын қалыптаған.

Ұйық мәдени ошағын қалдырган қюйшэлер (қыпшақтар) тайпасы жоғары Енесей (Тыба) мен Үлкен көлдер шұңғілін мекендерген. Қырғыздар солтустік-батыс Монголия (Хархис-нур көлінің онтүстігінде) тұрғыланса, «плиткалы қабірлер» соққан шыңлилер /ежелгі Маң /Маннай, Маң(ғ)тай/ тайпасының Көгмен аталығының жүрттары/ Шығыс Монголия мен Забайкальеде ғұмырланған. Ал, хуньюйлер /қоңыр(ат)тар/ Таулы Алтайдағы Пазырық мәдениетін жасаған. Сондықтан ежелгі бұл мәдениет үлгілерінің бәрін қалыптастырган іш ғұз (сақ-скиф) тайпалары болғандықтан әрі олар Таулы Алтайдың өзін қоса сол маңдағы ұлан-ғайыр кеңістікті мекендергендейтін Таулы Алтайдағы ерте дәуір мәдениетінің ерте сақ дәуірі мәдениеті деп жаңаша аталғаны өте орынды [12, 143].

Бий мәдениеті жұрақтары Пазырық мәдениетіне қарағанда көп кейін, атап айтқанда, XX ғасырдың 90-жылдары ғана қазыла бастаған. Десек те оның қайсы бір ескерткіштері қазыла бастауларынан көп бұрын-ақ белгілі болатын. Әрі олардың бірнешеуі ежелгі замандарда-ақ қазылып, тоналған сыңайлы. Сонда да болса қазылған қабірлерден табылған заттар, адам және жылқы сүйектері Бий хунгурларының /қоңыр(ат)тарының/ тұрмыс- тіршіліктерінен тәп-тәуір айғақтық артефактілер жинақтауға мұрындық бола алды. Біріншіден, жерленгендердің басым көпшілігі әйел жыныстылар мен жылқылар. Әрі жерленген әйел жыныстылардың жасы бар-жоғы 20-50 жас аралығындағылар. Соған қарағанда ер адамдар көбіне көп жаугершілік жорықтарда жүріп, алыс жақтарда өлген. Немесе алыс атраптарға аң аулауға кетіп, сол жақтардан қайтпай қалған. Қазылған қабірлерден бірен-сарап ғана қару-жарактар табылған. Ал, бұл жергілікті халықтың көбіне көп жоғарыда көрсетілген аралықта бейбіт өмір сүргендігін білдіреді.

Сондай-ақ, зерттелген көне ескерткіштер кешендері отбасылық шаруашылықта, атап айтқанда, мал бағымы мен күтімінде еркектермен қатар әйел жыныстылар да айтарлықтай еңбектенгендердің айғақтан берे алады. Соған қарағанда, ер адамдар алыс жаугершілік жорықтарға аттанғанда мал бағымы мен қонысты күзету міндеттерін әйелдер атқарған секілді. Сонымен қатар, табылған айғақтық заттар: тұтыну ыдыстары, еңбек құралдары, қару-жарак тұрлери, құрал-саймандар, өлгендерді жерлеу тәсілдері, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ерекшеліктері іш ғұздардың (сақ-скифтердің) белгілі бір тайпасы белгілі бір өнірде тұтаса, қанаттаса жинақы қоныс тепкендігін білдіреді. Киіз үйлер арба үстіне тігіліп, оларды ондаған өгіздер сүйреп бір жерден екінші жерге

жеткізіп отырған секілді. Ал, кейбір қабірлердің биік обаланып үйілуі, оларда ру басылары, немесе дилінде отбасылары ақсақалдары жерленгіндігін білдіреді. Өйткені, ондай жандар рулық бірлікті нығайтуда немесе отбасылық берекелікті жандандыруда айтарлықтай рөлдер ойнаған.

Осының өзі ерте сақ дәуірінде-ақ хунгурлардың /қоныр(ат)тардың/ таптық жіктерге бөліне бастағандығын білдіреді. Мұны, сонымен қатар, биік тау етегіне тұрғызылған Ұйық қорғанындағы биік оба етіп үйлген мазарды қазу барысында да апанаңың байқадық. Мазар жан-жағынан 27 метр қашықтықта айнала қоршалған. Қабір басына биік бітіктас қондырылған. Оның бетіне бедіреніп ойып жазылған жазулар өшіп қалған. Қабір иесінің аяқ жағына бірнеше жылқы қоса жерленген. Қабір ішіне қойылған ыдыстар басқа, бірақ осы аймақта жақын жерлерден қазылыш алынған ж.с.д. VIII-VII ғасырларда қолданылған тұрмыстық заттарға тән немесе өте ұқсас. Қабірдің батысын ала 7, шығысын ала 13 «бұғы» бейнелері бедіреніп ойылған балбалдар бой көтерген. Соған қараганда, тайпа билеушісі өзінен жоғары тұрған ешқандайда билеушіге тәуелденбей, өз жүртүн өзі билеген сыңайлы. Оған оның жерленуінің патшаларды жерлеу дәстүріне сай «Қорған мәдениеті» («Курганская культура») дәстүрінде көрінгені де күәлік ете алады.

Келесі кезекте Таулы Алтайды мекендеген Хунгурлардың /қоныр(ат)тардың/ ж.с.д. VI-II ғасырларға тән Пазырық мәдениеті кезеңіндегі әлеуметтік-саяси құрылышының қандай болғандығын қарастырлық. Пазырықтық әлеуметтік кеңістікте ғұмырланған хұнгурлардың /қоныр(ат)тардың/ төмөннен жоғары қарай өрілген мұліктік-ауқаттылық, кәсібишилік және басқалай да өзгешіліктерін сез етпестен бұрын жас және отбасылық ерекшеліктерін анықтап алалық.

Зерттеу нәтижелеріне қаражанда, «пазырықтық қорғандар» мәдениеті дәуірінде хунгурлардың /қоныр(ат)тардың/ жас ерекшеліктері: балалық шақ, жігіттік шақ, кемелді кезең, қарттық жас болып 4 кезеңдік мерзімде толық көрінген. Мұндай мезгілдік көрсеткіштер еуразиялық құрылыштың барлық түкпір-түкпірінде осылайша көрініс берген. Осыған сай Таулы Алтайлық ерте сақ дәуіріне тән жыныстық пісіп-жетілу ж.с.д. VI-II ғасырлар аралығында балалар бойында 12-15 жас аралығында білінген.

Пазырлық мәдениеттік жерлеу рәсімдеріне қарағанда 15-17 жас аралығындағылардан жоғары жастардағы жерленгендерді жерлегенде олардың беліне қанжар байласпайды жерлеген. Қайсы біреулері қару-

жарақпен толық жерленген. Ал, жерленген әйелдер әдептегідей бояну құралдарымен, әшекейлі бас киімдерімен, мойындарына, білектеріне таққан зергерлік бұйымдарымен жерленген. Еркектердің де, әйелдердің де белдері шығу тектерін, ру-тайпалық белгілерін білдіретін шайы орамалдармен буылған.

Ру-тайпалық құрылымдарда әйелдерге қараганда ер адамдардың әлеуметтік мәртебелері жоғары саналған. Оны олар жерленген қабірлерде оларға тиесілі түрмистық заттардың молынан қойылуынан байқауға болады. Сонымен қатар, пазырлық мәдениеттік жерлеу рәсімдері үйілген обалардың арасында отбасылық немесе рулық байланыстардың өте күшті сақталғандығын да білдіреді. Оған дәлелдеме ретінде қайсы бір пазырықтық қорғандардағы қабірлерде өзара туыстығы бар бірнеше отбасылардың бірге жерленгендігін мысалға келтіруге болады. Сонымен қатар, ері мен әйелі бірге жерленген қабірлер де бар. Мұндай қабірлер зираттардағы барлық қабірлердің жартысына таман жуығын құрайды.

Десек те, пазырлық мәдениет жүрнәктарын қалдырган Хунгурлардың /қоңыр(ат)тардың/ отбасылық жағдаяттарына сипаттама беру өте қын шаруа. Өйткені жазба түрде қалған деректік мағлұматтар жоқ десе де болады. Десек те бұл кемшілікті палеогенетикалық тәсілмен анықтауға болады. Айталық, қазақ археологтары Берелдегі № 11 қабірде бірге жерленген ер адам мен әйел жынысты жанының жастарын анықтауда молекулярлық генетиканың тәсілдерін пайдаланған. Нәтижесінде олар қабірге анасы мен баласының бірге жерленгенін анықтап білген. Әрі әйелдің жерленуі бірнеше жылдардан кейін орын алғанын да анықтай алған. Ал, ер адамның жасы 30-40 жас аралығында болғандығын молекулярлық генетика ап-анық етіп көрсетіп берген [15].

Жалпы Таулы Алтайды мекендереген хунгурларда /қоңыр(ат)тарда/ ағасы о дүниелік болып кеткенде женгесіне қайнысының үйленуі сол замандарда көрініс берген көрінеді. Бұл өзі бір жақсы дәстүр: ағасынан қалған бала-шага жетімдік көрмей, ағайынтуысы арасында еркін, ойнап күліп, ер жетеді. Жоқшылық көрмейді.

Сонымен қатар, сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай көшпелі халықтардың арасында осы уақыттарға дейін үзілмей жалғасып келе жатқан қатаң тәртіп - он атаға дейін өзара руластарынан қыз алыспау, қосақ құрмау құқы (заң жүзінде бесітілген) хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ арасында да қатаң сақталған сыңайлыш. Ал, мұның өзі тайпа халқының дені сау, мығым, қуатты, ірі болып өсіп-өнуіне

ықпалын кәдімгідей тигізген. Қабірлерден қазып алынған адам сүйектері ірі болып келді. Соған қарағанда Таулы Алтай хунгурлары /қоңыр(ат)тары/ ірі денелі, мығым, нағыз далалық барыс секілді айбатты, келбетті адамдар болған сияқты. Олардың сом денелі, ірі болуларына Таулы Алтайдың таза ауасы, халықтың ауқаттылығы, ішім-жемінің молдығы да ықпал еткен секілді.

Таулы Алтайлық хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ негізінен мал бағымымен айналысқан. Қайсы біреулері қол өнері, етікшілік, ұсталық кәсіппен: темір, мыс, қола, қалайы, күміс, алтын ерітіп, өнер туындыларын жасаған, қару-жарақ соққан, шот, кеппен, күрек, балта, дірмен жасаған, тері илеген, киіз үй жасаған т.т. айналысқан. Десек те, Таулы Алтайды ж.с.д. IX-II ғасырлар аралығында мекендереген хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ VI-II ғасырлар аралығында Пазырық мәдениетін түзгендеге тек осы мәдениетке тән, оны басқалардан бөліп алып көрсете алатын өзгешеліктерімен де ерекшеленген. Айталық, жерленген адамдардың барлығына дерлік ортақ көрініс: олардың белдеріне қанжар байлануы; әрқайсысына тиесілі мініс аттарының бірге жерленуі; көтерілген обалардың барлығы дерлік «қорған мәдениеті» стилінде көтерілген; зираттар мен қабірханалар, әдетте, олар мекендереген жерлерге жақын орналасқан; маң дала төсінде алыстан мұндалап көзге түсетіндегі етіліп, өте биік зәулім обалар болып түрғызылған. Өсіресе, тайпа билеушілері мен абыздарға арнап көтерілген обалар, жәй адамдардың басына үйілген белгілерге қарағанда зәулімділігімен, үлкендігімен ерекшеленген.

Сонымен қатар, Ұйық, Қатан, Шибі тұрақтары қазылғанда хунгурлардың /қоңыр(ат)тардың/ темір өндеп, металл қорытумен де, ұсталықпен де кеңінен шұғылданғандығы байқалған. Сонымен қатар олар қыш құмыраларды да жасаған, су тарту үшін қыш құбырлар соғып, оны су айдау каналдары, немесе канализациялық құбырлар ретінде де пайдалана білген. Демек европацентріл тарихшылардың көшпелілер тек мал бағумен айналысқан деп тон пішулері шылғи өтірік, жалған пайымдаулар. Олар тігіншілікпен де айналысып небір әдемі тон пішкен, әшекейлеп әйел киімдерін тіккен. Алғашқы болып тұлқі, қасқыр, аю, арыстан, жолбарыс терілерінен жылы тон, камзол, малақай, бөрік тігіп киген. Ағаштан кейбір әсем қолөнер туындыларын жасаған. Мұндай ісмерлік қалыптары Таулы Алтайды мекендереген хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ бойында олар Пазырық мәдениетін қалыптастырмасстан көп бұрын – ж.с.д. IX ғасырга тән Бий мәдениеті қалыптасқанға дейін-ақ көріне бастаған. Соған қарағанда хунгурлар

/қоңыр(ат)тар/ жоғарыда өзектелген кәсіп түрлерін көп бұрын, олар Орта Азия мен Қазақстан аумағынан шығысқа қарай жылжымастан бұрын-ақ меңгеріп, қажеттіліктерін өтеп жүргенге үқсайды.

Таулы Алтайлық хунгурлар /қоңыр(ат)тар/ бейбіт өмір сүрге құштарлық танытумен қатар, жиі-жиі алыс аймақтарға жаугершілік жорықтар да жасап тұрған. Осыған сәйкес, жаугершілік жорықтарға шығу Таулы Алтай хунгурлары /қоңыр(ат)тары/ үшін де әдettі құбылыс саналған. Тайпа халқы түгелге жуық (әйелдерді де қоса) соғыс өнеріне жаттық болған. Өйткені, жау қайдан келіп қалар деп үнемі сақтықта отыратын көшпелі халық үшін аттың есік алдында байлаулы тұруы, қылыш, найза, шоқпар, айбалта, садақтың киіз үй керегесінде ілулі болуы үйреншікті жағдай-тұғын. Оның үстіне олардың әскери ойындарға жаттығуы, өніп, өсіп келе жатқан жас үрпақты соғыс өнеріне баулулары күнделікті іс болып саналатын. Өйткені мал бағумен көп болса оншақты-ақ адам айналысуға болады. Сонда қалғандары не істейді? Әрине, соғыс өнеріне жаттығады. Таулы Алтайлық хунгурларда /қоңыр(ат)тарда/ атты жасақтармен қатар жаяу әскерлерде болған көрінеді. Оған Уылдырық I тұрағы жанындағы қорымнан қазылып алғынған жауынгерлер бойында бес қаруы түгел болғанымен, олардың мініс аттарысыз жерленгендейтері куәлік ете алады. Сонымен қатар, тарихи дерек көздеріне, соның ішінде Таулы Алтайды мекендеген хунгурларда /қоңыр(ат)тарда/, сондай-ақ олармен қатар Алтай-Саян тауларын жалғастырып жатқан Мұзтаудан (бүтінгі күндері орыстар Белуха тауы деп атамалап жүрген таудан) басталып, тарамдала барып Обқа құятын Катунь, Би, Шүй сарқырамалары маңын жайлап отырған Маң /Маннай, Ман(f) тай/ тайпасы да бірнеше мың «ат құлағында ойнаған үримтал және бес қаруын түгел асынған жауынгерлерді жасақтап шығара алатындей» жүрттары саны мол әрі өтө бай дилы елдер болған [13-16].

Ж.с.д. VI мыңжылдықтың соңын ала Сыр бойының орта ағысы мен Арап теңізі атрабынан мал жайын күйттеп шығысқа қарай жылжыған хунгурлардың /қоңыр(ат)тардың/ бір тобы ж.с.д. 4 мыңжылдықтың бірінші ширегінде Таулы Алтай өңіріне жетіп, жоғарыдағы талдауларда өзектелгендей, бұл маңда 1000 жылға жуық уақыт тұрактаған. Мал-жаны өсіп, ауқаттыланған. Өнір мал жайылымына тарлық ете бастаған соң олардың біршамасы ары, шығысқа қарай жылжыған.

## **О.Нұсқабаев. Қоныраттар: түпкі ататек тарихнамасы.**

---

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Бейсенбайулы Ж. *Аргы түрлітер ақыратының ізімен*.-Алматы: Қайнар, 2006.
2. Закиев М. *История татарского народа/ Этнические корни, формирование и развитие*.- М: Инсан, 2008.
3. Түркістан. *Халықаралық энциклопедия/* Бас ред.Ә.Нысанбаев, Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000.
4. Аликов А. *Узбеки группы кунграт долины Зерафшан в XIX-начале XX- века. -* Самарканд: Самаркандский государственный университет, 2007.
5. *Сыр өңірі тарихы* (көне заманнан бүтінге дейін).- Алматы: Атамұра, 1998.
6. Ельницкий Л.А. *Скифия евразийских степей*.-Новосибирск, 2001.
7. Еремеев Д.К. *К семантике тюркской этноними*/Этнонимы. -М: 1970-С. 133-141.
8. *Древнетюркский словарь*. -Л,1969.
9. Аджи М. *Тюрки и мир*.- М,2004.
10. Гейбуллаев Г.А. *К этногенезу азербайджанцев*. Т.1.-Баку,1991.
11. Салғараұлы Қ. *Ұлы дала*. -Астана: Фолиант, 2013.
12. Кзыласов Л.Р. *Городская цивилизация срединной и северной Азия*. -М, 2006.
13. Тиштин А.А. *Погребальные сооружения курганного могильника Бийке в Горном Алтае и культура населения, оставившего их // Погребальный обряд древних племен Алтая* Барнаул, 1996.-С. 20-54.
14. Дашибаев П.К., Тиштин А.А. *Захоронение человека с конем как отражение некоторых сторон социально-экономической структуры населения Горного Алтая скифской эпохи // Социально-экономические структуры древних обществ Западной Сибири*. -Барнаул, 1997. -С.114-117.
15. Смашев З.С. Файзов К.Ш., Базарбаева Г.А. *Археологические памятники и палеопочвы Казахского Алтая*. -Алматы: Изд. Группа «Берел», 2001.
16. Кочеев В.А. *Некоторые вопросы военного дела и военного искусства древних кочевников горного Алтая скифского времени // Сибирь в панораме тысячелетий*. Т.1. Новосибирск, 1998.-С. 271-276.

(Жалгасы бар)

**МҰХИТҚА ЖҰТЫЛҒАН МУ**  
MU UNDER THE OCEAN

Қ. САЛГАРАУЛЫ<sup>\*</sup>

**Түйіндеме**

Жер шарының жаратылуы мен ондағы құбылыстарға қатысты ежелден бері айтылып келе жатқан қазіргі түсініктегі мифтер де, аныздар да, соларға негізделген түрлі ғылыми болжамдар мен тұжырымдамалар да баршылық. Мақалада автор бұдан сан мың жылдар бұрын із-түзсіз жоғалып кеткен Му континенті мен оның ежелгі тұрғандарының кімдер екені жайлы зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектеріне ғылыми талдау жасайды.

**Кілт сөздер:** теория, Му, Атлантида, материк, ғылыми болжам.

**Summary**

There are scientific forecasts and conclusions based on myths and legends according to creation of the planet Earth and the phenomena on it since ancient times. The article deals with continent called Mu, disappeared without any trace thousand years ago, also the author tries to analyze who were the aborigines of the continent and makes scientific analysis on the scientific investigations on it.

**Key words:** theory, Mu, Atlantis, mainland.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысында жоғалып кеткен континенттер жөніндегі пікір таласқа кәдімгідей жан бітіп, соның нәтижесінде жаңа атаулар пайда болып, із-түзсіз жоғалып кеткен континенттер жөніндегі түсінікттер нақтылана бастаған-ды. Соның көбісі XX ғасырдың басында, дәлірек айтқанда 1914 жылы неміс геологы Альфред Вегенер ұсынған континенттердің бөлшектеніп ыдырауы (*дрейфа континентов*) теориясынан басталған тәрізді.

Бұл теория бойынша әуелде Жер бүгінгідей құрылыштарға бөлшектенбей тұтас бір материк болған. Оны «Пангея» деп атайды. Осы Пангея палеозой эрасында екі бөлікке бөлінген. Соның солтустік бөлігіне А. Вегенер шартты түрде: «Лавразия»; ал онтүстік бөлігіне: «Гондвана» деген ат береді. Содан геологиялық эра мезозой кезінде Лавразия Солтустік Америка және Еуразияға бөлінеді де, ал Гондвана — Онтүстік Америкага, Африкаға, Австралияға, Антарктидага және

\* филология ғылымдарының кандидаты, Астана-Қазақстан.  
Candidate of Philological sciences, Astana-Kazakhstan. e-mail: [K.Salgara@mail.ru](mailto:K.Salgara@mail.ru)


Индияға бөлінеді. Осылайша бөлінген континенттер бір-бірінен алшактап, әр түсқа ыдырай бастайды. Арада сан мыңдаған жылдар өтіп, жағалауларын су шайып, түрлі өзгеріске ұшырағанына қарамастан, Оңтүстік Американың күнгей шығыс жағалауының Африканың батыс жағалауынан бөлінген орынының қалпын өзгеріссіз сақтап, бүтінге жетуі геология маманының айтқанының дұрыстығын көрер көзге қазір де дәлелдеп тұрғандай. Бұған географиялық картада қараған кезекелген адам көз жеткізе алады. Осында орай геология маманының осындағы тоқтамға келіп, өз теориясын жариялаудына, бәлкім, осы картадағы көзге ұрып тұрған дәлдік себепкер болды ма деген де ой келеді.

Қалай болғанда да, егер А. Вегенердің осы теориясы шындық болса, тұтас жердің бұлайша бөлінуі сұрапыл сүмдық сілкіністің, бүлдіруші орасан құдыретті бір күштің салдарынан болғаны анық. Қара жерді қақыратып жатқан мұндай аламантасыр орасан сапырылыстан кейін бұған дейін болған кейір континент пен аралдардың із-түзсіз жоғалуы да, сондай-ақ бұрын жоқ континенттер мен аралдардың жаңадан пайда болуы да таңданарлық құбылыс болмаса керек. Қай кезде екенін нақты білмесек те, кәрі құрылышы Му мен Атлантиданың пайда болуы осындағы астан-кестен сұрапыл сапырылыстардың салдары екені анық. Айтпағымыз баршага бірдей ұғынықты болуы үшін осы аттары аңызға айналған екі континенттің тағдырына қатысты жайларды енді олардың әрқайсысына жеке тоқтап, арнайы сөз еткеніміз жөн болар. Алғашқы сөзді кәрі құрылышы Му жөніндегі мәліметтерден басталық.

XIX ғасырдың аяғында майяның көне жазуларының бір нұсқасын оқу арқылы «Му» деген континенттің болғанын біліп, оның атауын ғылыми айналымға алғаш енгізген Брассер де Бурбур деген ғалым екен. Ол майяның көне дереккөзі «Троан манускриптінен» («Троанский Манускрипт») орасан жер сілкінісі кезінде атқылаған вулканның Му елін жойып жібергені жөніндегі деректі табады. Кейін майялардың құпиясын ашуда көп еңбек сінірген әйтілі зерттеуші әуесқой археолог Огюст Ле Плонжо осы Бурбурдың айтқандарының шындық екенін құптап, расында да майя қолжазбасында Му елінің қүйреуі жөнінде жазылғанын айғақтайды. Өзі сол майя жазбасындағы дерекке сүйеніп, археологтар арасында алғашқылардың бірі болып, Юкатаның көне қаласының орынын қазып, табылған жазуы бар тас тақтайшалар арқылы майя жазуы мен египет иероглифінің арасындағы байланысты табуга күш салады. Осындағы салыстыра зерттеу

нәтижесінде Ле Плонжо «Адамзат баласының Тұпқиотаны (Праодина) - Му» деген өзіндік тұжырымға келеді және бұған дейін азыз ретінде айтылып келген Атлантиданы осы Му континентінің бір нұсқасы, «екеуі бір континент» деген тұжырымға келеді. Көп ұзамай Британ армиясының полковнігі Джеймс Черчвард деген әуесқой зерттеуші өзінің ұзак жылдарға созылған зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйеніп, Му өркениетінің бұл өмірде болғанын жан-жақты дәлелдеп, “Жоғалған континент - Му” («Исчезнувший континент Му») атты еңбегін жариялады. Мұнда ол да «Адамзат баласының Тұпқиотаны - Му» деген тұжырымға келеді. Оның Ле Плонжодан айырмашылығы: ол «Му мен Атлантида бір емес, екеуі екі басқа континент» дегенді айтады және солай екенін өзі тапқан нақты айғақтармен дәлелдейді. Бұл ретте екеуінің қайсысының тұжырымы дұрыс дегенге келсек, өз басым Джеймс Черчвардтың осы саланың маманы еместігіне қарамастан, оның «Му мен Атлантида екеуі екі бөлек континент» деген тұжырымының тарихи шындық деп қабылдаймын.

Бұл арада, менің пайымдауымша, мәселе: олардың қайсысының қандай мамандық иесі екенінде, соған орай олардың қандай тұжырым жасағандарында да болмаса керек. Өйткені мәселенің түйінін шешу, түптең келгенде, олардың өз тұжырымдарын қандай деректер негізінде жасағанына және сол пайдаланған дереккөзінің ақиқатты айғақтар шынайылығына тәуелді ғой. Өткеннің оқиғасын боямасыз баяндаң, ақиқат тұрғысынан нақты мәлімет беретін сапалы дерек болса, сол арқылы жасалған тұжырым кім айтса да, өмір шындығынан алшақ кетпесі аян. Осы тұрғыдан келгенде, Джеймс Черчвард әскери адам болғанымен, ізденіс ауқымының көндігімен де, пайдаланған дереккөзінің сан алуандығымен де, көне символдарды өз мәнінде танып, оларды бір-бірімен салыстыра саралауымен де пікірлесі археолог Ле Плонжодан көш ілгері тұр. Сондықтан да оның ойы орнықты, тұжырымындағы ғылыми дәлдік бар, айтқандарына сендері алады.



Ежелгі Му континенті. Джеймс Черчвардтың картасы.

Джеймс Черчвард - Му тарихымен айналысады 1868 жылы Индияда әскери қызметте жүрген кезінде бастап, артынан қалған жарты ғасырға жуық ғұмырын соған біржола арнаған адам. Ол сол Индияда жүргенде үндінің ескі храмының бір монахымен танысып, сонымен жақын дос болады, ақырында бірте-бірте оның сүйікті шәкіртіне айналады. Ұстазын «риши» (данагей) деп атайды. Ізденушінің таланттына қарай оның бұл ұстазды майяның көне жазуын оқи алатын бүкіл үнді еліндегі ұш-ақ адамның бірі болып шығады. Осындағы ғұламаның көмегімен Черчвард медитация өнерін, астральдық проекцияны және индуизмнің киелі символдарын оқуды игереді. Бұл жөнінде Джеймс Черчвардтың өзі былай дейді:

*«Он (риши) показал мне как следует решать загадку этих причудливых надписей, и преподал мне уроки, которые подготовили меня решению еще более сложных задач.*

*Более двух лет я прилежно изучал мертвый язык, который по мнению моего друга наставителя, был изначальным языком человечества. Он сообщил мне, что в Индии осталось лишь два других наставителя, понимающих этот язык. Основная трудность заключалась в том, что во многих на первый взгляд простых надписях таилось скрытое значение, предназначеннное исключительно для Святых Братьев – накалей, – членов жреческого братства, которые уходили из Прадорины в колонии, чтобы обучать их жителей сокровенным писаниям и наукам» [1, 5-6].*

Білікті ұстаздың тағылымы мен танымын бойына мүқіндігінше мол дарытқан Джеймс Черчвард Индиядан кейін Му өркениетіне қатысты деректер іздел, Бирма мен Аризонаға, Оңтүстік теңіз бен Аляскаға, Австралия мен Мексикага барады. Көне халықтар майялар мен ұйғырларды<sup>1</sup>; геология мен көне діннің; грек әріптерінің символизмі мен свастиканың тарихын зерделеп, қазіргі әлемнің балама тарихын жазады. Жер шарының әр қырынан табылған көне жазуы бар мындаған тақтайшалардағы символдарды салыстыра зерттеп, Му континентінің болғанынына және оның тұрғындарының өркениет биігіне көтерілгеніне көз жеткізеді. Сөйтіп бір кезде үнді храмынан табылған тас тақтайшадағы құпия жазуларды танып-білу арқылы

---

<sup>1</sup> Дж. Черчвардтың ұйғырларын тарихқа белгілі ұйғырлармен; ал сәл кейінірек айтылатын «Ұлы Ұйғыр империясын» х.э. кейінгі IX ғасырдың ортасында пайда болған «Ұйғыр қаганатымен» шатастырмау керек. Бұл туралы алда арнайы сез болады. Қ.С.

жасаған «Адамзат баласының Түпкіотаны – Му» деген тұжырымын одан әрі дамытып, көптеген жаңа деректермен толықтырып, одан әрі нақтылай түседі. Ол туралы кітабының кіріспесінде Джеймс Черчвардтың өзі былайша еске алады:

«Я обнаружил, что цивилизации древних греков, халдеев, вавилонян, персов, египтян и индейцев возникли благодаря працивилизации, которые называлась Му.

Продолжив свои исследования, я выяснил, что этот исчезнувший континент располагался в Тихом океане и простирался от нынешних Гавайев примерно до островов Фиджи и Пасха, именно здесь была Праордина человека. Я узнал, что в этой прекрасной стране жил народ, колонизировавший всю Землю, и что этот изобильный край был уничтожен ужасными землетрясениями и погрузился в океан около 12 тысяч лет назад» [1, 7].

Осы айтылғандардың бері бос қиялдың жемісі емес, нақты дерекке негізделген өмір ақиқаты екенін дәлелдер айғақтарын Джеймс Черчвард төрт топқа бөледі. Оның біріншісі, өзін алғаш Му елінің тарихына қызықтырып, соны танып-білуге мұрындық болған, үнді храмынан табылған киелі тас тақтайшалар (*накальские таблички*). Онда Тынық мұхиттың тап ортасында Му құрылығының болғанынан бастап, адамзат баласының осы жерде жаратылғаны және орасан жер сілкісінің салдарынан кейін барлығының қалай талқаны шығып, отты құрдымға жұтылғаны түгел жазылған. Ең ғажабы, кейін Египет, Индия, Майя, Тибет елдерінен табылған басқа көне жазба деректері де осы үнді харамының тас тақтайшалары берген мәліметін бейне соның көшірмесіндей дәл қайталап, бір кездे гүлденген ғажайып өркениеттің дәуірлеп дұрсіп тұрған жерінде бұл күнде ол арада тек мұхит суының толқындарынан өзге көз тоқтатар түк те қалмағанын қуәландырады.

Черчвард мырзаның Му құрылығының және онда айтулы өркениеттің болғандығын дәлелдеуде екінші ұсынар айғағы: Айодхъедегі храмының басabyзы Нараданың осы храмда сақталған көне жазуды оқып беріп отыруы нәтижесінде кеменгер ой иесі әрі тарихшы Вальмики жазған үнді халқының атақты эпосы – «Рамаяна». Осында Вальмики «**бұл киелі жазудың шынғыс жақтан, яғни Тынық мұхиттан Бирма арқылы үнді жеріне келгенін**» атап көрсетеді. Жоғарыда айтылған үнді храмының киелі тақтайшаларында жазылған әңгімелердің де, Вальмикидің жазғанының да шындық екенін қазіргі таңда Британ Музейінде сақтаулы тұрған, кезінде Юкатанда жазылған көне майя кітабы «Троан Манускрипти» одан әрі айқындан береді.

Бұлардың сырттында Му елінің болғандығы басқа да толып жатқан, мысалы, Египеттен, Грециядан, Орталық Америкадан, Мексикадан табылған көне құжаттар мен АҚШ-тың батыс штаттарындағы жартасқа жазылған жазулар да қуәландырады екен.

Осылардың бәрін тізбелей келіп, зерттеушінің айтқандарының жаңсағы жоқ, шындық екеніне оқырман көзін жеткізе тұсу мақсатында енді осы ескі құжаттардың кейбірінен қысқа-қысқа бірер үзінді келтіре кетелік. Сонда бәрі түсінікті болады ғой деп ойлаймыз.

**«Троан Мунускрипти»:**

*«В год 6 Кан, в день 11 Мулук месяца Сак начались ужасные землетрясения, которые продолжалась до 13 Чуэн без перерыва. Страна холмов земли - страна Му - была принесна в жертву. Дважды сдвинувшись с места, она исчезла в течение ночи, непрестанно сотрясаемая огнями из-под земли. Будучи сожатыми в глубине, они заставили землю приподняться и обрушиться несколько раз в разных местах. Наконец поверхность земля не выдержала, и десять стран [или племен] были разорваны и рассеяны. Они затонули вместе с 64 миллионами жителей за 8060 лет до того времени, когда пишется эта книга».*

**«Кортестің кодексі»:**

*«Своей сильной рукой Хомен заставил землю задрожать сразу после заката, и в течение ночи Му, страна холмов земли затонула.*

*«Му, жизнь воды (морей), было утоплена Хоменом за одну ночь».*

*«Обитель мертвый правительницы ныне безжизненна, она стала неподвижной после того, как дважды подпрыгнула на своих основаниях; царь глубин, пробивая себе путь наверх, встряхивал ее сверх и вниз, убил ее и утопил».*

*«Дважды Му подпрыгнула на своих основаниях; затем она была принесена в жертву огнем. Она разорвалось дико сотрясаемая землетрясениями. Ударив ее чародей, который приводит все в движение, словно кучу червей, принес ее в жертву в ту самую ночь».*

**«Лхаса жылнамасы»:**

*«Когда звезда Боль<sup>1</sup> упала туда, где сей час только небо и море, семь городов с золотыми вратами и прозрачными храмами<sup>2</sup> задрожали и закачались словно листва в бурю, и вот потоки огня и*

---

<sup>1</sup> Боль – майялар түсінігінде «Жердің билеушісі» деген ұғымды білдіреді.

<sup>2</sup> «Прозрачные храмы» деген мәтінде аударушының қатесі болса керек. Өйткені бұл храмдар шыныдан, не басқа жылтыраған материалдан салынбаған (баспаның ескертуі.К.С.).

*дымы поднялись от дворцов. Крики толп людей наполнили воздух. Они искали убежища в своих храмах и цитаделях, и священная мудрая Му поднялась и молвила им; разве я не предвещала всего этого? И мужчины, и женщины, украшенные драгоценными камнями и сверкающими одеяниями молили: «Му, спаси нас!», и Му ответила: «Все вы погибнете, со своими служами и своими богатствами, и из вашего тепла восстанут новые народы. Если они позабудут, что лучший – не тот, кто берет, а тот, кто дает, их ожидает та же участь». Пламя и дым завершили слова Му, страна вместе с ее жителями была разорvана на части и проглоchена бездной»[1, 45-48].*

Біреуі Индиядан, екіншісі Мексикадан, үшіншісі Африкадан, төртіншісі Тибеттен табылған, қайсысының қашан жазылғаны да белгісіз бірыңғай символдық таңбалардан құралған осынау тым көне құжаттардың бәрінің бірдей есте сақталмаған ескі заманда болған және ол туралы бұл күнде Тынық мұхиттың телегей сүйнан басқа орнында «мынау» деп көрсетер тұлдырып да қалмаган континенттің жағдайын осыншалықты дәл суреттеуі - бір кездерде Му континентінің шынында болғанының және оның сұрапыл жер сілкінісінің әлегінен жойылғанының бұлтартпас айғағы болса керек. Бұдан кейін Му континентінің болғанына құдіктенудің өзі артық сияқты. Бірақ осыған қарамастан, Джеймс Черчвард бұлардың сыртында үшінші, төртінші айғақ ретінде құлаған пирамidalар мен храмдардың қабыргаларынан табылған бірнеше жазуларды, бір кезде Му континенті болды деген аймақтың төнірегіндегі Пасхи, Мангана, Тонгатапу, Понапе секілді аралдарда сақталып қалған тастан салынған көне харамдардың қалдықтарын алға тартады. «Олардың қай-қайсысының да көрген жанның көз алдына Му дәүірін бірден алып келіп, бір кезде гүлденген өркениеттің болғанына куәлік бере алады» дейді. Мысалы, Юкатанның Уш-мал<sup>1</sup> қаласындағы жартылай құлаған храмның қабыргасына жазылған «біз келген «Батыстағы Жер» деген жазу мен Мехиконың онтустік батысындағы сақталған пирамидадағы «Батыс жердің» қалай жойылғаны туралы жазу - бір кезде мұхит түбіне кеткен Му өркениетіне сол сұрапыл сүмдықты өздері көріп, куә болғандардың арнайы орнатқан ескерткіші іспеттес. Мұндағы, яғни Юкатанның ежелгі тұргындарының Му континентін «Батыстагы Жер» деп атауының өзі, байқап қарасаңыз, оның шынында да қазіргі Тынық мұхиттың сүйнен астында жатқанына қосымша бір айғақ екенін де

---

<sup>1</sup> Уш-мал атауының да таза түрікше сөйлеп тұрганына назар аударыныз. К.С.

жарияладап тұрғандай. Өйткені Оңтүстік Американың батысында тек Тынық мұхитының сүсі мен шашыранды бірер шағын аралдан басқа ешқандай құрылышқа жоғы баршаға аян.

Осы айтылғандардың сыртында Египеттен, Бирмадан, Индиядан, Япониядан, Қытайдан, Оңтүстік Төңіз аралдарынан, Орталық, Оңтүстік Америкадан, сондай-ақ солтүстікамерикалық ұндістердің көптеген тайпаларынан табылған символикалық таңбалар мен белгілер қаншама, олардың көптігі сондай мың-мындалы саналады. Тек археолог Уильям Нивеннің тапқан тақтайшаларының өзі 2500-ден асады екен. Осылардың бәрін оқу, салыстыра зерттеу Джеймс Черчвардқа Му континентінің нақты болмысын айқындауға мүмкіндік берген. Осы ретте ол былай дейді:

*«Этот континент представлял собой огромную холмистую страну, простиравшуюся от Гавайев на севере до самой южной части океана - южная граница определялась линией, соединяющей острова Пасхи и Фиджи. Протяженность My составляла; более 5000 миль с запада на восток и более 3000 миль с севера на юг. Континент состоял из трех отдельных массивов суши, отделен друг от друга узкими проливами или морями»,* - дей келіп, жоғалған құрылыштың тарамдана ақкан өзендерін, тамылжыған табигатын, жасыл жайлауларын сүйсіне суреттейді. Одан әрі мынандай деректер береді: *«Во всех направлениях, словно нити паутины, расходилась широкие «ровные дороги». Эти дороги были выложеный гладкими камнями, пригнанными друг к другу настолько плотно, что «трава не могла пробиться между ними»...*

*«В то время (жители континента) 64 миллиона людей делились на «десять племен», или народов, каждый из которых отличался от остальных, хотя «все подчинялись общему правительству»...*

*«За много поколений до того люди избрали себе царя и добавили к его имени приставку Ra. Он стал верховным жрецом и императором по имени»Ra-Mu". Сама империя называлась «Империей Солнца» [1, 31-34].*

Жалпы жоғарыда келтірілген деректердің ой сүзгісінен өткізіп, өзара салыстыра зерделегендеге олардың бір-бірінің мән-мазмұнын толықтырып қана қоймай, сонымен бірге бірі екіншісінің не жайында жазылғанының сырын ашып, жұмбағын шешуге мүмкіндік беретіні ғажап. Мысалы, жоғарыда айтылған, жер шарының бір-бірінен шалғай жатқан төрт нүктесінен, атап айтқанда: Индиядан, Африкадан, Мексикадан, Тибеттен табылған төрт көне құжаттың Му континенті

жайында беретін деректері болған оқиғаны көрген бір адамның айтқанының көшірмесіндегі соншалықты бірдей болуы неліктен? Бұл сұраққа жауаптап төрт құжатты жеке-жеке оқысаңыз таба алмайсыз. Ал оларды бір-бірімен салыстыра зерделесеніз құпияны ашар кілт бірі болмаса екіншісінен табылып, мәселенің мәнісін біртіндеп түсіне бастайсыз. Сонсоң оны осы тақырыпты зерттеушілердің, атап айтқанда: Бурбур, Ле Плонжо мен Джеймс Черчвардтың тұжырымдарымен ұштастырсаныз, тарихи шындық бірден айқындалып сала береді.

Айтқанымыз түсінікті болу үшін «Лхаса жылнамасындағы» «Троан Манускрипти» мен «Кортес кодексінде» жоқ мына жодарға назар салыңыз: *«И мужчины, и женщины... молили: «Му, спаси нас!», и Му ответила: «Все вы погибнете, со своими служами и своими богатствами, и из вашего пепла восстанут новые народы. Если они позабудут, что лучший – не тот, кто берет, а тот, кто дает, их ожидает та же участь».* Жеке алғанда ештеме түсінбейсіз. Жер сілкініп, алып храмдар дауыл жұлқыған жапырақтардай қалтырап, дүние астан-кестен болып жатқанда жүрттың жалбарына жалынып: «құтқара гөр» деп жатқан Муы кім? Құдай ма? Олай дейін десен, Му құдайдың емес, континенттің аты еді ғой. Бұған жауап жоқ. Амалсыз екінші дерекке үнілуге тура келеді. Ол: *«За много поколений до того люди избрали себе царя и добавили к его имени приставку Ра. Он стал верховным жрецом и императором по имени» Ra-Mu».* Сама империя называлась «Империей Солнца», - дейді. Міне, сізге кілт. Жауап табылды. Мұымыз Күн империясының, яғни Му құрылышының басabyзы әрі императоры екен. Осы арада Му елінің патшаймының қабірін тапқан зерттеуші Ле Плонжоның: «в гробнице Царицы Муу страны майя украшение из зеленого нефрита, названное им «Талисманом Царицы Муу», деген дерегін еске ала отырып, осының бәрін оның Юкатаннан тапқан жазуындағы: **Страны Му пророчествовал ее гибль, и некоторые, прислушавшись к предсказанию, покинул эти земли, отправились в колони и так спаслись**» деген дерекпен ұштастырыңыз. Соңда аталған төрт құжатты жазғандардың кімдер екені де және Америкаға барғандарының Му континентін неге «Батыстағы жер», ал Азияға келгендерінің неге «Шығыстағы жер» дегендерінің де мәні айқындалып шыға келеді. Сонымен бірге мұның және осының алдындағы тарауда айтылған «Галамдық Ағаштың» (Мировое Дерево) ұшар басын мекендерінде билеушілері өздерін әрі құдай, әрі патша

санап, елдерін «Күн мемлекеті» («Дом Солнца»), өздерін «Күн тегі» («Сыновья Солнца») деп атаған көптеген халықтардың көне мифологиясында бар ортақ түсінікпен сабактасып жатқанын да аңғару онша қындық туғызбайды. Ал бұл өз тарапынан алғашқы адамдардың Жаратушы Ұлы Құштің барын сезініп, оның символы ретінде Күнге табынғанынан хабар береді. Бұдан кейін күнге табынатындардың «ас», айға табынғандардың «ман» халықтары екенін, тұтас бір құрылыштың астардың атымен «Азия» («Ас-ұя») аталғанын қоссаныз біраз дүние өзара сабактасып, бәрі біртіндеп анықтала бастайды.

Сонымен, есте жоқ ескі заманда Му континентінің болғанын және оның тұрғындарының өз дәүіріне сай гүлденген ғажайып өркениетке қол жеткізіп, жершарының басқа өнірін мекендейген елдердің бәрін отарына айналдырып, соларға әмірін жүргізіп, дұрсіп тұрған шағында сұрапыл жер сілкінісінің салдарынан отты құрдымға кетіп, ғайып болғанын анықтадық. Оның шындығында солай болғанына куәлік берер нақты да сенімді айғақтардың да баршылық екеніне және олардың сан алуандығына да көз жеткізгендей болдық. Егер біздің бұл айтқандарымыз талабы зор, талғамы мол оқырмандарымызға азшылық етіп, көңілдеріне әлде бір күдік үйірліп жатса, онда оларға Брассер де Бурбур, Уильям Нивен, Огюст Ле Плонжо, Игнатиус Донелли, Джеймс Черчвард секілді осы тақырыпты түбекейлі зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарап шығуды ұсынар едік. Оларда біз айтпаған, айтып жеткізе алмаған талай қызықты деректер баршылық. Шындығына келсек, оның бәрін түгендереп жатуды мақсат та етпедік. Өйткені, біздің негізгі мақсатымыз, әңгіменің басында айтқандай, түріктектес халықтардың ғылым мойындарқандай кеше пайда болған жас халық емес, адамзат жаратылғаннан бері бар көне халық екенін нақты айғақтар арқылы жан-жақты дәлелдеу ғана. Сол мақсатпен ғылыми ортада соңғы ғасырларда ара-тұра сөз болғанымен, жалпы жүртшылыққа беймәлім, кейбір ізденушілер тарапынан «Адамзат баласының Түпкіотаны» деген тұжырымдар жасауға негіз болған «Му» деп аталатын континенттің ежелгі тұрғындарының да кімдер екенін анықтамақ болғанбыз. Ол үшін әуелі осы континенттің өзінің болған-болмағанына, ең алдымен, өзіміздің көз жеткізуіміз қажет еді. Сөйтіп, жогарыда баяндалғандай, ол қажеттілікті де өтеп, Му континентінің бір кезде болғанының тарихи шындық екеніне өз көзімізді жеткізгендей болдық. Солай екеніне оқырмандарымызды да сендіре алдық қой деп ойлаймыз.

Енді бізге қалатыны: осы із-түзсіз жоғалып кеткен континенттің байырғы тұрғындарының кімдер болғанын айқындау ғана. Егер бәрі ойдағыдан болып, анықтай алсақ, онда солардың арасында түріктекес халықтардың ататегінің болған, болмағанын анықтаудың қазіргі жағдайда қыынға соқпайтынына да сенімді едік.

Міне, енді соның сәті түскендей. Осы арқылы рееси тарих ғылымының «түріктерді х. э. кейінгі VI ғасырда пайда болған жас халық» деп ғылымға енгізген тұжырымының жаңсақтығын жалғанға жарияладап, бір түрік халықтарына ғана емес, бүкіл адамзат тарихына қандай қиянат жасалынып келгеніне жүртшылық назарын аудару мүмкіндігі туады деген үміттеміз! Сондықтан ендігі әңгіме арнасын осы мүдделі мақсатымызға қарай бұралық.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Му континентіне қатысты деректерді зерделеген ғалымдар Му құрылышының байырғы тұрғындары дегенде солардың ішінен қазіргі бар екі халықтың атын атайды. Оның бірі – майялар (Ле Плонжо), екіншісі - ұйғырлар (Дж. Черчвард). Бұл арада, біздің пайымдауымызша, маялардың басы ашық, олардың тегінің қай халыққа жататынын көне тарихтан хабары бар қазіргі жүрттың бәрі біледі. Өйткені Еуропа мен Америка ғалымдарының соңғы бірнеше ғасыр бойы Американың ежелгі тұрғындары – ұндістердің шыққан тегін анықтау жолында тынымсыз ізденіп келе жатқаны, сол ізденіс барысында бірнеше болжамдардың айтылғаны да баршаға мәлім. Айтары әртүрлі болғанымен, сол болжамдардың бәрінде Америка ұндістерінің арғы түп аталарының жаңа құрылышқа Азиядан Беринг бұғазы арқылы өткендігіне талас болмайтын. XX ғасырдың аяғында генетика ғылымының соңғы жетістігі - ДНК (дезоксирибонуклеин қышқылы) тәсілі көмегімен молекулада жазылған адамзат баласының мұрагерлік ақпарат қазынасына еніп, жаратылыстың тылсым құпиясын ашуға мүмкіндік алғаннан кейін генетик ғалымдар осы мүмкіндікті пайдаланып, Америка ұндістерінің шыққан тегіне қатысты проблеманы біржола шешу үшін жаңа зерттеу жұмысын Азияның Америкаға таяу бөлігі Қыыр Шығысты мекендердеген халықтардың: эскимостардың, чукчалардың, коряктардың, нивхилардың, юкагирлердің, игансандардың, селькуптардың, кеттердің, эвенкилердің, удегейлердің ДНК-сын зерттеуді қолға алады. Алайда зерттеудің нәтижесі күткендегідей болмайды. Солтүстік және Оңтүстік Американың ежелгі аборигендерінде болатын мтДНК-ның негізгі торт типі

(А,В,С,Д) бұл халықтардың өкілдерінің бірде-бірінен де түгелдей табылмайды, ең көп дегенінен – 3, ал қалғандарынан – 2, тіпті 1 ғана типі кездескен. Бұл нәтижеге сүйеніп, әрине, әлгі өкілдері зерттелген халықтардың ешқайсысын да америкалық үндістермен текстес, қандас деуге болмайтын еді. Сондықтан үндістердің арғы бабаларының шыққан тегін Азияның басқа жерінен, басқа халықтардан іздеуге тұра келеді.

Бұдан кейін ғалымдар Шығыстың басқа халықтарының, атап айтқанда, монголдардың, тибеттіктердің, қытайлықтардың, корейліктердің, вьетнамдықтардың тұқымқорын (*генофондын*) тексереді. Нәтижесінде тибеттіктер мен қытайлықтардың (*Қытайдың солтүстігіндегілердің*) және монголдардың вьетнамдықтар мен корейлерге қарағанда тұқымтектика ерекшелігі барлығы анықталады. Жиынтық жилігі 50 пайыздан төмен болғанымен, тибеттіктерден де, қытайлықтардан да, монголдардан да ДНК-ның «американдық» төрт типі (*A,B,C,D*) түгелдей табылады. Осыған қарап, ғалымдар американалық үндістердің ататегінің шыққан ежелгі отаны – Сібір емес, Маньчжурия немесе Монголия деген қорытындыға келеді.

Бірақ зерттеу мұнымен тоқталмайды. Америка ғалымдарының зерттеу қорытындысымен танысқан Ресейдің Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының И. А. Захаров бастаған генетик ғалымдары өз тараптарынан ізденіс жасап, тыба халқының тұқымқорын (*генофондын*) тексеруге арналы экспедицияга шығады. Осы жолы экспедиция мүшелері тыбалықтармен қатар Байкал көлінің сыртындағы буряттардың да генофондын тексереді. Жан-жақты журғізілген тыңғылықты зерттеудің қорытындысы күтпеген жаңалықты нәтижені көрсетеді. Екі халықтың да тұқымқорынан ДНК-ның «америкалық» 4 типі түгел табылып, олардың (*типтердің*) тыбалықтардагы жилік жиынтығы, тіпті, рекодтық деңгейге, яғни 70-72 пайызға жетеді. Америкалық адам тегін зерттеу қоғамының съезіне ұсынылған И. Захаров тобының осы зерттеу нәтижесіне көп ұзамай бұларға қатыссыз өз беттерінше зерттеу журғізген профессор В. П. Пузыревтің тобы да қол жеткізеді. Ал бұл бұған дейінгі зерттеудің қорытындысында жаңсақтықтың жоғының тағы бір айғағы еді. Сейтіп мтДНК (*митохондриалды*) дерегі бойынша тыбалардың америндтермен (*америкалық үндістермен*) текстес болуы – генетиктердің алдына Орталық Азияның түрктекtes басқа халықтарының да генефондын зерттеу қажеттілігін ұсынады. Осы қажеттілікті өтеу маңсатында Вавилов атындағы Жалпы генетика

институтының ғалымдары алтайлықтардың, хакастардың, шорлықтардың, сойоттардың генофондын анықтауга мүмкіндік беретін аса мол материал жинаиды. Осыларды зерттеу нәтижесінде бұл халықтардың тұқымқорындағы мтДНК түзілісінде үндістерге тән А, В, С, Д түрлерінің түгелдей болуымен бірге алтайлықтарда тек еурпоидтарда болатын X типінің де барлығы анықталған. Бұдан бұрын X типі америкалық үндістердің ішінде, сирек те болса, америндтерден ғана кездескен болатын. Ең ғажабы, компьютерлік талдау арқылы алтайлықтардағы мтДНК түзілісінің тегін қуалағанда, ондағы X типі кейінгі қоспа емес, қазіргі европалықтар мен америкалық үндістерде (*америндтерде*) бар X типінің түптегіндегі нұсқасынан да бұрын пайда болған ең ежелгі типіне жататыны анықталған. Ал бұл үндістердің Азияны мекендеген түрік халықтарымен жаратылыс тегінің бірлігінің бұлтартпас айғагы еді. Осылардың бәрін таразылай келіп, ғалымдар Америка үндістерінің арғы түпкі тегінің шыққан жері енді Манчжурия да емес, Монголия да емес, Байкал сырты мен Байкал бойы және Алтай-Саян аймағы деген тұжырымға келеді.

Бұл ғалымдардың осындай тұжырым жасағанда Му континентінің болғандығын және осы аталған халықтардың Америкаға да, Азияға да содан келу мүмкіндігін ескермегені бірден көрініп тұр. Өйткені олар есте жоқ ескі заманда із-түзсіз жоғалып кеткен бұл құрылыштың болғанынан бейхабар секілді. Бірақ, қалай болғанда да, бұл халықтардың, яғни америкалығының да, азиялығының да шыққан тегі бір, бәрі түріктекес халықтар екені енді баршага аян. Бұл жекелеген зерттеушінің пікірі емес, ғылым жетістігі анықтаған нақты тұжырым. Өзірге бұл тұжырымды теріске шығарар басқа деректі пікір айтылған жоқ. Бәлкім айтылмайтын да шығар. Сондықтан Американың тұрғылышты халықтарының бірі саналатын майяларды ғалымдардың «түріктекес» деп танып, ғылыми айналымға енгізулері де осы тарихи шындықты мойындауларының айғағы болса керек. Сонымен бірге бұл XX ғасырдың басында Джеймс Черчвардтың: «Любая надпись на севере полуострова Юкатан указывает на тот факт, что **большая часть первых поселенцев состояла из монголоидов**; возможно, в северных районах селились исключительно они. Однако со временем северные группы монголоидов приумножились и покорили всю Мексику и Центральную Америку» дегенінің де шындық екенін айғақтай түседі. Мұндағы Черчвардтың «монголидтер» деп отырғандарының түріктер екеніне ешқандай құдік болмасқа керек. Себебі оның бұл еңбегі

жазылған кезде қазіргі «түріктекес» деп танылған халықтардың атауын да, тарихын да тарихшы емес Черчвард түгілі Еуропаның шығыстанушы ғалымдарының өздері де білмей, бәрі оларды «монголоидтар» деп атайды. Моңғолдардың өзі түрік халықтарының бір бұтағы екенін олар кейінгі зерттеушілердің еңбекі арқылы енді-енді ғана біліп жатыр ғой.

Черчвардтың түрік халықтарының тарихынан мұлде хабарсыз екенін оның Му құрылғының байырғы тұрғындарының бірі деп өзі танылған «ұйғырлар» жөніндегі ой тұжырымдауынан да анық аңғаруға болады. Ол «Көрі құрылышқы Му. Адамазаттың Тұпкіотаны» атты еңбегінде Му құрылғының байырғы халықтары қатарында майялармен бірге «ұйғырлар да болды» дегенді айтады. Соған орай «уйгур» (ұйғыр) халқы әуелде Му империясының отары болғанымен, кейін айтартықтай дамып, олар да ұлken империяға айналған дейді. Өзі тапқан мәліметтер бойынша Ұйғыр империясының жер көлемінің деңгейін анықтап, оның картасын жасайды.



Нақтылық үшін картага өзі түсінік береді. Енді соған назар аударалық:  
 «Уйгурская империя была главной колонией Му. В китайских легендах говорится о том, что уйгуры достигли вершин своей цивилизации около 17 000 лет назад.

*Могущество Уйгурской империи простиралось от Тихого океана через всю Центральную Азию вплоть до Западной Европы, далеко за Каспийское море. Это было еще до того, как Британские острова отделились от европейского континента.*

*Южная граница Уйгурской империи совпадала с северными границами Кохинхины, Бирмы, Индии и Персии - и было это еще до того, как поднялись Гималаи и другие азиатские горы. Империя включила в себя Сибирь, однако нет свидетельств, позволяющих предположить, насколько на север проходили ее границы. Развалины уйгурских городов были обнаружены в южных районах Сибири.*

*Со временем уйгуры достигли Европы и, как утверждается в чрезвычайно древних индийских текстах, освоили северное и западное побережья Каспийского моря; оттуда они продолжили свой путь до Центральной Европы вплоть до ее западной границы - Ирландии» [1, 90-92].*

Черчвардтың кітабынан алынған бұл үзіндіні өз мәнінде түсіну үшін бұл арада оның қолданысындағы «ұйғыр» (уйгур) атауына арнайы тоқталған жөн сияқты. Қазіргі білімді оқырмандардың, біздің ескертуімізсіз-ақ «Черчвардтың уйгурларын» бүгінгі ресми тарихқа белгілі ұйғырлармен, ал оның «Уйгур империясын» х.э. кейінгі VIII - IX ғасырларда өмір сүрген Ұйғыр қаганатымен шатастыра қоймас деп білеміз. Сондықтан бұл жерде оған тоқталып жатпай-ақ бірден Джеймс Черчвардтың соншалықты көне халықтың атын кейінгі түріктердің бір тармағы – ұйғыр халқының атымен атауының себеп-салдарын сараптап көрелік.

Біздің пайымдауымызша, Черчвард ұйғыр мен майя халықтарының шыққан тегі ортақ, бір халық деп біледі. Оны археолог Уильям Нивен тапқан, бұдан 35-40 мың жыл өмір сүрген адамдар қалдырыған тас тақтайшалардағы жазулар дерегіне сүйеніп айткан оның мына ой толғамынан аңгаруға болады. Ол былай дейді: «Эти таблички задействуют две формы письменности: рисунки, составленные из символов, и сакральные надписи уйгиров-майя. Сакральный алфавит уйгиров-майя был создан на основе алфавита Праводина и включает в себя множество совершенно не изменившихся букв этого «праалфавита». Черчвардтың мұндағы «Праодина» деп отырғаны - Му континенті, «праалфавиті» - осы континентте пайда болған тұңғыш жазудың әріптері. Ал «уйгур-майясы» - осы алфавитті өмірге әкелген осы Му континентінің байыргы тұрғындары. Осы күнге дейін Орталық және Оңтүстік Америкадан табылған көне

тақтайшалардағы, храм қабырғаларындағы жазуларды жаңағы айтылған жазудың екі түрін де: символдардан құралған суреттер мен киелі (сакральді) әріптісін де зерттеушілердің бәрі бірауыздан майялардың еншісіне беріп келгені белгілі. «Майяның жазуы» деген ұғым ғылымға да еніп, орныққалы не заман. Сондай-ақ Черчвардқа дейін де, одан кейін де бұл жазуларға ол айтқан «ұйғырлардың» болмаса «ұйғыр-майялардың» ортақастығы бар деген дерек еш жерден кездеспейді. Ендеше саналы өмірін Му континентінің тарихын зерттеуге арнаған, соған қатысты өз заманында табылған деректердің бәрін зерде сүзгісінен өткізіп, арнайы зерттеу еңбегін жазған Черчвардтың майя атауына ұйғыр (*уйғур*) атауын тіркеуіне не себеп?. Ең ғажабы, оның «Исchezнувший континент Му» атты алғашқы кітабы жарық көрген 1926 жылдан бері бір ғасыр уақыт өтсе де, не тарихшылардың, не елтанушылардың (этнологтардың), не тілшілердің (лингвисттердің), ең болмаса біреуінің «черчвард ұйғыры» жөнінде жақ ашпаулары қалай? Әлде жаңа заманын бір халқының халықтық атауының (этнонимінің) адам баласының жадынан өшіріліп кеткен ескі заманда да бар болуы ғалымдар тарапынан назар аудараптық жаңаңық емес пе?

Бірінен бірі туындал жатқан бұл сауалдардың жауабы, түптеп келгенде, біз үнемі айтып келе жатқан бір-ақ мәселеге: әлем халықтарының бастау тарихының тек еуропалық таным-түсінік негізінде ғана жазылуына; соның салдарынан еуропалық таным-түсінікпен үйлесетіндерді «мәдениетті», «өркениетті», ал үйлеспейтіндерді «жабайылар», «тағылар» деп, бір адамзат баласын екіге бөліп тастауына келіп тіреледі. Осы «тарихи таным» негізінде кейін «мәдениетті», «өркениетті» делінген халықтардың тарихы жанжақты зерттеліп, кімнің қайдан шыққаны, қайда барғаны жүйелі баяндалып, бүтінгі күнге жеткізілді. Ал «жабайы», «тағы» делінген халықтардың тарихы ғалымдар тарапынан арнайы зерттеу нысанына айналмай, назардан тыс қалды. Олар туралы бар болғаны жаңағы «мәдениетті» «өркениетті» делінген халықтардың кейбір өкілдерінің кезінде соларға қатысты жазып қалдырыған сыңаржақ көзқарастарын білдіретін жазбалары (олардың көбі және мәдениеттілер мен жайбайылардың соғысы жайында. К.С.) негізінде үзік-үзік оқиғаларды арқау еткен, бір-бірімен сабақтастығы, табиғи жалғастығы жоқ құранды «тарих» жазылды. Ол тарихта «түрік» деген атау да, «турік халықтары» деген ұғым да болған емес. Тек XIX ғасырдың аяғында, жоғарыда айтқанымыздай, Орхон, Енесей (*Ене-сай*)

дариялары бойынан табылған жазуларды оқудың кілті табылып, кейін осы «таскітаптардың» берген деректері арқылы әлем тарихшылары сонау орта ғасырда Шығыста «Түрік» дейтін бір халықтың өмір сүргенін және олардың өздеріне тән гүлденген өркениетті мемлекеті, төл жазулары болғанын білгеннен соң ғана оларды жабыла зерттеуге кірісті. Бірақ қанша тырысқандарымен бастау тарихы зерттелмеген беймәлім халықтың қайдан пайда болғанын сараптап, басын ашып бере алмады. Соған байланысты ақырында ресми тарих ғылымында «түрік халқы х.э. кейінгі VI ғасырда ғана пайда болған халық» деген «ғылыми» тұжырым пайда болды.


Міне, ғылымдағы жалпы жағдай осындай болғандықтан, Мұ континентінің тарихына қатысты дерек іздең, әлемнің көне храмдарының бірінен екіншісіне шапқылап жүрген, өзі тарихшы да емес, Джеймс Черчвардтың ол кезде бұл жаңалықтарды естіді деген күннің өзінде, одан нақты бірдеме білуі мүмкін емес еді. Сондықтан оның аталған еңбегін жазған кезде бұл өмірде «түрік» деген халықтың болғанынан мұлде хабарсыз екені анық. Бұл ретте оның бар білетіні өзі Қытайға барғанда оқыған ұйғыр халқының тарихы ғана!. Ол, тіпті, ұйғырлардың түріктектес халықтарға жататынын да, басқаша айтқанда, «Түрік» атты альш байтеректің көп бұтағының бірі ғана екенін де білмейді. Сондықтан да ол Мұ континенті сұрапыл табиғат апатынан мұхит суының астына кеткенде, содан аман қалғандарының Азияға келгендерінің тұрақтаған жері деп көне құжаттарда (*Үндінің көне харамынан табылған накаль тақтайшалары. К.С.*) көрсетілген аймақтың тарихтан өзі оқыған Ұйғыр қағанатының жері екенін біліп, ұйғырларды Мұ континентінің апатынан кейін ауып келген майялардың қазіргі ұрпағы деп таныған секілді<sup>1</sup>. Осы түсінікпен ол Мұ континентінен келіп Азияға бауыр басқан майяларды басқа майялардан ерекшелену үшін «ұйғыр-майя» атауын қолданған болуы керек. Эйтеуір оның майялардың да, ұйғырлардың да түріктектес халықтардан екенін білмегені шындық. Ол түгілі майя халқының түріктектес халықтар екенін біздің өзіміз, онда да ДНК-ның көмегімен, енді-енді ғана біліп, мойындаған жатырмыз фой<sup>2</sup>. Қалай

<sup>1</sup> Джеймс Черчвардтың мұнысы көнекытайлықтардың өздерінің солтүстігіндегі түріктектес «ди» халқын білмей, оларды өздері бұрыннан білетін «жундар» секілді жұрт деп көрсету үшін «жун-ди” деп атағаны тәрізді .К.С.

<sup>2</sup> Бұған дейінгі майяларды лингвист ғалымдардың «түріктілдес» халықтар деген тұжырымдарын ғылым мойындаған емес. К.С.

дегенде де, Джеймс Черчвардтың өзінің саналы ғұмырын арнаған зерттеу еңбегімен ресми тарих ескерусіз қалдырыған түрік халқының көне тарихының бір ұлken тарауын Тынық мұхиттың тұңғысынан суырып алғып, сол арқылы олардың осыдан шамамен 50 000 жыл бұдан да болғанының, адамзат тарихындағы ең көне халықтардың бірі екенін әлемге әйгілеп бергені ақиқат. Сол ақиқаттың қосымша дәлелі ретінде енді осы Джеймс Черчвардтың оқуындағы Күн Империясы Мудың Патша Қалқаны эмблемасының символдарың таңбаларының мән-мағынасын сарапал көрсете кетелік. Мынау сол эмблема:

**Патша Қалқанының эмблемасы**



Күн Империясы Мудың Патша Қалқаны эмблемасының әр штрихы өз алдына жеке мағынаға ие. Оны Черчвард былайша сөйлетеді:

А) Қалқаның (Щиттің) сыртқы қалпындағы әдеттегі М әріпі Мудың киелі алфавитінің бір белгісі болып саналады. Бұл әріп Му елінің символы, мәтінде қолданылғанда «му» деп оқылады.

Б) Бұл иероглиф Патша Қалқанының негізгі элементі болып табылады, «Улуумил» деп оқылады. Черчвард мұны «Империя» деп аударыпты. «Улу- ум- ил» түрік халықтарының, оның ішінде қазақ тілінде ешқандай аудармасыз-ақ осы күйінде де түсінікті. Мұндағы «улу» түркітің «ұлы» деген сөзі, оған тәуелділік жалғауы «ум» («ым») жалғанып, «ил» (ел) атауының мәртебесін көтеріп тұр. Сонда «улуумил» «Ұлының ұлысы - ел», басқаша айтқанда «Ұлығ тұтарым ел» деген мағынаны береді. Ал «ы» дыбысының «у»-ға өзгертуі түркілік біраз дыбыстарды нақты өз дыбысталуында бере алмайтындықтан, оларды өз мүмкіндіктеріне қарай осылай өзгерту бүкіл еуропалықтардың қалыптасқан дәстүрлі тірлігі. Ағылшын Черчвард та солардың бірі.

С) «Күн» дегенді білдіретін бұл дәңгелек таңба «Күн империясы» ұғымын білдіреуге қызмет ететін қосымша иероглиф. Егер оған қалқанның қалыбын кигізсек, «Му, Күн Империясы» деген ұғым шығады. Ретіне қарай айта кетелік осы «Күн Империясын» «Кортестің кодексінде» «Күй елі», «Күй жері» деп атайды. Маялардың тілінде «Күй елі», «Күй жері» деген ұғым «Маялардың Құдай-Анасы туған жер» дегенді білдіреді еken. Қоңе түріктерде «күй» жұмақ жер, қазіргі қазақ тілінде «байлықты», «барышылықты» (*kүйi жақсы*) және домбырада, қобызда сөз қоспай орындалатын жаңға жайлы сазды әуенде «күй» дейді. Ойласуға болатын секілді.

Г) «Күн» дегенді білдіретін дәңгелек таңбасынан тараған сегіз сәуле дүниенің сегіз жағын көрсетеді. Ал бұл «Күн империясы бүкіл әлемді билейді» деген ұғымды танытады.

Д) Сәулелерді қоршаған сыртқы дәңгелек әлемнің символы болып табылады. Бұл арада ол тұтас жер шарын көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, осы бір шағын эмблеманың өзі кираган храмдардың үйіндісінен табылған әр суреттің, әр символдың, әр әріптің, әр таңбаның, тіпті, қосымша сыйықтардың ешқайсысының сәндік үшін жасалған ою-өрнек еместігін, олардың әрқайсысының көре білер көз, оқи білер білім, талдау, таразылай білер таным болса, естен өшірілген ескі заманың ұмытылған тарихын қайта жаңғыртып, нақты деректер береріне айғақ болғандай. Мұның солай екенін жоғарыда аты аталған зерттеушілер өз еңбектерімен дәлелдеп те отыр. Солардың көз майын тауысқан тындырымды еңбектерінің арқасында біз бұғін бұдан сан мың жылдар бұрын із-түзсіз жоғалып кеткен Му континенті мен оның ежелгі тұрғандарының кімдер екенін танып-білуге мүмкіндік алып отырмыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Черчвард Дж. Древний континент Му. Прадородина человечества. М. 2012.

(Жалғасы. Басы өткен саңда)

### **III. Ерғөбек. Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар.**

---

ӘОЖ 958.4

## **ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР** POLITICAL AND LEGAL IDEAS DURING KAZAKH KHANATE ERA

**Ш. ЕРГӨБЕК<sup>\*</sup>**

### **Түйінде**

Мақалада Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар күрделі трансформациялық процестерден етіп, Қазақ хандығының тәуелсіз ел ретінде құрылуына, күшіне, әлсіреуіне ықпал еткен күш екендігі айқындалған. Қазақ хандығының құрылу кезеңінен бастап, хандықтың дәстүрлі институттарының жойылуына дейінгі кезеңді зерттей келе бұл жүйенің өзгеруінің өзіндік ерекшеліктері бар, кемелденген, айтарлықтай тұрақты нормативті базасы бар қуатты мемлекеттік құрылым ретінде қарастыруға толық негіз бар екені анықталған.

**Кітт сөздер:** трансформация, институт, реформа, билік институттары, саяси-құқықтық ойлар.

### **Summary**

The article considers the political and legal ideas, during the era of Kazakh khanate, those have passed difficult transformational process - is the power that influenced the creation of Kazakh khanate as independent state, its strengthening and weakening. Studying the period since the formation of the Kazakh Khanate till the disappearance of traditional institutions , it became clear, that changes in the system are of unique features. There are some reasons to consider that Khanate was developed and powerful state structure, having a stable regulatory framework.

**Key words:** transformation, institution, reform, government institutions, political and legal ideas.

Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған мемлекеттік организмнің заман талабына сай тез трансформацияға ұшырап отыруы мемлекеттік институттардың жоғары тиімділігін көрсетіп, икемді табигатын айқындауды. Қазақ хандығының құрылу кезеңінен бастап, хандықтың дәстүрлі институттарының жойылуына дейінгі кезеңді зерттей келе бұл жүйенің өзгеруінің өзіндік ерекшеліктері бар, кемелденген, айтарлықтай тұрақты нормативті базасы бар қуатты мемлекеттік құрылым ретінде қарастыруға толық негіз бар екенін анықтадық. Билер сорты мемлекет пен қоғамды жаңа заман талаптарына икемдеу функциясын жүзеге асыратын маңызды институт болып қалыптасты.

---

\* Заңғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттық университеті, Аккредитация, рейтинг және саланы басқару орталығының директоры, Алматы-Қазақстан. Candidate of legal sciences, Kazakh National University of the name Al-Farabi, director of the Center for Accreditation, Rankings and Quality Assurance, Almaty-Kazakhstan. E-mail: [Shyngys.Ergobek@kaznu.kz](mailto:Shyngys.Ergobek@kaznu.kz)

«Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Өз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтүғын болса, оның орнына татымды толық билік шыгарып, төлеу саларға жааралық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ» [1, 72].

Түркі мемлекетінің дәстүрін жалғастырушы Қазақ хандығының билік институттарына деген көзқарас еуропалық түсініктен бөлек болуы заңды. Түркі елдеріндегі мемлекет философиясы, құқық философиясы, қоғамдық процестердің дамуының өзінің философиясы бар екендігінің айқын көрсеткіші. Сондай-ақ Қазақстандағы ең іргелі ықпалды саяси құрылымдардың бірі болған Шыңғыс хан империясының ықпалы да сезіледі. «Осуществление функций казахской государственности регулировалось развернутой системой правовых норм, среди которых преобладали нормы обычного права. Им была свойственна большая преемственность от норм предшествующих этапов развития: они многое восприняли и унаследовали от кодифицированного сборника норм обычного права «Яса» Чингизхана, но учли также особенности послемонгольской эпохи» [2, 213].

Ал Шыңғыс хан дәуірі туралы еңбегінде профессор А. Ювалы: «Монғол империясында үстем етуші монғолдар болғанына қарамастан халқының, әскерлерінің, әсіресе, басқарушылардың басым көвшілігін түркі текстес халықтар құрайтын монгол империясының тағы бір ерекшелігі – мемлекеттің басқару құрылымы, яғни, ұйымдарының көвшілігі түрік мемлекеті дәстүрімен түсіндіріледі. ... Шыңғыс хан құрган осы мемлекет басқару, әскери және мәдени жүйесі тұргысынан өзінен бұрын Түркістанда құрылған түрік мемлекеттерінің жалғасы сияқты болыш көрінеді. Осы ерекшелігіне сәйкес бұл мемлекетті түрік-монгол империясы деп атауға болады» [3, 29], - деп тұжырым жасайды.

Батыс мемлекеттеріне қарағанда Қазақ хандығындағы құқық пен мемлекеттің әлдекайда гуманистік сипатта болғандығын да аңғару қын емес. Қазақ хандығындағы қоғамдық өзара көмек институттарының кемелденген жүйесінің болуы мемлекет пен қоғамның жеке адамға деген көзқарасын ашады. Адамның қоғам тарапынан орталық орынға ие болуы батыс мемлекеттерінде тек

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар.**

---

буржуазиялық революциялардан кейін орын алғандығы белгілі. Саяси-құқықтық ойдың да өз кезегінде осы қатынастарды кемелдендіруінде болды. Мемлекеттік реформалардың да негізгі мақсаты адам мен қауым өмірін барынша жеңілдетуден туындағы.

Шаруашылық жүйелердің дамуы мен қоғамдық қатынастардың күрделенуі қоғам тарапынан мемлекеттік институттардың үнемі кемелденіп отыруын талап етті.

Мемлекеттік институттардың өзгеріске ұшырап отыруы терең саяси процестермен де тұспа-тұс келетіндігі белгілі. Қазақ қоғамы да мұндай факторлардан алыс тұра алмады. Әрбір саяси-құқықтық реформадан кейін туындастырылған кішкене саяси дағдарыс мемлекеттің өзгерістерге бейімділігін айқындауда ете маңызды рөл атқарады. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді нормативтік құқықтық актілердің нәтижесінде болып отырған дағдарыстар Қазақ хандығының аз уақыт әлсіреп, кейін қуаты қайта қалпына келетіндігін байқатады. Бұл жағдайда мемлекеттік организмнің жаңа реформаларды қабылдаудағы аурушаңдығы Қазақ хандығы тарапынан саяси тәуелсіздіктің жойылуына да алып келді.

Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлардың қалыптасуы мен дамуы қазақ халқының кемелді құқықтық және мемлекеттік жүйесі бар, айбынды мемлекет болғандығының бір дәлелі! Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлардың дамуын зерттеуде біз сол уақыт шенберінде жүзеге асқан мемлекеттік, құқықтық реформаларға тоқталдық. Билемешінің саяси ойлары оның саясатынан көрініс табатындықтан, ішкі, сыртқы реформалар негізгі қайнар көздің бірі ретінде қолданылды. «Казахская государственность выполняла систему внутренних и внешних функций, в которых находили отражение ее сущность, а так же конкретные задачи, стоявшие перед ней на каждом этапе общественного развития. Отдать явное предпочтение внутренним или внешним функциям государства было трудно, ибо в зависимости от менявшейся обстановки и условий приоритетными становились то первые, то вторые» [2, 212].

Әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері мен проблемалары болуына орай құқықтық механизмдер мен институттардың алдына да ерекше талаптар қойылды. Сондықтан белгілі реформалардың қажеттілігін түсіндірмес бүрын, сол уақыттағы жағдайға көз жүгірту қажет. Демек, билемешінің саяси-құқықтық ойларының қалыптасуына ерекше ықпал еткен фактор - сол кезеңде қалыптасқан жағдай. Оның үстіне тарихи

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығы дәүіріндегі саяси-құқықтық ойлар.**

---

қалыптасқан жағдайды айқындаپ алмай, орын алған құқықтық реформаларды түсіну, ажырата талдау қынын. Біз зерттеу барысында, тек мемлекет пен құқықтың тарихын ғана негізге алғып қоймай, саяси-құқықтық ілімдер тарихының ерекшелігін ескеруге тырыстық. «В отличие от предметов юридических наук, изучающих историю государства и права, предметом истории политических и правовых учений являются не сами исторически возникающие и развивающиеся политico-правовые учреждения и институты, а соответствующие формы их теоретического познания. Вместе с тем очевидны взаимосвязь и взаимовлияние истории политico-правовых идей и учений, с одной стороны, и истории государственно-правовых форм, учреждений, институтов – с другой. Без знания истории государства и права так же невозможно уяснить конкретное содержание соответствующих политico-правовых теорий, как и без соответствующих теоретических положений и концепций невозможно научно осветить исторический развивающуюся политico-правовую реальность» [4, 3-4].

Ескерілетін тағы да бір маңызды жэйт - қоғамдық қатынастар мен құқықтық мәдениеттің ерекшеліктері. Көшпелі мал шаруашылығы өркендерген Қазақ хандығының саяси және құқықтық институттарының өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан мемлекет пен құқықтық жүйені зерттеуде бір типті әдіс қолдану дұрыс нәтижелерге әкеle қоймасы анық. Қазақ хандығына тән атрибуттар басқа мемлекеттерде болмады, ал ол мемлекеттерге тән ерекшеліктер Қазақ хандығында орын алмады. Алайда, бұл Қазақстан территориясында мемлекет болмаған деген пікірге әкелмесі хақ. Әйтпесе, Ресей секілді қуатты мемлекеттің Орта Азияға экспансиясын көптеген жылдарға шегеріп, Қазақстан секілді кең геостратегиялық аймақты тәуелсіз күш ретінде ұйымдастырған кім? Бұрын да қуатты мемлекеттердің бірі болып табылған түркі мемлекеттерінің ізбасары ретінде сол қоғам мен мемлекетке тән, саяси-құқықтық ой мен жүйенің болуы Қазақ хандығының ерекшелігін түсіндіреді. «Термин «кочевая государственность» или «кочевое государство» являются весьма расплывчатыми и неопределенными. Строго говоря, кочевыми государствами должны именоваться лишь такие независимые образования, достигшие соответствующего эволюционного уровня и обладающие соответствующей политической организацией, в которых большинство населения составляютnomады, разделенные на господствующие и подчиненные классы» [5, 362].

Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлардың дәл сол кезеңдегі батыс мемлекеттерінде орын алған ойлардан күрделі болуы мемлекет алдында туындаған киын шарттарды айқындал берсе керек. Өзіндік қайнар көзі мен дәстүрі бар жыраулар институтының, шешендігімен танылатын билер институтының болуы даладағы саяси-құқықтық ойдың өрекшелігін айқындейді! Бұл терең мәдени саяси жол Қазақ хандығын үлкен шындарға жетелеп дала философиясының керемет үлгілерін шығаруға ықпал етті. Сонау XV ғасырдың басында өмір сүрген Асан қайғының «Жерүйық» туралы ойлары Томас Мордың утопиялық идеяларынан қай жері кем? Асан қайғының «Жерүйығы» Утопияның далалық керемет көрінісі емес пе? Осындай паралельдерді Махамбет пен Жан Боденниң ойларының ұштасуынан, Бұқар жырау мен батыс монархистері көзқарас үйлесімінен табуға болады. Мұнда тек дала мәдениетінің өзіндік өрекшеліктері орын алғандығын көреміз. Махамбет пен Ұлы Француз буржуазиялық революциясының арасындағы байланыс қазақ қоғамындағы оппозициялық дәстүрлердің хандық дәуірдегі шырқау шегі. Ал, «дала Цицероны» Сырым Датұлының ойлары ше? Бұл түрікшілдік идеясының қарсылық құш ретінде тұңғыш пайдаланылуы болатын. Бұл идея тіпті XX ғасырдың басында қазақ идеологиясының негізі болған пантюркизм идеясының түп қайнар көзі, өзегі емес пе?! Қазақ тарихына жаңадан зер салып, қарап болсақ дала философиясының терең мәнін байқау қын емес.

Мұндағы ойлар халықаралық құқық төңірегінде де болды. Қазақ хандығының шет елмен қатынастар тәжірибесі мен билер төрелігіне жүгінсек хандықтың, озық халықаралық құқық принциптеріне негізделген қатынастар құргандығын байқаймыз. Яғни, Қазақ хандығының шет елдермен жасаған қарым-қатынастардағы озық принциптер – құқықтық мәдениеттің жоғары көрсеткіші.

Қазақ қоғамындағы құқықты қалыптастыруышы негізгі қайнар көздер өз заманы үшін көш ілгері құқықты қалыптастыруды. «Құқықты қалыптастырудың үш жолы бар: 1) нормативтік актілер; 2) ұлті істер (прецедент); 3) құқықтық әдеттер. Өз кезегінде қазақ мемлекеттілігінің құқығы осы үш жолмен қалыптасқан. Оған дәлел «Қасым ханның қасқа жолы» (XV ғ.), «Есім ханның ескі жолы» (XV ғ.), Тәуке ханның «Жеті жарғысы» (XVIII ғ.). Сонымен қатар қазақ қоғамында билердің үлгі шешімдері де қазақтың ұлттық құқықтық әдеттерін дамытқан. Қыыннан қыыстырып тапқан билердің шешімдері ұқсас істерді қарағанда күші бар құқықтық норма ретінде пайдаланылған. XIX ғасырда билер съезінде қабылданған ережелерде құқықтық нормалар

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар.**

---

жазылып, нормативтік актілер ретінде пайдаланылған. Солармен қатар қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан құқықтық әдеттер де қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып отырған» [6, 71].

Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі саяси-құқықтық ой-пікірлердің ерекшеліктері мен даму тенденцияларын біз әрідегі түрік халықтары бірлігі - терең түрікшілдік идеясының жалғасы ретінде түсіндіруге тырыстық. Қазақ хандығының тұнғыш билеушілері Керей мен Жәнібек хандардың саяси-құқықтық ойлары мен мемлекеттік институттарды қалыптастырудагы принциптері түркі мемлекеттерінің дәстүріне негізделді. Хандықтың билік институттары мен құқықтық жүйесін қалыптастыруда Қазақ хандығының тұнғыш билеушілерінің еңбегі зор.

Қазақ хандығының қүшейіп, мемлекет ретінде кемелденуі, ішкі қатынастарда бұрын-соңды болмаған заң шығармашылығымен ерекшеленеді. Қазақ хандарының жаугершілік саясаты, шаруашылықтың өркендеуі жаңа нормативті базаны қалыптастыру қажеттілігін тудырды. Өйткені «Құқықтың дамуы – адам қоғамының дұрыс өмір сүруінің негізгі объективті заңдылықтарының бірі, әлеуметтік нормалардың қалыптасып, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп, басқаруы. Әлеуметтік нормалардың (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалары) қоғамның даму процесінде бірте-бірте құқықтық нормаларға айналуы» [7, 20].

Қазақ хандығы дәуіріндегі ең маңызды құжаттар: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді құқықтық ескерткіштер осы кезеңде қабылданып, мемлекет өміріндегі өзгерістерге жол ашты.

Бұл кезеңдегі жыраулар поэзиясын ішкі қайшылықтардың көрінісі деп қабылдауға болады. Биліктің орталықтануына қарсы рубасылар мен жергілікті элитаның өкілдерінің мұддесін қорғаған жыраулар мен хандар арасындағы қайшылықтар, әсіресе, Есім ханның тұсында айқындала түсті. Осы билеушінің тұсында бірнеше хандар бас көтеріп, орталық билікке, елдің тұтастығына қауіп төндірді. Хан бұл жағдайда күш қолдануға мәжбүр болды да Қазақ хандығының тұрақтылығын сақтап қалуға қол жеткізді. Алайда, ішкі қақтығыс Қазақ хандығы тарапынан көп шығынға алып келді. Әсіресе Тұрсын ханмен болған қақтығыс еліміздің империяға айналуына негізгі кедергі болды деп айтуымызға толық негіз бар. Қазақ хандығының соңғы кезеңінде қабылданған «Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бұдан былайғы тарихта өз орнын алғандығы белгілі. Тәуке ханнан кейін биліктің

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар.**

---

орталықтанбай, ыдырап кетуі Қазақ хандығының тарихында жаңа кезең бастады.

Жоңғар шапқыншылығы кезеңі Қазақстанның хандық дәуірдегі саяси-құқықтық ой тарихының ең дамыған кезеңі деп қарастыруға болады. Биліктегі алауыздық әр түрлі бағыттағы саяси ағымдарды дүниеге әкелді. Абсолютті либерализмнен абсолютті монархия идеяларына дейінгі кеңістіктегі идеялардың күрес кезеңі. Мемлекет егемендігі мен жеке бостандық идеясының қақтығысқа түскен сәті.

Бұл кезеңде қазақтың белді билері халықты бірлікке шақырып, биліктің орталықтануына ат салысты. Билер Қазақ хандығы дәуірінде прецедентті құқықтың қайнар көзі бола алды. Олар өз шешімдерін аңыз, мақал-мәтел түрлерінде шығарып, халық жадында сақталып қалуына ықпал етті. «Судебная практика биев осталась в памяти народа в виде легенд, приданий, притч, пословиц, поговорок. Поэтому язык биев насыщен афоризмами, стихами, примерами, аналогиями» [8, 124].

Қазақ билерінің қоғамдық позицияларының нығаюы, белгілі дәрежеде қоғамның дамуының көрінісі. « ...халық бұрынғыдай тек рулық қоғамда қалмай, мемлекеттік, Ордалық басшылыққа көше бастағаннан бері билердің қадірі өсеп түскен. Бұрынғыдай ер жүректік, жау шошытар қаһарлылық қана емес, ел билеуде ой, тіл, саясат дегендер үстемдік алыш, көп іс билердің қолына ауысқан» [9, 90].

Орталық билікті қүштейткен Абылай секілді тұлға хандық таққа отырып, Бұқар жырау секілді қазақ халқының жоғын жоқтаған тұлғалар пайда болады. Бұл – қазақ мемлекеттігінің айқын айғағы!

«Қазақ хандығының Ресей құрамына ену дәуірі – Қазақ хандығының еркін, тәуелсіз мемлекеттік ойлардан ресейшілдік бағытқа өзгеруі мен қоғамдық ойдың күрделену кезеңі. Мемлекеттік аппараттың біртіндеп кемелденіп, қоғамдық қатынастардың тез өзгеріске ұшыраған кезеңі. «Даже установление вассальной зависимости оседлого государства и, тем более, создание единого государственного образования с земледельцами и горожанами всегда стимулировали изменения в кочевом обществе» [5, 367].

Қазақ хандығының терең саяси дағдарыс кезеңінде бой көтерген бұл Бекей ордасындағы хандық Ресей самодержавиесіне тән қасиеттерге ие болды. Ресей оку орындарында білім алуға берілген мұмкіндік Бекей ордасында саяси сауатты тұлғалардың келуінен көрінді. Жалпы Бекей ордасын Қазақ хандығы дәуірінде тольқтай феодалдық формацияға өткендігін айтуга толық негіз бар. Осылан орай

құқықтық актілер де өзгеріп, меншіктік қатынастардың табиғатына ықпал етті. Бұл ішкі заңдардың табиғатының тез өзгеруіне алып келді. «Есть законы которые годами не меняются, а есть законы, которые меняются в результате жизненных ситуаций, обусловивших из принятие. ...Законы, регулирующие имущественные отношения, более динамичны. Особенно это заметно в переходный период от одной экономической формации к другой» [10, 6].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар күрделі трансформациялық процестерден өтіп, Қазақ хандығының тәуелсіз ел ретінде құрылудына, күшеюіне, әлсіреуіне ықпал еткен күш ретінде айқындалды. Хандық дәуірдегі саяси-құқықтық ойлар өте терең философиялық салмағы бар, қайнар көз бола алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаев А. *Би екеу болса, дау төртеу болады* // Қазақтың Ата Заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. Бағдарлама жетекшісі: С.Зиманов 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 1-том. – 72-73 беттер.
2. Баймаханов М.Т. *Становление казахской государственности* // Избранные труды по теории государства и права. - Алматы: Әділет, 2003. – С. 210-220.
3. Ювалы А. *Шынғыс хан және оның үлдері*. Түркістан, 2003. – 326 бет.
4. Баймаханов М.Т. *Мемлекет теориясының негіздері* // Избранные труды по теории государства и права. – Алматы: Әділет, 2003. – 510-525 беттер.
5. Хазанов А.М. *Кочевники и внешний мир*. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 604 с.
6. Сапарғалиев F., Ибраева А. *Мемлекет және құқық теориясы*. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 бет.
7. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәуекелев А.Н. *Мемлекет және құқық теориясы*. – Алматы: ҚазМЗУ, 1994. – 320 бет.
8. Абайдельдинов Е.М. *Политико-правовая история*. – Алматы: Данекер, 1999. – часть I. – 295 с.
9. Есенберлин И. *Ергедегі билер ықпалы* // Қазақтың Ата Заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. Бағдарлама жетекшісі: С.Зиманов 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 1-том. – 90 бет.
10. *Основы государства и права*. Руководитель авторского коллектива Г.С.Сапаргалиев. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 320 с.

(Соны)

**РЕЗИДЕНЦИИ ТЮРКСКИХ КАГАНОВ В ЧАЧЕ: ДЖАБГУКЕТ  
И ХАТУНКЕТ**  
**THE RESIDENCES OF TURKIC KHAGHANS IN CHACH:  
JABGHUKAT AND XATUNKAT**

М.ХАТАМОВА<sup>\*</sup>

**Резюме**

В этой статье автор показывает функции, действующие в резиденции тюркских каганов - Джабгукет, размещенной в Чач. В частности, это проявилось в конце VI столетия в Тюркском Каганате, где выполнялись функции в военном и политическом отношениях. Вблизи Чач есть городок Хатункет, что также свидетельствует о его стратегической роли. Во всем этом находит свое отражение преемственность древних государственных традиций.

**Ключевые слова:** Резиденция, Чач, Джабгукет, Хатункет, Тюркские каганы.

**Summary**

In this article the author states opinions concerning occurrence and function of one of residences Turkic khaghans – Jabyukat, located in Chach. In particular, it has arisen in the end VI of century in connection with Turkic khaghanate, and carried out functions both military, and political residence. At the same time near it there is a city Xatunkat, that testifies to a strategic role Chach and reflection here of traditions statehood ancient Turks.

**Key words** Turkic Kaghanate, Residences, titles “Jabyu” and “Xatum”, Chach, cities Jabyukat and Xatunkat.

Как правило, центры-столицы и ставки империй, отличающихся от других государств наличием в своем составе огромных территорий, а также зависимых или вассальных владений, важны тем, что они в большей мере отражают политico-экономические и социально-культурные отношения. Однако, по причине частой смены центров-ставок [1], иногда их количество могло достигать нескольких [2]. Подобная традиция наличия нескольких столиц была присуща многим империям Центральной Азии.

Практически во всех трудах, посвященных истории Тюркского каганата – одной из таких империй региона, относительно его столиц встречается такое мнение, что в нем имелось только два центра, выполнившие роль столицы, точнее, одна располагалась в долине

---

\* Младший научный сотрудник Института истории Академии наук Республики Узбекистан, Ташкент, Узбекистан.

Junior scientific researcher of the Institute of History Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan. E-mail: [khatamova.2014@yandex.ru](mailto:khatamova.2014@yandex.ru)

Отюкен в Монголии, а другая в городе Суяб в Семиречье. Кроме того, из письменных источников мы можем узнать, что у каганов было также несколько ставок [3.286-287; 4.235-237; 5.238; 6.33-38; 7.45]. Здесь уместен вопрос, если в Тюркском каганате имелось несколько центров-ставок, то с какими именно факторами было связано их появление [8, 115-121]. В результате сопоставления сведений письменных источников с другими источниками мы выявили, что в Тюркском каганате имелось свыше десяти городов-ставок, выполнявших роль центра-столицы, а также несколько ставок-резиденций (*др. тюрк. орду*). Заслуживает внимания, что большинство этих центров и ставок располагались на территории Ташкентского оазиса, Южного Казахстана и Семиречья.

Например, в китайских хрониках зафиксировано, что западные тюркские каганы несколько раз переносили свои управляемые центры на территории Чача [3.279,288,289; 9.313; 4.58,141]. В частности, один из «малых каганов», назначенных Чуло/Чура (599-610) каганом, находился на севере Чача (*кит. Ши-го*) и управлял над всеми владениями «хусцев» [3.279], Тун ябгу-каган (618-630) также перенес ставку на север от Чача в местность Минг-булак (*кит. Цянь-циоань*) и усилил власть над вассальными оазисными владениями [3.283]. Таким образом, получается, что тюркские каганы перенесли свои ставки на север Чача с целью усиления контроля над вассальными оазисными владениями [10.9-10, 31-34, 39-45].

Итак, какую территорию следует понимать под выражениями «недалеко от Чача», точнее «север Чача»? Некоторые исследователи считают, что ставка одного из «малых каганов», назначенных каганом Чура (599-610), находилась где-то на периферии Чача, точнее, у юго-западных отрогов Чаткала, т.е. на месте нынешнего Ташкента [11.122; 12].

Однако, согласно сведениям китайских хроник, север Чача это – местность Минг-булак (*кит. Цянь-циоань*). Это подтверждается также следующим сведением согдийского документа А-14, являвшегося письмом согдийского посла Фатуфарна своему господину правителью Согда Деваштичу, «*И, господин, я потому дальше [13] не могу пойти, ибо, господин, кагана, по слухам, совсем нельзя увидеть*».

На наш взгляд, согдийский *'sky* – “наверх” идентичен с упомянутым в китайских источниках «севером Чача». Учитывая, что посольство Фатуфарна в Чач приходится на июль 722 года, то получается, что на севере Чача располагалась именно летняя ставка

тюркских каганов – *Бин-йул*. А именно, так как согдийцы были осведомлены о том, что тюркский каган проводил лето в Бин-йуле, Фатуфарн должен был доставить письмо кагану «Наверх» – в Бин-йул/Минг-булак. Однако, посол, прибыв в Чач, не смог увидеть кагана. Это также свидетельствует, о том, что ставка тюркских каганов определенное время находилась в Чаче. Кроме того, из письменных источников известно, что некоторые тюркские каганы во время борьбы за трон находили свое прибежище в Чаче [3.292]. Таким образом, все это позволяет говорить, что Чач считался одним из политических центров Тюркского каганата [14.67-70, прим. 25; 15.118-125; 16.3-13]. В пользу этого свидетельствует также и тот факт, что Чач являлся местом чекана собственных монет Западно-Тюркского каганата [17, 18].

В арабских и персидских источниках в качестве одного из первых городов, расположенного на торговом пути из Бинкета (совр. старо городская часть г. Ташкента) на север в Исфиджаб, упоминается Джабгукет. К примеру, Истахри (X в.) пишет, что Джабгукет расположен в двух фарсахах (прим. 16 км.) от столицы Шаш (Чач)а Бинкета на востоке от дороги, ведущей из Чача в Илак и включает его в ряд городов, расположенных в долине реки Тюрк (Чирчик) [18.330]. Автор «Худуд ал-Аlam» (X в.) описывает Джабгукет, расположенный в двух фарсахах от Бинкета, как «красивый городок, где в древности был военный лагерь Чача» [19.117, 357]. Подобно этому, Кудама ибн Джальфар и ал-Мукардаси (X в.) также характеризуют его, как «лагерь войск внутри оборонительной стены» [20.264; 21.507, 522].

Первым делом остановимся на этимологии Джабгукет. Первым исследователем, остановившимся на этом вопросе, был В.В. Бартольд, который связывал название города с тюркским титулом *ябгу* (*джабгу*). Согласно исследователю, Джабгукет означал «город Джабгу» и он предположительно на месте прежней крепости Ниязбек (вблизи Бозсу) [22.230]. Позже, археолог Ю.Ф. Буряков также вслед за В.В. Бартольдом, считает Джабгукет, как один из городов с тюркским названием по месту ханской ставки [23.73]. Тюрколог Г.Б. Бабаяров считает, что Джабгукет «появился в качестве ставки первых тюркских правителей», после вхождения Чачского оазиса в состав Тюркского каганата (VI–VII вв.), чем внес еще большую ясность в проблему [24.113].

Как известно, у тюркских народов с древности имелась традиция называть города, выполняющие роль столицы или ставки, по титулу

правителя. Это можно видеть на примере таких городов, названия которых образованы от древнетюркских титулов, как *Jabyūkat*, *Hātūnkāt*, *Hātūnbālīq*, *Hanbalīq* и другие [25]. Традиция называть города по титулам не была распространена широко у других народов [26]. В частности, это не наблюдается явно у соседних с тюрками иранских этносов. Особо следует отметить, что количество топонимов, образованных от названия титулов, в Часком оазисе больше, чем в других регионах. Причина этого, по мнению согдолога П.Б. Лурье, заключается в том, что если в Согдиане города возникали, как правило, стихийно из селений или крепостей, оказавшихся в выгодном географическом положении на Великом Шелковом пути, в то время как города в Чаче и Семиречье были осознанно основаны купцами и знатью [26, 208]. По нашему мнению, на упомянутой территории города и поселения создавались не только согдийцами, но и тюрками. Это подтверждает и тот факт, что большая часть топонимов этого региона имеет тюркское или тюрко-согдийское происхождение.

Дать ответ на вопрос, какое городище Чаского оазиса соответствует Джабгукету и когда он был основан, позволяет археологический материал. В прошлом веке археологи, изучавшие Ташкентский оазис, предлагали локализовать Джабгукет на городище Тугайтепе, расположенного в 4 км на юг от селения Дурман на северо-востоке г. Ташкент, но затем локализовали его на городище Ак-ата, расположенного недалеко на север от Тугайтепе [23, 75]. В источниках говориться, что в 2 фарсахах от Бинкета находились расположенные недалеко друг от друга два города: Джабгукет и Хатункет, что стало причиной в затруднении их локализации. В частности, археолог М.И.Филанович предлагала отождествлять Джабгукет с городищем Ханабад, а архитектор А.Зияев отождествлял его с городищем Кулаклитепе [27.191; 28]. Однако Ю.Ф.Буряков, тщательно изучивший имеющийся материал, пишет следующее: «Поскольку путь через Джабгукет уходил на север, а через Хатункет по долине Чирчика – на восток, более логично отождествить с Джабгукетом городище Ак-ата, а на месте Тугайтепе локализировать средневековый Хатункет» [23.75].

Городище Ак-ата, площадью свыше 18 га и с цитаделью высотой до 5-6 м, впервые было изучено в 1940 году М.Э.Воронцом [23.74]. К сожалению обширных раскопок на городище не проводились. В результате разведочных раскопок, проведенных на городище Ак-ата Ташкентским археологическим отрядом в 1968–1969 гг., был получен

материал VII–VIII, X–XII и XV вв. [29. 41; 30.81]. Верхние слои памятника разрушены посевами, кладбищем, постройками и дорогой. Из его не так мощного нижнего слоя были найдены остатки неглазурованной керамики с желтым и красным ангобом, относящейся к V–VII векам.

У памятника, в частности, явно выделяется древняя центральная часть – средневековая цитадель. Шурф на холме цитадели выявил в нижнем горизонте массив пахсового строительного завала и незначительные фрагменты неполивной керамики. Хотя многие исследователи на основании материала считают Ак-ата поселением, однако, по мнению Ю.Ф.Бурякова, несомненно, городище Ак-ата представляет собой руины городка [23, 75].

Таким образом, пункт начинает развиваться в начале второй половины I тысячелетия н.э. В X в. он превращается в городок небольших размеров, расцвет его относится к XI–XII вв., о чем говорит мощный археологический слой. На сегодня мы имеем лишь малочисленные сведения письменных источников о Джабгукете и немногочисленный археологический материал, связанный с ним, которые кратко рассмотрены выше.

Археологические изыскания на городище Ак-ата показали, что материал из самого нижнего слоя относится к V веку. Именно в этот период здесь сформировалось поселение. Возведение цитадели городища относится к раннему средневековью и это, на наш взгляд, связано с деятельностью тюркских каганов. Теперь на основании этого и сведений других источников следует определить когда, с какой целью и кем был построен Джабгукет. Определенную ясность в этот вопрос политические события, произошедшие в Чаче в VI–VII веках.

Согласно письменным источникам, в 555 году Истеми первой из территорий принадлежавших эфталитам захватил Чач [11, 122]. По нашему мнению, именно в связи с этими событиями и возник Джабгукет, постройка которого первоначально преследовало военные цели (содержание военного гарнизона, военная подготовка и др.). Возможно, Джабгукет играл роль военной базы, укрепления в дальнейших походах тюрок во главе с Истеми против эфталитов. Так как археологические раскопки показывают, что город был основан в середине VI века. Тем более, если учесть, что именно в это время Истеми имел титул *джабгу*, наверное, с неспроста, название города имело значение «Город джабгу».

Как известно, у кочевых этносов, начиная со скифской эпохи, имелась традиция постройки оборонительных сооружений с целью предотвращения опасности, сохранить скот, зерно и запасы продовольствия. Такие оборонительные сооружения, как правило, строились вблизи границ, в местах, имеющих стратегическое значение, и выделялись крепкими и мощными стенами.

В общем, согласно выводам специалистов, оборонительные сооружения были двух типов. Первый тип – это оборонительные сооружения, представленные территорией, огороженной крепкими стенами без зданий внутри (дворец, храм и т.п.) и предполагало размещение внутри шатров воинов. Второй тип оборонительный сооружений также представлял собой территорию, огороженную крепостными стенами, но в отличие от первого в нем наряду с шатрами воинов имелся также дворец правителя [31, 64-67]. К оборонительным сооружениям можно отнести такие памятники, как Аркаим (Челябинск), Шаганор-3 (Тыва), Амга курган (Монголия), Бозук (Астана), Джабгукец (Ташкент) и др.

В частности, городища Тувы и Южного Казахстана, схожие с городищем Ак-ата, по мнению исследователей, изучавших эти территории, представляли собой крепости, окруженные оборонительными стенами и имеющими несколько ворот, цитадель в центре, вокруг которой располагались шатры воинов, которые использовались не только в военных целях, но если на то требовали обстоятельства, также на определенное время являлись местом жительства верховного правителя. Кроме того, культурный слой в этих крепостях, которые давали возможность спрятаться в ней во время войн кочевому населению, проживающему в окрестностях, не бывает мощным [32, 145-147; 33, 89; 31, 62-73]. Известно, что подобные военные ставки или крепости в древнетюркском языке имели названия *qorïyan*, *turuq* или *tura*, *ton*, *berik*, *çit* [34, 92, 458, 587, 588].

Түркі мемлекет ұйымы әлемнің жаратылыш тіршілігіне сай тұртүрге енген және Қектүрік жазбаларында айтылғандай, “Үстімізде – көк аспан, төменде – қара жер, екеуінің арасында адам баласы жаратылышты, адам баласының үстіне Тәңірі түркі қағандарын (Бумын және Иstemis) отырғызыпты”. Бұдан байқағанымыз: бүкіл әлем – түркі мемлекеттерінің мекені, ал түркі қағандары әлемнің, яғни бүкіл адамзаттың қағаны болып саналады. Түркі қағандарының қол астындағы әр түрлі тіл, дін және әр алуан мәдениет өкілдеріне деген құрметі осы жерден бастау алып отыр. Шыңғыс хан да түркі мемлекетін басқару дәстүрін ұстанып әрекет еткен.

Түркі билеушілері саяси күштерін тікелей Тәңірден алатын болған. Саяси билік орталық, он-сол немесе шығыс-батыс бағытында ұшке бөлінген. Түркі қағанының отауы орталықта тігіліп, шығыс және батысында жабғу атағымен бауыры немесе үлдары отыратын болған. Жабғылар ішкі істерде тәуелсіз, ал сыртқы істерде қағанының әміріне мойынсұнған. Әр түрлі лауазымды және ықпалды қызметкерлер болған.

Түркі мемлекеттерінде белгілі бір уақытта шақырылған мәжілістерде мемлекеттің жалпы мәселелері қаралатын болған. Олардың арасында кеңес құрылымы сипатындағы “той” мен “кеңеш” мәжілістерінің, белгіленген уақытта және арнайы шақырылатын құрылтайлардың мемлекет өміріндегі алатын орны айырықша еді.

Түркі мемлекеттерінде әміршілер “шан-ю, қаған, хан, жабғы, елтебер” секілді атақтарға ие болған. Билік рәміздері ретінде отау, өргін (тақ), ту, дауыл, котузды (сөлде) көрсетуге болады. Тулардың ұшында алтын бөрінің басы орнатылған. Әміршілер үшін таққа отыру салтанаты еткізілген.

Әміршілердің бірінші жұбайы “хатун” лауазымына иеленіп, қағаннан кейінгі сөзді сол алатын болған. Олардың бөлек отаулары мен ордалары болған, мәжілістерде қағанының жанында отырып, өз алдына елшілерді қабылдайтын болған. Хатундар тақ мұрагерінің анасы болғандықтан олардың әке-шешесінің түркі текстес болуына баса назар аударылып отырған.

Әрине, түркі тарихын батыс әлемінің тарихын дәуірлеу жүйесі арқылы анықтау мүмкін емес. Сондықтан, түркі тарихын оқытууды оңайлату үшін түркі мемлекеттерінің әр түрлі территорияда құрылудына қарамастан, оларды, бір жүйе ретінде қарастыру керек.

Мысалы, ислам дінінің түркілер тараپынан қабылдануын ортағасырлардың басы деп қабылдауға болады. Өйткені, ғылым, технология, ой-пікірі және мемлекет басқарудағы табыстар тұрғысынан бұл кезең өркендеу кезеңі болды. Түркі дүниесі үшін тоқырау кезеңі ретінде XVII ғасыр мен бүгінгі күннің аралығындағы кезеңдерді көрсете аламыз.

Әлемнің барлық жерінде дерлік әрдайым кездесіп отыратыныңдай, түркі қоғамында да билеушілер (бейлер) мен бағынушылар болған. Алайда, бұл тапқа бөліну емес. Билеушілер тек қоғамды басқару ісіне жауапты болған. Қабілеті мен адалдығына байланысты билік пен әскери салада өзін көрсете білгендер әскери және басшылық қызметтерге көтеріле алатын болған. Яғни, бір онбасының түмен қолбасшысы қызметіне, бір хатшының уәзірлік қызметіне көтерілуі мүмкін еді.

Түркі қоғамы үшін негізгі құндылық болып саналатын «төре» статусы жазылмаған заң іспеттес еді. Түркі мемлекеттерінің құрылуды мен ыдырауы төремен тікелей байланысты болды. «Ел кетер, төре қалар» деген сөзден-ақ төренің қоғам ішіндегі орны анық байқалады.

Түркі әлеуметтік болмысының түп-негізі ең кішкентай әлеуметтік құрылым деп саналатын отбасы болып табылады. Отбасы мемлекеттің өзегі деп есептеледі. Отбасында басталған келеңсіз жағдай мемлекеттің ыдырауына әкеleiп соғады. Отбасы мүшелері арасындағы түсіністік пен қызмет бөлінісі автоматты түрде сағат серіппесі секілді реттеліп отырған. Өкенің бүкіл отбасы мүшелерінің, өсіресе үлдәрінің алдындағы қызметі мен рөлі өзіндік болса, аナンЫң да қызы баласын тәрбиелуе сияқты арнайы бір міндеті бар. Түркілерде “әкесіз ұл, анасыз қызы қараусыз” деп саналады. Бүгінде “анаына қарап қызын ал, кенеріне қарап бөзін ал” сөзі қазақ және басқа да түркі халықтары арасында кеңінен қолданылады.

Түркі әлеуметтік құрылымында әйел құқықтары шектелмеген, ол отбасының қадірлі бір мүшесі ретінде ереккепен бірге отбасының бүкіл ісіне араласатын. Сонымен бірге атқа мініп, қару үстап және жарыстарға қатысатын болған. Түркі әйелдерінің ары мен намысына беріктігі сол замандағы деректерде кеңінен сөз болады.

Түркі отбасы үйленіп, үй болуға негізделген. Үйлену еki отбасының немесе жастардың ортақ ырзалығымен жүзеге асырылған. Ұлдың жанұясы қыздың жанұясына “қалың мал” төлесе, қыздың отбасы жасау дайындастын болған. Қалың малдың мөлшері немесе маңызы отбасының әлеуметтік жағдайына, кіріс көлеміне қарай

## **С.Әбушәріпұлы. Орталық Азия өркениетінің негіздері.**

---

өзгеріп отырған. Үйлену той жасау сияқты салтанатпен аяқталған. Үйленген қыз – “келиң”, ұл – “күйеу” деп аталған. Түркілер отбасы мен туыстық жақындыққа қатысты терминологияға өте бай. Бұл да болса түркілердің отбасы мен туыстық жақындыққа көп көңіл бөлгенин көрсетеді.

Түркі экономикасында жылқының еті мен сүті пайдаланылып, мемлекетке экономикалық түрғыдан кіріс келтіретін сауда-саттық тауары ретінде маңызды орын алған. Көрші мемлекеттер соғыс аттарын түріктерден сатып алып отырған. Түркі тілінде ат пен қойға байланысты бай терминология қалыптасқан. Экономикада қой малының да өз алдына ерекше бір орны болған. Оның етін, сүті мен жүнін пайдаланған. Сондай-ақ, көрші мемлекеттерге қойлар да экспортталатын болған. Сиыр, ешкі, түйе және буйвол да қоғам өмірінде маңызды орын алған.

Түркі қауымдары өмір сүрген ортасының жағдайына қарай егіншілікке де мән берген. Егістік өнімдерінің ішінде бидай, арпа және қара бидай бірінші орында тұрады. Бұл өнімдердің артығы көрші мемлекеттерге сатылған. Сауда түрі көбіне “алыс-беріс” жолымен жасалатын еді. Әсіресе, қытайлардан сатып алынған жібектер мен өзге де тауарлардың өтемі үшін ат берілген. Ислам өлкелеріне көбінесе қой мен бағалы терілер сатылған. Мұнымен қатар, сауда-саттықта ақша да қолданылған. Өшекейлік бұйымдар және әр түрлі қару-жарақтар, жұн, май, бал т.б заттар экспорттық өнімдер арасында бірінші орында тұратын-ды.

Шығыс-батыс, оңтүстік-солтүстік бағыттарда саудагерлердің сауда жасайтын және сауда тауарларын таситын жолдары болған. Абақан далаларынан басталып Оңтүстік Сібір ормандары арқылы Еділ-Кама дарияларының тоғысқан жеріне дейін баратын жолды халықтар “тері жолы” деп атаған. Себебі, осы жол арқылы көбінесе тиін, тұлқі, құндыз, киік, сусар, бұлғын және сілеусін терілері саудаланатын болған. Сонымен бірге Оңтүстік Қытайдан Шығыс Жерорта теңізі жағалауларына дейін Жібек жолы созылып жатыр. Бұл жолдың үстінде Хами, Турфан, Қарашар, Ақсу, Қашқар, Хотан және Жаркент қалалары орналасқан. Тарихта түркі мемлекеттері көршілерімен Жібек жолы үшін соғысып отырған.

Түркілердің атамекені туралы мәселе ғылым әлемінде әлі де талас-тартыс туғызып отыр. Жалпы, қытай дереккөздеріне негізделеп, Алтай тауларын түркілердің атамекені ретінде көрсететін авторлар кездеседі. Сондай-ақ, түркілердің ата-мекені Орал тауларынан Балқаш

көлінің онтүстігіне дейін созылып жатқан, бұғінгі Қазақстан Республикасы шекарасында деушілер де бар.

Дастан мен мифологиялық деректер түркілердің әлемге тарауын Эргенеконмен байланыстырады. Алайда, Эргенекон қай жер? Мекен бе, болмаса жай үғым-елес пе? Бұл сұраққа жауап беру керек. Бұл ретте көне дәуірде түркілердің ата-мекенінің Алтай-Саян тауларының солтүстік батысында болғаны, б.з.д. 1700 жылдан бастап айналасына билік жүргізген түркілердің бұғінгі таңдағы Қазақстан жерінен Мәуараннахрға дейінгі жерде мекендегені және олардың Жерорта теңіз тайпаларымен байланыс жасағандары жөнінде пікірлер алға тартылуда.

Түркі тарихы бойынша жасаған зерттеулерімен танымал болған Клапрот пен Вамбери секілді түркологтар: «Түркілердің ата-мекені Алтай тауларының төнірегінде», – дейді; ал белгілі түрколог Радлов болса, оның Алтайдың шығысында, яғни бұғінгі Монголияда болғанын тілге тиек етеді және бұл пікірді Рамstedt те қостайды.

В.Бартольд түркілердің ата-мекені Монголияда деп көрсетеді, ал археологиялық зерттеулер бұл аймақтың тіпті батыста екендігі турасында сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда, атақты түрколог Немет ең көне түрік тілі мен урал тобы тілдері арасындағы жақындыққа сүйене отырып, бұл аймақтың Аral көлі маңында екендігін тілге тиек етеді.

Тіл, археология және тарихи зерттеулердің нәтижесінде көне түркілердің ата-мекені батыста Aral көлі маңынан бастап, шығыста Орхон және Тула өзеніне дейінгі аймаққа; солтүстікте Лена өзендерінің төменгі ағыны, Ертіс бойлары, орта Енисей аймағы; онтүстікте Талас-Сырдария жағалауына дейін созылып жатқан жерлер екендігі белгілі болды. Көктүрік әліпбіл алғаш қолданылған аймақтың Енисей жағалауында болуы да осы пікірді қуаттайды. Кейінрек олардың мекендеген аймағы кеңейіп, Орхон жағалауы мен Өтүкен таулары өлкелерін де қамтыған. Өтүкен тауының түркі халықтарының ата қонысы болғанын және олар үшін қасиетті мекен саналғанын да естен шығармау керек.

Еуразия территориясында жасалған археологиялық қазбалар түркілердің ата-мекені туралы жаңа пікірлерді жарыққа шығарады. Өйткені, түркілер мекендеген территорияларда бұғінге дейін жүргізілген археологиялық зерттеулердің саны шектеулі еді. Қолда бар археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, б.з.д. 3000 жылдан бастап б.з.д. 1700 жылдарға дейінгі аралықта Алтай және Саян

## **С.Әбушәріпұлы. Орталық Азия мәдениетінің негіздері.**

---

тауларының орталық болып, онда Афанасьев мәдениеті дамыған. Б.з.д. 1700-ден бастап б.з.д. 1200 жылдарына дейін жалғасын тапқан Андronов мәдениеті Тәңірі таулары, Жетісу, Ертіс, Жайық өзендерінің жағалауларына дейін тараған. Б.з.д. 1200-ден б.з.д. 700 жылға дейін жалғасып келген Қарасук мәдениеті Енисей жағалары, Тува, Абакан далалары мен Байкал көліне дейін жеткен. Б.з.д. 700 жылдан бастап, Минусинск және Абакан өлкесінен Алтайға дейін созылып жатқан аймақта Тагар мәдениеті, Алтайдың онтүстік шығысында бой көтерген Пазырық мәдениеті ғұндар дәуіріне дейін жалғасқан.

Түркілер ата-мекенінің батыста болғандығы жөнінде бірсызыра болжамдар жасалған. Бірақ этруск, шумер және сақтармен байланысты зерттеулер әлі де болса жеткілікті деңгейде жүргізілмегендіктен, түркілердің ата-мекені жөніндегі пайымдауларымызды жоғарыда айтылған пікірлермен шектеуге тұра келеді.

Арғы қазақ мемлекеттілігінің тарихын осынау мекендерден іздеген жөн. Н.Назарбаев айтқандай, Түркістан – қазақ халқының үлттық мемлекеттілігін дүниеге әкелген алтын бесік. Бірақ, оның тұптамыры тым әріде, мыңдаған жылдық тарих қойнауында жатыр. Қазіргі қазақ этносының оның мемлекеттілігінің көне замандарда құрылған түркі мемлекеттермен сабактастыры жөнінде әңгімелеге болады. Бұл жәйт салиқалы да, салмақты зерттеуді қажетсінеді.

Енді қазақ мемлекеттілігін танып-білудің кейір әдіснамалық тармақтарына қысқаша тоқтала кетеміз.

Қоғамдық үйымдасудың белгілі бір кезеңдегі түрлерінің бірі – мемлекет. Ол қоғамдық өмірдің ең күрделі жақтарын белгілі бір жүйеге біріктіреді. Мемлекеттің пайда болуы қоғамдық жоспарлау, мәжбүрлеу, реттеу, бөлініс және т.б. бастауларын қоғамдау қажеттілігінен туындаған.

Мемлекеттілікті ол құрылған жермен, хронологиялық өлшемдермен, оны құрушы этностар, билеушілер және қаһарман-қолбасшылардың есімдерімен, этностиқ-мәдени белгілермен етene байланыстыра қарастырған жөн. Және мемлекеттіліктің болмысы сыртқы шекаралардың болуымен де, оның басқа елдермен елшілік қатынас орнатумен анықталса керек. Бұл ретте регионның жетекші экономикалық-мәдени орталығын анықтаудың маңызы зор. Әрине, мұнда миграциялық процестердің әсерін жоққа шығаруға болмас. Бұл факторлар ежелгі түріктердің мемлекеттілік құрылымынан толық көрінген. Қазақтардың арғы ата-бабалары болмыши түркілердің өмір сүрген территориясының жерінде отырықшы және көшпелі тұрмыс

кешіп, егіншілік пен мал шаруашылығын да дамытқан. Қоныстар мен қалалар салған. Сондай-ақ, олардың өзіндік қолөнер кәсібі де болған. Әсіресе, діни сенімдердің мемлекеттік пайда болуымен орныққандығы белгілі.

Мемлекет өнірінде бір немесе бірнеше тілде сөйлескен тұрғындардың тілдері мен мәдениетіне қарап мемлекеттіліктің сипатын анықтауға болады. Әрине, этникалық топтардың атаулары маңызға ие, бірақ ол жергілікті сипат алуды немесе жиынтық, жалпытайпалық, мемлекеттік атауларға айналуды мүмкін. Кей-кейде ұзақ замандарда өмір сүрген тайпалық одактар шекаралары нақты болмай, тез-тез өзгеріске ұшырап тұрған. Сондай-ақ, кейбір замандарда түркі бірлестіктердегі мемлекеттік институттардың жетілмей қалғандығы белгілі. Сонымен бірге біртұтас мәдениетке, территориясы бар, орталықтанған өкіметі құрылған ортағасырлық мемлекеттің барлық белгілерін түрік қағанаттарынан көруге болады. Оның дәлелі ретінде түрік елшілерінің Византияға аттануын атар едік. Мұнда келісім-шарттар түрік қағанатының атынан жасалынған.

Ежелгі түркілердің дүниетанымдық жүйесінде мемлекет мәселесі әр қашанда маңызды орын алған. Оған халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін күш ретінде қараған. Түркілердің пікірінше, мемлекеттің құлауы немесе ыдырауы – үлкен апатты жағдай, түркі халқы күшті мемлекет құра алғандағанда қалыпты өмір сүре алады деп білген. Мемлекетті құру және оның бүтіндігін сақтау идеясы ресми идеологияның негізін құраған.

В.Б.Бартольд Афрасиабты мистикалық Тұранның иесі (владыка) емес, түркі тайпаларының қолбасшысы деп білген (Бартольд В.В. Соч. – М.; «Наука», 1966. – Т.П. – ч.1.– С.661). Табаридің жазуынша, Афрасиабтың үш ұлы болған (Тудж, Салм, Ирдж). Тудж–«ас-син» (қытайлар) хазар және түркілер жерлеріне ие болды (Ахунов А.М. Этноним «ас-сакалиба» в трактате «Ta'riх arrusul va-l-muluk арабского историка ат-Табари») [18]. Афрасиаб өкіметінің материалдары нашар зерттелгендіктен, ол Тұранның көптеген региондарындағы мемлекеттіліктің қалыптасу үдерісін зерттеудің үлгісі бола алмай келеді. Ең алдымен мұның сақ-массагеттерге (скифтерге) қатысы бар. Скифтер мемлекеттілігінің негізін Орта азиядағы Кіші Азияға барған көшпелілер құраған (б.з.д. VII ғ.). Демек, скиф мемлекеттілігінің пайда болуды миграциялық процестермен, көшпелі, жартылай көшпелі тайпалардың үлкен қашықтықта көшіп журуіне байланысты. Демек, көшпелілердің хандығы, қазақ хандығы

## **С.Әбушәріпұлы. Орталық Азия өркениетінің негіздері.**

---

түрік қағанаттарының, бірлестіктерінің мұрагері болып табылады. Қазіргі қазақ халқының этникалық негізін түрік қағанаттарының Алтын (Ақ, Көк) Орданың түркілері құраған. Әрине, алғашқы этникалық субстрат О.Смағұловтың жазуынша, қола дәуірі мен Сақтар заманындағы европеоидтық пішіндес тұрғындар. Бұлар қазақ халқының 30% құрайды, ал қалған 70%-і монголоидтік нәсілдік элементтердің үлесінде. Қазақтардың этногенезінде Алтын Ордаға дейінгі замандардағы қимақ-қыпшақ, қарлук, қаңлы, үйсін және т.б. этникалық компоненттер үстем болған. Олардың қазақтарға этномәдени және этносаяси ықпалының әжептөүір болғандығы белгілі. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдерде біз қазақ халқының төл мемлекеттілігі тарихы жөнінде емес, оның алғы тарихы жөнінде сөз қозғауға болады деп білеміз. Сондықтан, қазақ халқының этногенезі мен этно-саяси тарихының бастапқы кезеңдерін анықтау қажеттілігі туындаиды. Яғни ол қайсы кезеңдер болуы мүмкін деген сұрақтың жауабын беру керек.

Скифтерге дейінгі я болмаса скифтік (сақтық) немесе хундық, әрі қарай үйсін-қаңлылық және кумандық-эфталиттік, әрине ашиналық-түркілік кезеңдерді өзара байланысқан көптеген жүзжылдықтар бөліп жатыр. Біздің пікірімізше, осынау кезеңдер кешенінен түрік атты супер этностиң бір бөлігі болып табылатын қазақтың болмысының іздерін табуға болады.

Европада қалыптасқан тарихты ежелгі, ортағасырлық кезеңдер және жаңа заман деп дәуірлеу дәстүрі европа континентінде мекендейген халықтың даму тәжірибесіне тұра келетін шығар. Ал, көшпелілердің мемлекеттік құрылымдарына бұл бөлу шартын қолдана қою қалай болар еken? Кейбір авторлар көне түркі тарихын ең көне, көне, отағасырлық кезеңдер және жаңа заман деп қарастыру мақсатқа сай болмақ деп біледі.

Ал, басқа бір зерттеушілер тобы түркілерде феодализмнің бастапқы кезеңінде көшпелі ру-тайпалық қатынастардың басым болғандығын жазады [19, 15-17]. Олардағы материалдық-рухани мәдениеттің даму деңгейі барлық параметрлер бойынша құлдық қоғамдағыдан өлдекайда төмен болған. Зерттеушілердің бұл тобы дүниежүзілік практикада феодалдық қоғамның өлшемін жер өндөумен, отырышы тұрмыспен байланыстыра қарастырады. Біздіңше, түркілер тарихында қоғамдық қатынастар дамуының ерекшеліктерін гео-саяси және табиғи жағдайлар негізінде түсіндіру нәтижелі іс болмақ. Әрине, қағанаттардағы феодалдық қатынастардың генезисі, жерді

пайдаланудың ерекшеліктері, діннің мемлекеттік идеологияны орнықтыруға бағытталуы халықтың тұрмыс салты мен дүниетанымына әсер етпей қоймайды. Осының бәрі көшпелі түркілер өркениеті әволюциясының кезеңдерін анықтауды қыындана түседі. Және де зерттеушілер түркілердің тұрмыс-салтын отырықшы-егіншілік шаруашылықтан ажыратып алып қарастырудың нәтижесінде скифтер түгіл хундарды да түркілерге жатқызуға бейілдік танытар емес. Бұндай болған жағдайда мемлекеттілігіздің арғы хронологиясы ауада қалықтап қалады да тұрады. Алайда мемлекеттің халқы оның материалдық-рухани мәдениеті мен қоғамдық қатынастарының мұрагері болып табылады емес пе? Олай болса қазақ халқы – Қазақстан территориясында және оған жапсарлас жерлерде өмір сүрген барша мемлекеттің ізбасары деп айтуға болады. Дегенмен де қазақ халқы мемлекеттілігі тарихының алғашқы кезеңдерінің географиялық шекараларының зерттелуі әлі күнге дейін көнілге қонымды да қомакты емес, тіпті мардымсыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұлдыз // 1997, № 3. – б. 184.
2. Все тюрки встретились на Алтае //Дала мен қала, 29 тамыз, 2013 ж. – С. 8.
3. Новоженов В.А. Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии. - М.:Таус, 2012.-50 с. и т.д.
4. History of Civilizations of Central Asia, Vol. II: The Development of Sedentary and Nomadic Civilizations: 700 B.C. to A.D. 250 Hardcover – August 1, 1994 by Janos Harmatta (Editor), B.N.Puri (Editor), & 1 moreBe the first to review this item.
5. Источники информации: <http://www.gumilev-center.kg/kochevaya-civilizaciya/> [www.stanradar.com/.../5383-istorija-kochevoj-.24 Eki 2013](http://www.stanradar.com/.../5383-istorija-kochevoj-.24 Eki 2013)
6. Балдано М. Н., Бураева О. В. Отзыв на конференцию: «Проблемы истории и культуры кочевых цивилизаций Центральной Азии» // Отечественная история. 2001. № 6. - С. 196-198 және т.б.
7. Абетеков А.К. Археологические памятники кочевых племен в западной части Чуйской долины // Древняя и ранняя средневековая культура Киргизстана. – Фрунзе, 1967; және т.б.
8. Саханова К. Б. Кочевой хозяйственный тип в Казахстане. Вестник КазГУ. Серия экономическая. Алматы, 1998, №9; Кычанов Е.И. Кочевые государства от гуннов до маньчжуроев. -М.: “Восточная литература” РАН, 1997, с. 283-286.
9. Kafesoğlu I. Türk milli kultürü. Boğazici yayınları.- Istanbul, 1993.- s. 42.
10. Darmstetter J. Le Zend – Avesta, III.- Paris, 1883. - p.- 161.
11. Togan Z.V. Umumi Türk Tarihine giriş. 3 Baskı.- Istanbul, 1991.cild I.- S . 37.; De Groot. Die Hunnen der vorchristlichen Zeit. I, Berlin–Leipzig, 1921.;
12. Eberhard W. Çin Tarihi.- Ankara. - 1947.- s.137. 176.

### **С.Әбүшәріпұлы. Орталық Азия өркениетінің негіздері.**

---

13. Қашқарі М. *Tүбі бір түрлік тілі* («Диуани лугат ат-турк»). –Алматы: Ана тілі, 1993, 20-б.: Кошғарий М. *Девону лугот-ит түрк*. Уч томлик. –Тошкент, 1974. –Т. III. - 422–6.
14. Eşref Bengi Özbilen. *Kavim adı olarak türk*. – Türk Dünyası araştırmaları. Nisan, 1995, № 95, С. 57.
15. Koppers W. *İlk Türkliik ve ilk Indo-Germenlik*. // *Belleten*, sayı 20, 1941, V, - s. 523.:
16. Новоженов В.А. *Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии*.- М.:Таус,2012.-500 с. және т.б.
17. N. Nazarbayev. *In the Heart of Eurasia*. – Almaty: Atamura, 2005-р. 192.
18. Ибрагимов С.К. *Еще раз о термине «казах»*. – Труды института истории, археологии, этнографии АН Казахской ССР, т.8, А., 1960.
19. Ахмедов Б.А. *Государство кочевых узбеков*. М., 1965, 15-17-66.

---

---

## ТҰЛҒА

---

А.З.ВАЛИДИ ТОҒАН

### ЕСТЕЛІКТЕР

#### АЛЫС ЕЛДЕРГЕ ОҚУҒА ЖОЛ ЖҮРҮ ТУРАЛЫ ОЙДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Түрік Фарыф-бейдің, бір американдық азаматтың,  
Мұрат Рәмзидің  
және араб философи Маарридің ықпал етуі

Немере ағам Хабиб-назардың менің оқуыма айрықша назар аударуы, мені жеке қадағалап сабак беруінің арқасында 18 жасқа келгенімде бірдемелерді үйреніп алуға қол жеткіздім. Ол – ислам тарихы негізін қалаған ибн әл-Асирдің еңбектерін басынан ақырына дейін қарастырған ғалым. Немере ағам оның шығармаларының бөліктерін түрік тіліне аударып, тіпті жариялаған еді. Ол Түркия тарихына арнап жазған Джевдет-пашаның еңбегін дерлік жатқа білген. Бір сөзben айтқанда, ол – бәрінен бұрын тарихты беріле сүйген адам. 1877 жылғы орыс-түрік соғысының оқиғаларын егжей-тегжейлі білген, бұл соғыс туралы жазылған Грязновтың кітабын тауып алғып, мені оны оқуға және башқұрт тіліне аударуға міндеттеген, түрік Махмұт Фарыф-бейдің бұл соғыс туралы жазған «Бастан өткізгенім» атты естеліктерін бірнеше рет оқып шыққан.

Барша орыстардың Харбин түбінде жапондардан жеңіліс тапқанынан хабардар болып және айрықша сезімге бөленген кезде бұл еңбекпен мен де танысқан болатынмын. Осынау естеліктердің сонында бір американдықтың Египеттегі Хидауи Тауфик-пашага жазған хаты басылған еді. Онда: «Қалайша сіздер, жеті-сегіз миллион адам екі-үш мың ағылшынның қорлығы мен мазағына, қанауына төзіп отырындар? Сіздерде намыс дегениң нышаны да жоқ. Сіздер өздерінің киімін өздері кие алмайтын нақұрыс сияқтысыздар» деген сөздер орын алған. Бұл сөздерді мен Ресейдегі мұсылмандар қауымының жағдайына толығымен сәйкес келетін шындық деп білдім. Бір жағынан жоғарыда есімі тілге алынған Ядринцевтің шығармасының, екінші жағынан Махмұт Фарыф-бей кітабының менің санама еткен әсері өте күшті болды. Мұрат Рәмзи есімді біздің өлкенің ғалымы Хиджазда тұратын. Бұл адаммен менің әкем және немере ағам

достасқан-ды. Көктемгі күндердің бірінде ол біздің үйге қонаққа келді. Бұл ғалым – Қазан түріктері мен Ресей мұсылмандарының тарихына бағыштап араб тілінде жазылған екі томдық еңбектің авторы. Басылып шыққанға дейін-ақ оның кейбір бөлімдерін немере ағам Хабибназар оқыған еді. Ол кітап 1907–1908 жылдары Орынборда басылып шықты. Сол жылы әкем қажылыққа сапар шекті. Және өзінің медресесін 17-ге толмасам да маған және бір халфеге сеніп тапсырып кетті. Сол қыстың күндері 300 беттен тұратын Мұрат Рәмзидің кітабын оқып, оның мазмұнын ең алғыр шекірттеріме, оның ішінде, әсіресе Ибрагим Қасқынбайға ұқтыруға тырыстым. Онда түріктердің өткені мен ұзақ тарихының мазмұны айрықша бір мақтаныш сезіммен ашылып, ал орыстардың көрсеткен қорлығы мен мазағы сондай ашу-ызамен бейнелене жазылған екен.

Әкемнің медресесінің бір бұрышынан «Халық кітапханасын» ашуға ниеттендім. Оны кітаптармен толтыру мақсатында және газеттер жаздырып алу үшін ақша жинадым. Олардың кейбіреулеріне арнап шағын мақала жазып жібергендіктен, оларды төлем ақысыз алғып тұрдым. Ондай басылымдардың ішінде – Петербургте шығатын «Улфат» газеті, араб тілінде шығатын «Ат-Тальмиз» газеті бар еді. Қазаннан – «Баян-ул-Хақ» және «Юлдуз», Орынбордан – «Бақыт», Астраханнан – «Идель», Бакуден – «Иршад» және «Фаузат» журналы сияқты басылымдарды алғып тұрдым. Әкем Қырымнан шығатын «Тарджиман» газетін көптен бері жаздырып алғып тұратын еді. Орыс тіліндегі «Биржевые ведомости» газеті және «Нива» журналы да келіп тұратын. Ауылда оларды мен және менің немере ағам Галикирар-молда оқитын еді. Ол көп жылдар бойы қазақтардың арасында болып, олардың балаларын оқытқан, сондықтан оның сөйлеу мәнері мен тіліне қазақ тілінің әсер еткендігі анық білініп тұрды. Ол менің қазақ әдебиетіне деген қызығушылығымды арттыруды. Нақ оның ықпал етуімен мен Қазанда қазақ тілінде шығатын барлық газеттер мен журналдарды жаздырып алғып тұрдым. Қазақтармен бұрынғы уақыттан бергі тарихи туыстық оның жадында сақталғандықтан, оларға деген ізгі сезімін жоғалтпаған-ды. Қазақтардың ішінде өмір сүрмелендігіне қарамастан оның қазақтардың арасында Нұрфайыз-хаджы (қажы) және Найза-бай секілді жақын достары болатын.

Біздің кітапханаға кітаптардың түсіп тұруы үшін Орскідегі «Шарқ» атты кітап дүкенімен және Ташкенттегі «Орта Азия» дүкенімен байланыс орнатылды. Орскідегі кітап дүкенінің қожайыны Ахмет Исхаки зиялы адам болатын. Оның әкесі Исхақ-хазірет әкемнің

досы саналатын. Ол Түркияда оқыған болуы керек. Түркия мен Мысырда исламтану бойынша баспадан шыққан заманауи басылымдарды өкеліп, сатып, таратып жүретін. Бұл адамның маған көп көмегі тиді. Ол осынау кітаптардың толық каталогтарын да жариялаған. Оның жәрдемінің арқасында Стамбулдағы «Малумат» журналы менің қолыма тиді. Ташкенттен жіберілген кітаптардың арасында орыстарға қарсы соғысқан қазақ Кенесары мен оның ұлы Сыддық Сұлтанның өміrbаянының аудармасы, сондай-ақ ауған өмірі Абдурахманнның естеліктері, генерал Куропаткиннің Қашқарияға жасаған саяхаты туралы мақаласы да бар еді. Біздің қолымызда Абдурахман-хан естеліктерінің парсы тіліндегі тұпнұсқасы және оның орыс тіліндегі тәржімесі де бар болатын. Яқуб-бектің құзырында Куропаткин Ресей елшісі қызметін атқарғандықтан, ал оның қасында ақсүйек башқұрт отбасынан шыққан бізге таныс офицер Сүйерғұлов болғандықтан, оның кітабы маған аса қызықты болып көрінді. Одан Сүйерғұловтың өз жазбалары орын алған. Осы себепті мен Қашқарияның тарихы мен қазіргі жағдайын қарастыра бастадым. Абдурахман-ханнның естеліктеріне келсек, оларда Орта Азия халықтарының тәуелсіздік үшін жүргізген құресі жанды бейнеленген. Бұдан тысқары бұл шығарманың орыс және парсы тілдерінде жазылған нұсқаларын салыстырып оқу бұл тілдердің екеуін де жақсырақ мемгеруіме жәрдемдесті. Қазанда басылған «Кенесары» мен «Наурыз-бай» дастандарынан менің хабарым бар еді. Мұрат Рәмзи өзінің тарихи кітабына Кенесарының ұлы Сыддық Сұлтанның халық жадында сақталып қалған айтулы өмірі жөніндегі дастанның сюжетін енгізген. Әңгіме мынада еді: Мұрат Рәмзи көп жылдар бойы Сыддық Сұлтан мен оның інісі Ахмет Сұлтанның үйлерінде мұғалімдік қызмет атқарған және өзінің кітабында жоғарыда тілге алынған оқиғалар туралы асқақ сарынмен әңгімелейді. Біздің үйге қонаққа келген Мұрат әпендей солар туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп отыратын. Кенесары мен Сыддық қазақ халқының ұлттық азаттығы үшін құрескен ер жүрек жандар еді. Жоғарыда есімі тілге алынған менің немере ағам Галикиррар-молда да осынау жолбасшының ерлігі мадақталған өлең-жырларды менің санама сіңіруге тырысып бақты. Мысалы, мына өлеңі әлі күнгө дейін есімде сақталып қалған:

«Біздер жауға жан-жақтан «Абылай, Абылай!» (яғни, құдіретті Абылай ханнның аруағы қолдасын) деп үрандатып, жан-жақтан боранды дауылдай дүшпандарға лап қойып, оларды қоршауға алып, қирататынбыз.

Егер сенің жан-жүргегінде Тәңірі болмаса, сен шатшадымандықты қайдан іздел табасың.

Егер де сенің еліңің азаттығы болмаса, сенің өмірінде қандай мән бар және сен қандай қуанышқа кенелерсің?»

Немере ағам бұл өлең жолдарын оқып қана қоймай, менің оларды жаттан алудымды талап ететін-ді.

«Халық кітапханасы» тарапынан алынған кітаптар арасында Петербургте баспадан шықкан Хиуа ханы Өбілғазының «Түрік шежіресі» атты кітабын көруге болады. Абдурахман-ханның естеліктерін Бұхарадағы оқуын тауысып келген ауылдың имамы Сайран Бекболат және әкемнің көмекшісі Кашиф-хазірет және т.б. үзбей оқитын еді. Түріктердің орыстар зорлық-зомбылығы мен қанауынан құтылу қажеттілігі жөніндегі ой-пікірді біздің санамызға Мұрат Рәмзи мен Кенесарының сіңіргені сияқты, Фарыф-бей мен Ауғанстан өмірі Абдурахман адамзат проблемаларының ішінде біздің халқымыздың проблемасы да бар дегенді үғынуымызға септесті. Дұрысырағы, дайыннады. Әмір Абдурахман-хан дәүіріміздің көрнекті тұлғасы еді, оның басқалай пікірлері мен сөздері жан дауасы болып көрінді, бізді күрес жолындағы істерге қайраттандырды. Ағылшындар Ауғанстаның істеріне араласа бастағаннан соң, бұл хан Иран арқылы Хиуага жол тартты. Хиуа ханы, сонда тұрған билер мен тұрғындар бұл ханның жүргегінде жақсы әсер қалдырыпты. Содан соң ол Бұхарага келгенде, ондағы әмір де, адамдары да Абдурахман-ханға үнай қоймапты. Ағылшындар мен Самарқантты басып алған орыстарға қарсы одақтастарды іздел табу мақсатымен ол бұл қалаға да келген еді. Басында орыстар оған жылы қабақ танытады. Бірақ та оның Түркістан тәуелсіздігін жақтаған қазақ сұлтаны Сыддық-төре мен Кенегестік өзбек руынан шыққан Яуренбек-бейге оң көзben қарайтындығын байқағаннан соң келіссөздерді жүргізуіді жалғастыра беру керек деген желеумен оны нақ тұн ортасында Ташкентке шығарып салады. Орыстардан ешқандай жақсылық құтуге болмайтынын түсінгеннен кейін ол олардың жәрдемінсіз-ақ жалғыз өзі әрекет етуге бел байлап, Отанына оралуға шешім қабылдайды. Қайтар жолда орыстарды байқамаған сыңай танытып, өзінің еліне қарай кері Хисар және Бадахшан жолдарына түсіп Мача таулары арқылы, жергілікті өзбек рулады, Қатағандықтардың көмегіне сүйене отырып ағылшындардан Балх, содан соң Қабулды азат етеді. Сонымен ел бүкіл Ауғанстаның дербестігін қалпына келтіреді. Терен ойлы және жан-жақты білімді

адам болғандықтан, ол өз елінде фабрикалардың кейбір типтерін ұйымдастырып, баспа орындарын ашып, Европа үлгісіндегі әскери форманы да енгізеді. Алдын-ала болжағыштық, дарындылығының арқасында ол басқа мемлекеттермен байыпты саясат негізінде өзара қатынастар орнатты. Соナン соң өзін ағылшындардың дүшпаны ретінде танытқан Абдурахман Ресейге келеді, бірақ Ресейдің де өз территориясын Азия халықтарын жұтып жіберудің есебінен кеңейту сияқты экспансиялық саясатын ұстанғандығын түсінеді. Ерте ме, кеш пе Ресей бұл халықтардың өшпендейтілігін күштейтерін, державаға айналатынын, уақыт өтісімен Азия халықтары мұны жете түсінетіндігін айқын сезінді. Отаршыл Англияның саясатын терістей отырып, ол Азия халықтарының тәуелсіздігі мен азаттығына қол жеткізу үшін Ресейлік емес, Еуропа елдерімен бірге керек деп білді. Сейтіп, ол Ресейде ағылшындардың дүшпаны ретінде көрініп, Ресейден бұл елдің дүшпаны ретінде аттанып кеткен.

Бірінші Орыс революциясынан соң немере ағам мен әкем Мұстафа Кемелдің Египетте шығып жатқан газетін оқып, аяр және жауыз халық деп ағылшындарға оң қабақ танытпаған еді. Бұл мағынада немере ағам Абдурахман-ханның ағылшындардың жүргізіп отырған саясатына қатысты сынни көзқарастарын құптарап отырды. Олар үкілі үмітін Жапониямен байланыстыруды.

Немере ағам мен әкем түрктердің және Азияның басқа халықтарының өз жолымен жүргенін қалады. Мұнда Жапония императоры тарапынан 1907 ж. дінге жоғары баға беруі, оның исламға деген оң көзқарасын білдіруі және Жапонияға Түркияның өз делегациясын жіберуі рөл ойнады.

Әкем менің Пушкин мен Ядринцевті көп оқытындығыма наразы болды. Сонымен бірге Пугачев көтерілісіне бағысталған Пушкиннің шығармаларын және Ядринцев кітабының Алтай халықтары мен қазақтардың атына жылы лебізін білдіре жазған тұстарын аударып беруімді өтінді. Өйткені Пушкиннің шығармаларынан башқұрттарға жанашырық танытқан сөздер орын алған еді. Әкем Ресейде Ядринцевке үқсаған жандар, ал ағылшындар арасында Ауғанстан мен Египеттің мұдделерін қолдайтын адамдар болса, мұның өзі бізге ізгілік жағынан қызмет етер еді деп ойлады. Ол Фазалиден алынған мынадай мақалды есіне алғып отырды: «Рақымсыз жәбірлеуші және зорлықшылдың баласы қыын жағдайға тап болып, қатты жыласа, ол езілгендер тарапынан қолдау табады». Сонымен бірге ол Ядринцевке дұға батасын жолдады.

Халық кітапханасына түскен шығармалар, 1906–1908 жылдары он алты жасымда немере ағам және әкеммен болған сұхбаттар менің дүниеге деген жаңа көзқарастарымның негізін қалыптастырды. Мұның бәрі өз білімдерінді орыс тілі жәрдемімен байытуға бағыттады. Мен ислам бойынша тарихи деректерден алынған мәліметтерді орыс деректеріндегі мәліметтермен салыстырып қарастыру мақсатында мұғалімдік мектепке түсуге шешім қабылдадым. Бұл құлшынысымды ең алдымен Мұрат Рәмзи тудырган-тын. Ол өзінің шығармасының кейбір бөліктерін немере ағама және әкеме кітап жарық көрместен бұрын бергені туралы жоғарыда айтқан едім. Ол орыс авторларының шығармаларын, әсіресе Соловьевтің тарихи еңбектерін окуға кенес берді. Ол әсіресе Ядринцевтің еңбектерін қатты ұннattы.

Сол қыстың күні (1907–1908) әкемнің медресесіндегі шәкірттерге мен тағы да араб тілін үйрену тұрғысынан дәріс бере бастадым және Мұхаммед пайғамбардың өміріне арнап жазылған «Нұр әл-якин» шығармасы бойынша түсініктемелер бердім. Менің араб әдебиетіне қызығушылығым, дәллірек айтқанда, оған деген шексіз маҳаббатым орыс тілін толықтай меңгеруіме мүмкіндік берmedі. Бұл маҳаббатымның күшеюіне немере ағамның және Мұса Яруллахтың шығармаларын оқуымның ықпалы айтартықтай болды. Сол жылдары араб шайыры және ойшылы Абу’л Ала әл-Маарридің «Әл-Лузумият» (Міндет еместің міндеттілігі) атты еңбегін талдай отырып, оның философиялық көзқарастарын терең зерделейді. Мен бұл еңбекті араб әдебиетінің үлгісі ретінде қабылдадым, ондағы дін және сенім туралы ой-пікірлері мені қатты қызықтырыды. Бірақ та Мұса Яруллахтың бұл шығармасы о кезде тек «Д» әрпіне дейінгі бөліктерді ғана қамти басылған еді. Ахмет Исхакидің көмегімен бұл кітаптың Индияда литографтық әдіспен басылған бір нұсқасын жаздырып алдым. Онда әр беттің шетінде түсініктемелер берілген. Түсініктемелердің кейбір тұстарын толықтай түсіне алмай дал болуым араб тілін тереңірек білуге деген құштарлығымды одан сайын күшетті. Маарридің «Ақиқат пен қазыналар бекем жасырылған сайын оларды іздеп табуға және олардың асыл ой-мағынасын түсінуге деген ұмтылышым барынша күшіе түседі» деген жолдар менің алдыңда тұрған қыншылғытарды женуге деген талпынысымды қатты ынталандырыды.

Дін саласында оның «Әрбір дінде біздер табынатын жалған ережелер мен қағидалар аз емес. Шынын айтқанда, бәрі мынаған саяды: шындықтың мән-мағынасы ашылғаннан соң оны өз халқына жеткізе аласың ба» деген ойлары мені таң-тамаша қалдырыды.

**Егер тұган жерімнен кетіп,  
алыс елдерге оқуға сапарға шықсам,  
қайда барамын  
және иенің жолын қуамын?**

Кейінректе Нью-Йорктегі имам болған және 1956 ж. о дүниелік болп кеткен Нияз Мақсудов ол кезде Бейруттағы американдық колledgeде оқыған еді. Ол мені сол жаққа шақырды. Мен, егер Ресейден кетіп Бейрутқа баратын болсам, біріншіден, араб тілі мен әдебиетінің бүге-шігесіне дейін біліп алуға қол жеткіземін, екіншіден, ағылшын тілін менгеріп аламын деп ойладым. Қажылықтан қайтқан әкем араб елдері мен Стамбулдан маған көптеген кітаптарды өзімен бірге әкеlei табыстады. Көктемде мен әрі қарай Кузенде және Утякта қала алмайтындығымды түсініп, бір жаққа кетіп оқуымды кең мелшерде жалғастыруды жоспарлай отырып, үзілді-кесілді шешім қабылдадым. Әкем болса мені деревнядағы біздің мешітіміздің имамы, сонымен бірге медресенің мұғалімі ретінде көргісі келетінін айтты. Оның ойынша, менің өз халқыма тек имам болып қызмет атқарғанда ғана пайдам тиеді-міс және де орыс тілін білетіндіктен уездік, содан соң губерниялық көлемдегі земствоның мүшесі болып, қоғамның саяси өміріне де батыса алатындығымды айтты. Тіпті Ресей Думасының мүшесі де болып кетуім ғажап емес деді. Сондықтан ол мені үйлендіруге асықпады. Соған қарамастан әкемнің досы Шығыс Оралдық Якшымбетов Қажымахмұттың қызы – Нафисамен некеміз баяғыда-ақ қызылып қойылған еді. Дегенмен де кейінректе әке-шешем мені қатай руынан шыққан бай-бақуатты башқұрт Абдурахманың қызына үйлендіруге ниеттенді. Ол қызды өте сұлу, сирек кездесетін жан деп естігенім болмаса, жұзбе-жұз кездесіп көрген емеспін. Бұл ретте олар тіпті бір-біріне тиісті сый-сияпат жасап үлгөргенге үқсайды. Бұл мәселеде ата-анама Мырзакай деревнясының имамы әкемнің жақын досы Сабыр – хазіреттің сөзі өтімді болған сыңайлы. Алайда ата-анам менің келісімімсіз үйлендіруді қош көрмейтін-ді. Анамның сөздеріне қарағанда, олар менің оқуымды басқа жақта жалғастыруға ниеттенгенімді түсінген сыңайлы. Бұл шешімім тұрғысында апам, Нұрмұхаммет және Фазиз тілекtestігін білдірді. Көктемде мен Утяктан қайтқанымда біздің үйге әкемнің досы, Мемлекеттік Думаның мүшесі Шахшериф Метинов келді. Әкемнің көз алдында ол менің әрі қарай орыс тілін жетілдіруімді құптағын және келешек тұрғысынан медреседегі мұғалімдік қызметтен ештеңе де шықпайды деді. Орыс

тілін жетік менгерген бұл қайраткер бізге келгенде өзімен бірге профессор Грушевскийдің Украинаның дербестігі үшін өрістеген қозғалысқа бағышталған шығармасы және профессор Максим Ковалевскийдің ұлттардың құқықтарының проблемалары жөніндегі еңбектерін маған сыйға тартты. Мұнымен ол мені саяси іс-қызмет саласына тартпақшы болған еді.

Мамырда мен Алагуянбашыдағы Ибраһимге бардым. Бір күні қарағайға сүйеніп тұрып, әңгіме-дүкен құрдық, оған Нияз Мақсудидің мені Бейрутқа шақырғандығын, земство дәрігері Зейнеп Абрахманова Мен Шахшериф Метиновтың Ресей жеріндегі университетте білім алуды жөнінде кеңес бергендердің айттым. Ибраһим орыс қоғамының ортасына түссем одан алыстанап кететінімнен қауіптеніп, Қажымахмұттың қызына тезірек үйленуім керек екендігін, бұл жөнінде әкемді көндіре алатындығын айтты. Бұл кезде Ибраһимнің көліншегі Ақкелін башқұрттың құртын дайындал жатқан еді. Кенеттен ол: «Оқығысы келген адамға кедергі келтірудің жөні жоқ», – деді. Бұған жауап ретінде мен: «Сенің аузыңа Алланың өзі алдындағымды болжап осы сөзді салды ғой», – деп айқайлап жібердім. Егер де апам, Ибраһим, Нұрмұхаммет және Фазиз үйлену мәселесінде айтқандарына көндіруге тырысқанда, ал апам менің үйден кетуіме үзілді-кесілді қарсы болғанында мен тағдырдың салғанына көнер едім ғой. Әкем талай рет маған ренішін білдірген еді, бірақ та мен анамның сөзін өте-мөте мұқият тыңдайтын едім және оны ешuaқытта ренжітіп алмауға тырысатынын. Ибраһим әйелінің әңгімеге кенеттен араласуы менің тағдырымда маңызды бетбұрыс жасады. Ибраһим де әкеме ықпал ете алатын және мен маусымның соңына қарай Орынборға жол тартуға іштей шешім қабылдады.

Мен Құзен, Фалиакбар, Алагуянбашы сияқты өзімнің туған ауылдарымды және Ақбік жайлауларымды өте жақсы көретін едім. Бірақ та біздің мәдениетіміз бен тұрмысымыздың артта қалуы біздің барлық өмірімізге жоғарыдан қарауға мәжбүрледі. Тек кейініректе ғана мен орыс жазушылары Толстой мен Аксаковтың башқұрттардың өмірлік философиясын дәріптеушілігінің мән-мағынасын түсінгендей болдым. Осынау қоғамдық топтың зиялышлары мені түрік, араб және парсы мәдениетіне бет бұруыма діттеді, Шығыс пен Батыстың кейір ұлы ойшылдарымен танысуыма мүмкіндік тұғызды және маған адамгершілік пен саяси тұрғыдан идеал берді, оны кейінгі кездерімде өзгерте де, түзете де алуға қажеттілік болмай қалды.

## 1908–1916 ЖЫЛДАР. ФЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТТИҢ БАСТАЛУЫ

### **Орынборға, содан соң – Қазанға**

18-де 26 жасқа дейінгі менің өмірімде үлкен қыншылықтарға тап болдым, оқыдым және оқыттым, ғылыммен айналыстым, сонымен бірге туған Башкортостан мен Қазан, кейінректе Петербург, Бұхара мен Ферғана арасында үздіксіз саяхаттап жүрдім, біртіндеп бұл байтақ кеңістіктең мәдени өмірмен таныстым, 1908 жылдың 29 маусымынан, яғни туған ауылымнан кеткен күннен бастап осындай тұрмыс кешірдім.

Сол күні менің ата-анам қонаққа кеткен болатын, мен сол уақытты пайдаланып, аздаған ақшаны қалтама салып, дорбаға нан, шай, қазы, құртты толтырып, жолға шыққан едім. Әкеме «үйленуді қаламаймын, оқығым келеді» деген мазмұнда қысқаша хат жазып қалдырып кеттім. Хаттың сонында «Ерте үйленген ерекк сынырғыштың ұшына ілінген тышқанға ұқсайды, ол өмірде ештеңеге қолы жетпейді» деген бұрыннан әкеме таныс ежелгі арабтың мақалын жаздым. Мен оның ренжімеуін және маған батасын беруін өтіндім. Өзімнің жоспарларым туралы ауылда немере ағам – Нұрмұхамметтен басқа ешкімге де тіл қатпадым. Онымен бала кезімнен бері ерекше достасып кеткен едім, ұзақ та салқын түндерді бірге өткізген едік. Бірақ оған да қашатын күнді айтпадым. Ол кезде мен Лейлабадар есімді мишарлық қызды сүйіп қалған едім. Ол анамның аскан қабілетті оқушысы еді. Балалық шағымда түрік және парсы тілдерінде жазылған діни, сондай-ақ құлықтылық жөніндегі кітаптарды сол қызбен бірге оқитын едік. Ол су алуға біздің құдыққа келіп жүретін-ді. Үйден шыққанымда қызды кездестіріп қалдым. Оған да ештеңе айтпадым. Менің мақсатымды тек кіші інім Фабдырауф ғана білген еді. Атқа мінгесіп біздер «Тоғыз-қыр» деп аталатын соқпағы да, сүрлеуі де жоқ тау жотасын бойлап жүріп кеттік. Інім мені он шақырым жерге дейін шығарып салуы керек еді. Асыға-үсіге жүріп екеуіміздің де көз жасымыз тыйылмады. Сол кезден бастап менің ұзаққа созылған хикметті, жаңа өмірім басталды. Ибрагим де, Фабдырауф та менің туған ауылымнан кетуге бел байлағанымды үрейлене қабылдады. Әрі қарай жаяу тарттым. Фабдырауф жылап қалды. Ол мен көзден ғайып болғанша артымнан қарап қалды. Жақын ауылдардың бәрінде де таныстарымыз болатын, сондықтан ауылдарға соқпастан жүрдім.

Сайран ауылынан өтіп кеттім, бірақ оның бір тұрғынан тап бола кеттім. Ол жаяу қайда барасың деп сұрады. Жылқыларды іздең жүрмін деп жауап қаттым. Сендердің жылқыларың бұл жерде жайылмайды гой деп таң қалды ол. Мен келген қонақтың атын іздең жүрмін десем де оның күмәні сейілмеді-ау деймін. Онымен қоштасып, әрі қарай жүріп кеттім. Бұл адам әкеме мені көргендігін айтып берсе әкем менің артымнан іздең шығар-ау деп бетімді басқа жаққа бұрдым.

Сол күні христиандар Троицаны (Кіші Пасханы) мерекелеп жатқан еді. Шаршап-шалдыға Верхотор деген орыс ауылына жеттім. Орыстар: «Троицасыз үй салынбайды» деуші еді, бұл күнде қарбалас көп жұмыстар атқарылады. Жұрттың бәрі тойлап жатыр, мен орыс қыздарымен би биледім және есімде қалған «Во саду ли в огороде девушка гуляла» деген орысша өлеңді өуелеттім. Қыздар мені «башқұрт балақай» деп атады және құшақтап сүйді. Егер бұл жағдай әрі қарай жалғасатын болса, түбі жақсы болмас деп ойладым. Сол кезде бір жігіт арақ ішуімді өтінді. Мен ішпеймін десем де ол құйылған арақты менің киіміме шашып жіберді. Мен қорланғанымнан жылап жібердім, өйткені Құранда арақ адамдық күнәшарлықпен теңестірілген. Алайда бұрындары башқұрттың медовухасын татып көрген едім, ал арақтың киімінді арамдауына шыдай алмас едім. Ал қыздар менің көңіл-күйімді түсінбеді, дорбамды алыш қойып, тығып таставды. Мен бұдан әрі басқа діндеғілер арасында жүруіме болмайды, бірденеге ұрынармын деп шештім. Менің жабырқаңқы көңіл-күйімді көрген олар мас күйінде жатқан бақташы башқұрттың қасына жатқызыды. Осының бәрін байқап қалған болуы керек, бақташы: «Олардың тілінде сөйлей аласың ба, олармен билей бермейсің бе, әлбетте, дорбанды ұрлап алыш қояды және қалған арағын саған құяды. – Не, жылай бересің, жат та ұйықта», – деді. Бір кезде қарасам, дорбамды жастығымның астына әкеп салып қойыпты. Азанда күн шықпастан, мен деревнядан кетіп қалдым.

*Аударған – Сайран Ә.*

*(Жалғасы. Басы өткен сандарда)*

## МАЗМУНЫ, CONTENTS

### КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРИ

Бутанаев В.Я. (Абакан)	Новые памятники кыргызской рунической письменности в Хонгорае (Хакасия)	3-8
Butanayev V.Ya. (Abakan)	New Monuments to Qyrgyz Runic Writing in Hongoray (Khakasiya)	

### ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мынбаев Н. (Шымкент)	Об этимологии и семантике этнонима монгол	
Mynbayev N. (Shymkent)	About Etymology and Semantics of Ethnonyms the Mongol	9-17
Кошанова Н. (Түркістан)	Түріктанушы ғалым І.Кенесбаевтың сан есімді тұрақты	
Koshanova N. (Turkistan)	тіркестер туралы көзқарастары	
	Scientific views turkologist I.Kenesbaev's with numerals of	18-25
	phraseology	
Жылқыбай Г. (Түркістан)	Т.Қордабаев еңбектеріндегі түркітапымдық желілер	
Zhylkybai G. (Turkistan)	Turkic problems in T.Kordabayev's works	26-34

### ӘДЕБІЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Еңсегенұлы Т. (Түркістан)	«Махаббатнама» дастанының құпиялары	
Ensegenuly T. (Turkistan)	Secrets of epos "Mahabbatnama"	35-46
Ергебек С. (Түркістан)	Түркі өркениетіндегі алтынордалық кітаби әдебиеттің	
Ergobek S. (Turkistan)	дамуы	
	Development of literature book golden horde period	47-57

### ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Нұсқабаев О. (Түркістан)	Қоныраттар: түпкі ататек тарихнамасы	
Nuskabayev O. (Turkistan)	Konyrats: historiography of relationship	58-79
Салғараұлы К. (Астана)	Мұхитқа жұтылған Му	
Salgarauly K. (Astana)	Mu Under the Ocean	80-98
Ергебек Ш. (Алматы)	Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар	
Ergobek Sh. (Almaty)	Political and legal ideas during Kazakh khanate era	99-106

Хатамова М. (Ташкент) Khatamova M. (Tachkent)	Резиденции Тюркских каганов в Чаче: Джабгукет и Хатункет The Residences of Turkic Khaghans in Chach: Jabghukat and Xatunkat	107-119
--	--	---------

---

#### ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

---

Әбушарипұлы С. (Түркістан) Abusharipuly S. (Turkistan)	Орталық Азия өркениетінің негіздері The basis of the Central Asian's civilization	120-141
---	--	---------

---

#### ТҮЖІФА

---

З.В. Тоган Z.V.Togan	Естеліктер Memoirs	142-151
-------------------------	-----------------------	---------

---

## БАЙЛАНЫС

Түркологияғының мекен-жайы:

Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: [turkologi@mail.ru](mailto:turkologi@mail.ru)

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Онтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы

Тәуекешан даңғылы № 7

Телефон. 8 (72533) 3-21-17

Факс: 8 (72533) 3-31-63

Журналдың электрондық нұсқасын [turkology.iktu.kz](http://turkology.iktu.kz) сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы оффсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.